

ISSN 2411-6076 (Print)  
ISSN 2709-135X (Online)

# TILTANYM

**№2 (98) 2025**

СӘУІР, МАМЫР, МАУСЫМ 2025

АПРЕЛЬ, МАЙ, ИЮНЬ 2025

APRIL, MAY, JUNE 2025

Алматы  
Almaty

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2025. №2 (98).

2001 жылғы сәуірден бері шығады. Бір жылда 4 рет жарық көреді.

*Редакцияның мекенжайы:* 050010, Қазақстан, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28  
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz  
Сайт: <https://www.tiltanym.kz>

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті  
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы  
№ KZ79VPY00044391 куәлік, берілген күні 23.12.2021 ж.

Журнал «Tiltanym» Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, 2025. №2 (98).

Издается с апреля 2001 года. Выходит 4 раза в год.

*Адрес редакции:* 050010, Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz  
Сайт: <https://www.tiltanym.kz>

Свидетельство № KZ79VPY00044391 о переучете периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, дата выдачи 23.12.2021 г.

The Journal “Tiltanym” of the Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics, 2025. №2 (98).

Published since April 2001. Published 4 times a year.

*Postal address:* 050010, Kazakhstan, Almaty, Shevchenko Str., 28.  
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz  
Web-site: <https://www.tiltanym.kz>

Certificate № KZ79VPY00044391 on the re-registration of a periodical, an information agency and an online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan, date of issue 23.12.2021

*Бас редактор:*

**Фазылжанова А.М.** филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

*Жауапты редакторлар:*

**Хабиева А.А.** филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Абаева М.Қ.** филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Бисенғали А.З.** философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

*Техникалық редактор:*

**Байсыдық И.Б.** философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

*Редакциялық кеңес мүшелері:*

**Әмірбекова А.Б.** филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Базарбаева З.М.** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Виллиерс Д.Г.** философия докторы (PhD), профессор, Смит колледжі (АҚШ, Нортгемптон қ.)

**Демир Н.** философия докторы (PhD), профессор, Хаджеттепе университеті (Түркия, Анкара қ.)

**Джусупов М.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті (Өзбекстан, Ташкент қ.)

**Дыбо А.В.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ҰҒА корреспондент-мүшесі, Ресей ғылым академиясының Тіл білімі институты (Ресей, Мәскеу қ.)

**Екер С.** философия докторы (PhD), профессор, Башкент университеті (Түркия, Анкара қ.)

**Есенова Қ.Ө.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

**Ислам А.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

**Карақоч Б.** философия докторы (PhD), профессор, Уппсала университеті (Швеция, Уппсала қ.)

**Күдерінова Қ.Б.** филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Ключуков Х.С.** философия докторы (PhD), профессор, Силезия университеті (Польша, Катовице қ.)

**Ламажаа Ч.К.** философия ғылымдарының докторы, «Туваның жаңа зерттеулері» ғылыми журналы (Ресей, Мәскеу қ.)

**Ли В.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Харбин политехникалық университеті (Қытай, Харбин қ.)

**Мәжітаева Ш.М.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан, Қарағанды қ.)

**Мусаев С.Ж.** филология ғылымдарының докторы, профессор, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан, Бішкек қ.)

**Петрова Т.Е.** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Ресей, Санкт-Петербург қ.)

**Сейітова Ш.Б.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Әлихан Бөкейхан университеті (Қазақстан, Семей қ.)

**Сүлейменова Э.Д.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

**Уәли Н.М.** филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

**Шаймердинова Н.Ғ.** филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.)

*Главный редактор:*

**Фазылжанова А.М.** кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

*Ответственные редакторы:*

**Хабиева А.А.** кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Абаева М.К.** кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Бисенгали А.З.** доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

*Технический редактор:*

**Байсыдык И.Б.** доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

*Члены редакционного совета:*

**Амирбекова А.Б.** кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Базарбаева З.М.** доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Виллиерс Д.Г.** доктор философии (PhD), профессор, Колледж Смит (США, г. Нортгемптон)

**Демир Н.** доктор философии (PhD), профессор, Университет Хаджеттепе (Турция, г. Анкара)

**Джусупов М.** доктор филологических наук, профессор, Узбекский государственный университет мировых языков (Узбекистан, г. Ташкент)

**Дыбо А.В.** доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент РАН, Институт языкознания РАН (Россия, г. Москва)

**Екер С.** доктор философии (PhD), профессор, Башкентский университет (Турция, г. Анкара)

**Есенова К.У.** доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы)

**Ислам А.** доктор филологических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Казахстан, г. Алматы)

**Каракоч Б.** доктор философии (PhD), профессор, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

**Кудеринова К.Б.** доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Ключуков Х.С.** доктор философии (PhD), профессор, Силезский университет (Польша, г. Катовице)

**Ламажаа Ч.К.** доктор философских наук, научный журнал «Новые исследования Тувы» (Россия, г. Москва)

**Ли В.** доктор филологических наук, профессор, Харбинский политехнический университет (Китай, г. Харбин)

**Мажитаева Ш.М.** доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени академика Е.Букетова (Казахстан, г. Караганда)

**Мусаев С.Ж.** доктор филологических наук, профессор, Кыргызский государственный университет имени И.Арабаева (Кыргызстан, г. Бишкек)

**Петрова Т.Е.** кандидат филологических наук, доцент, Санкт-Петербургский государственный университет (Россия, г. Санкт-Петербург)

**Сейитова Ш.Б.** доктор филологических наук, профессор, Университет Алихана Бокейхана (Казахстан, г. Семей)

**Сулейменова Э.Д.** доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы)

**Уали Н.М.** доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

**Шаймердинова Н.Г.** доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Гумилева (Казахстан, г. Астана)

*Chief editor:*

**Fazylzhanova A.M.** Candidate of philological sciences, Associate Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

*Responsible editors:*

**Khabyeva A.A.** Candidate of philological sciences, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**Abaeva M.K.** Candidate of philological sciences, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**Bissengali A.Z.** Doctor of Philosophy (PhD), A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

*Technical editor:*

**Baissydyk I.B.** Doctor of Philosophy (PhD), A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

*Members of the editorial board:*

**Amirbekova A.B.** Candidate of philological sciences, Associate Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**Bazarbayeva Z.M.** Doctor of philological sciences, professor, academician of the NAS of RK, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**de Villiers J.G.** Doctor of Philosophy (PhD), professor, Smith College (USA, Northampton)  
**Demir N.** Doctor of Philosophy (PhD), professor, Hacettepe University (Turkey, Ankara)  
**Dzhusupov M.** Doctor of philological sciences, professor, Uzbekistan State University of World Languages (Uzbekistan, Tashkent)  
**Dybo A.V.** Doctor of philological sciences, professor, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, The Institute of Linguistics (Russian Academy of Sciences) (Russia, Moscow)  
**Eker S.** Doctor of Philosophy (PhD), professor, Başkent University (Turkey, Ankara)  
**Yessenova K.U.** Doctor of philological sciences, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty)  
**Islam A.** Doctor of philological sciences, professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages (Kazakhstan, Almaty)  
**Karakoç B.** Doctor of Philosophy (PhD), professor, Uppsala University (Sweden, Uppsala)  
**Kuderinova K.B.** Doctor of philological sciences, professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**Kyuchukov H.** Doctor of Philosophy (PhD), professor, University of Silesia (Poland, Katowice)  
**Lamazhaa Ch.K.** Doctor of Philosophy, scientific journal "New Studies of Tuva" (Russia, Moscow)  
**Li W.** Doctor of philological sciences, professor, Harbin University of Technology (China, Harbin)  
**Mazhitayeva Sh.M.** Doctor of philological sciences, professor, Karaganda Buketov University (Kazakhstan, Karaganda)  
**Musaev S.Zh.** Doctor of philological sciences, professor, Kyrgyz State University named after I.Arabaev (Kyrgyzstan, Bishkek)  
**Petrova T.Y.** Candidate of philological sciences, docent, Saint Petersburg State University (Russia, Saint Petersburg)  
**Seitova Sh.B.** Doctor of philological sciences, professor, Alikhan Bokeikhan University (Kazakhstan, Semey)  
**Suleimenova E.D.** Doctor of philological sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty)  
**Uali N.M.** Doctor of philological sciences, professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)  
**Shaimerdinova N.G.** Doctor of philological sciences, professor, L.Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana)

---

**МАЗМҰНЫ**


---

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА**

<i>Джусупов М. (Өзбекстан, Ташкент қ.)</i> А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛДІ ҚҰРАЛ МЕН ҚАРУ РЕТІНДЕ АНЫҚТАУ.....	12
<i>Базарбаева З., Садық Д., Оспангазиева Н. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ҚАЗАҚ АУЫЗША МӘТІНІНІҢ ТРАНСКРИПЦИЯСЫ ТУРАЛЫ.....	28
<i>Теміргазина З. (Қазақстан, Павлодар қ.), Аяпбергенов Б., Тілеулесова А. (Қазақстан, Астана қ.)</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІК КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ: КҮРДЕЛІ, АНАЛИТИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ СЕРИЯЛЫҚ?.....	38
<i>Мухитдинов Р.С., Мустафаева А.А. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> «КИТАБ ӨЛ-ИДРАК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ИСМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ УАЗНДАРЫ.....	52
<i>Ибраева М. (Қазақстан, Астана қ.)</i> МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БАЛАМАЛЫЛЫҒЫ МЕН МӘНЕРЛІЛІГІ.....	64
<i>Рамазанов Т.Б., Садық А.М. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> САЯСИ ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫ.....	75
<i>Қожахметова А.Қ., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРС ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАСЫ.....	86

**ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ**

<i>Жұмабаева Ж.Т., Бейсенбекова Г.Т. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	94
<i>Мячин К.А., Олькова И.А. (Қазақстан, Петропавл қ.), Спульбер Д. (Италия, Генуя қ.)</i> ШЕТ ТІЛІН МЕНГЕРУ КОНТЕКСІНДЕГІ «ӘДІС» ҰҒЫМЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ПОЛИАСПЕКТІЛІГІ.....	102
<i>Нұрбаева А.М., Сафронова Л.В., Мазимова А.Ж. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАРНАМА МӘТІНІНІҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІСІ: КОГНИТИВТІК ТӘСІЛ.....	111
<i>Ерсултанова Г., Сейдалиева Г., Байсыдық И. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ИРЛАНДИЯ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ДУАЛЬДІ СИПАТЫ: ӘЙЕЛ МИФОЛОГЕМАЛАРЫНЫҢ КОРПУСТЫҚ ТАЛДАУЫ.....	126
<i>Касымова А.А. (Қазақстан, Семей қ.), Түзелбаева Д.М. (Қазақстан, Алматы қ.), Жумагулова А.М. (Қазақстан, Семей қ.)</i> ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА.....	140

---

<i>Рыспақова М., Тұрсұнова А. (Қырғызстан, Бішкек қ.)</i> ҚЫРҒЫЗ ТІЛІН СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ ҮШІН «ӨМБЕБАП ТӘУЕЛДІЛІКТЕР»: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	153
<i>Пиязбаева А.Б. (Қазақстан, Алматы қ.), Абасилов А.М. (Қазақстан, Қызылорда қ.)</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ТІЛІ: ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	168
<i>Бесіров Е.Б., Жаңабекова А.Ә. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ МӘТІНДЕРІНІҢ ЖИЛІК СӨЗДІГІН ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ОМОНИМДЕРДІ БЫҚТИМАЛДЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН АЖЫРАТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	183
<i>Нургожина Б.В., Кадырова Б.М. (Қазақстан, Павлодар қ.)</i> КЕЛІСІМШАРТ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ МӘТІН ТҮРІ РЕТІНДЕ: ОРЫС ТІЛІ МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	194
<i>Ли Ш., Жамбылқызы М. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ОРЫС ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ КЕЗІНДЕ ҚЫТАЙ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ТІЛДІК ТРАНСФЕР.....	211
<i>Балаева А. (Қазақстан, Алматы қ.)</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ Ш. САРЫБАЕВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ.....	220



## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА

<i>Джусупов М. (Узбекистан, г. Ташкент)</i> АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ НАУЧНОГО ЗНАНИЯ В РАБОТАХ А.БАЙТУРСЫНУЛЫ: ЯЗЫК КАК ИНСТРУМЕНТ И ОРУДИЕ.....	12
<i>Базарбаева З., Садык Д., Оспангазиева Н. (Казахстан, г. Алматы)</i> О ТРАНСКРИПЦИИ КАЗАХСКОГО УСТНОГО ТЕКСТА.....	28
<i>Темиргазина З. (Казахстан, г. Павлодар), Аяпбергенов Б., Глеулесова А. (Казахстан, г. Астана)</i> ГЛАГОЛЬНЫЕ КОНСТРУКЦИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: СЛОЖНЫЕ, АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИЛИ СЕРИЙНЫЕ?.....	38
<i>Мухитдинов Р.С., Мустафаева А.А. (Казахстан, г. Алматы)</i> МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ВАЗНЫ ИМЕН ТЮРКСКОГО ЯЗЫКА В «КИТАБ АЛЬ- ИДРАК».....	52
<i>Ибраева М. (Казахстан, г. Астана)</i> МЕЖЪЯЗЫКОВАЯ ЭКВИВАЛЕНТНОСТЬ И ЭКСПРЕССИВНОСТЬ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК.....	64
<i>Рамазанов Т.Б., Садык А.М. (Казахстан, г. Алматы)</i> ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ ТУРАРА РЫСКУЛОВА.....	75
<i>Кожжахметова А.К., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. (Казахстан, г. Алматы)</i> ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКА ПОЭТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	86

## ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Жумабаева Ж.Т., Бейсенбекова Г.Т. (Казахстан, г. Алматы)</i> СИНТЕЗ РЕЧИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И ЕГО ФОНЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ.....	94
<i>Мячин К.А., Олькова И.А. (Казахстан, г. Петропавл), Спульбер Д. (Италия, г. Генуя)</i> ПОЛИАСПЕКТНОСТЬ СОДЕРЖАНИЯ ПОНЯТИЯ «МЕТОД» В КОНТЕКСТЕ ОВЛАДЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ.....	102
<i>Нурбаева А.М., Сафронова Л.В., Мазимова А.Ж. (Казахстан, г. Алматы)</i> ГЕНДЕРНЫЙ АСПЕКТ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА В КАЗАХСТАНЕ: КОГНИТИВНЫЙ ПОДХОД.....	111
<i>Ерсултанова Г., Сейдалиева Г., Байсыдык И. (Казахстан, г. Алматы)</i> ДВОЙСТВЕННОСТЬ ЖЕНСКИХ ОБРАЗОВ В ИРЛАНДСКОЙ МИФОЛОГИИ: КОРПУСНЫЙ АНАЛИЗ ЖЕНСКИХ МИФОЛОГЕМ.....	126
<i>Касымова А.А. (Казахстан, г. Семей), Тузельбаева Д.М. (Казахстан, г. Алматы), Жумагулова А.М. (Казахстан, г. Семей)</i> ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ЛЕКСИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ.....	140



---

<i>Рыспакова М., Турсунова А. (Кыргызстан, г. Бишкек)</i> «УНИВЕРСАЛЬНЫЕ ЗАВИСИМОСТИ» ДЛЯ СИНТАКСИЧЕСКОГО АНАЛИЗА КЫРГЫЗСКОГО ЯЗЫКА: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	153
<i>Пиязбаева А.Б. (Казахстан, г. Алматы), Абасилов А.М. (Казахстан, г. Кызылорда)</i> ЯЗЫК СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО КИНО: СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ.....	168
<i>Бесиров Е., Жанабекова А.А. (Казахстан, г. Алматы)</i> ТЕХНОЛОГИЯ РАЗЛИЧЕНИЯ ОМОНИМОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВЕРОЯТНОСТНО- СТАТИСТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРИ СОСТАВЛЕНИИ ЧАСТОТНОГО СЛОВАРЯ ТЕКСТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	183
<i>Нургожина Б.В., Кадырова Б.М. (Казахстан, г. Павлодар)</i> КОНТРАКТ КАК ТИП ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОГО ТЕКСТА: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	194
<i>Ли Ш., Жамбылкызы М. (Казахстан, г. Алматы)</i> АНАЛИЗ РАСПРОСТРАНЕННОГО ЯЗЫКОВОГО ТРАНСФЕРА В ПРОИЗНОШЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА СРЕДИ КИТАЙСКИХ СТУДЕНТОВ.....	211
<i>Балаева А. (Казахстан, г. Алматы)</i> МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ Ш. САРЫБАЕВА В ОБУЧЕНИИ ФОНЕТИЧЕСКИМ И ГРАММАТИЧЕСКИМ СТРУКТУРАМ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	220

---

**CONTENTS**


---

**THEORETICAL LINGUISTICS**

<i>Dzhusupov, M. (Uzbekistan, Tashkent)</i> ANTHROPOCENTRIC PARADIGMS OF SCIENTIFIC KNOWLEDGE IN THE WORKS OF A. BAITURSYNULY: LANGUAGE AS A TOOL AND WEAPON.....	12
<i>Bazarbayeva, Z., Sadyk, D., Ospangazyeva, N. (Kazakhstan, Almaty)</i> ON THE TRANSCRIPTION OF KAZAKH ORAL TEXT.....	28
<i>Temirgazina, Z. (Kazakhstan, Pavlodar), Ayapbergenov, B., Tleulesova, A. (Kazakhstan, Astana)</i> VERB CONSTRUCTIONS IN THE KAZAKH LANGUAGE: COMPLEX, ANALYTICAL OR SERIAL?.....	38
<i>Mukhitdinov, R., Mustafayeva, A. (Kazakhstan, Almaty)</i> MORPHOLOGICAL WAZNS OF ISMS OF THE TURKIC LANGUAGE IN «KITAB AL- IDRAK».....	52
<i>Ibrayeva, M. (Kazakhstan, Astana)</i> CROSS-LINGUISTIC EQUIVALENCE AND EXPRESSIVENESS OF PROVERBS.....	64
<i>Ramazanov, T., Sadyk, A. (Kazakhstan, Almaty)</i> THE LINGUISTIC PERSONALITY OF POLITICAL FIGURE TURAR RYSKULOV.....	75
<i>Kozhakhmetova, A., Mankeyeva, Zh., Khabiyeva, A. (Kazakhstan, Almaty)</i> LINGUOSYNERGETICS OF POETIC DISCOURSE.....	86

**APPLIED LINGUISTICS**

<i>Zhumabayeva, Zh., Beissenbekova, G. (Kazakhstan, Almaty)</i> SPEECH SYNTHESIS IN THE KAZAKH LANGUAGE AND ITS PHONETIC FEATURES.....	94
<i>Myachin, K., Olkova, I. (Kazakhstan, Petropavlovsk), Spulber, D. (Italy, Genoa)</i> MULTI-FACETED CHARACTER OF “METHOD” CONCEPT IN THE CONTEXT OF FOREIGN LANGUAGE ACQUISITION.....	102
<i>Nurbayeva, A., Safronova, L., Mazinova, A. (Kazakhstan, Almaty)</i> THE GENDER ASPECT OF ADVERTISING TEXTS IN KAZAKHSTAN: A COGNITIVE APPROACH.....	111
<i>Yersultanova, G., Seidaliyeva, G., Baissydyk, I. (Kazakhstan, Almaty)</i> THE DUAL FACES OF FEMININITY IN IRISH MYTHOLOGY: A CORPUS ANALYSIS OF FEMALE MYTHOLOGEMES.....	126
<i>Kassymova, A. (Kazakhstan, Semey), Tuzelbayeva, D. (Kazakhstan, Almaty), Zhumagulova, A. (Kazakhstan, Semey)</i> LINGUISTIC AND CULTURAL VOCABULARY IN SOCIAL NETWORKS.....	140
<i>Ryspakova, M., Tursunova, A. (Kyrgyzstan, Bishkek)</i> “UNIVERSAL DEPENDENCIES” FOR SYNTACTIC ANALYSIS OF THE KYRGYZ LANGUAGE: CURRENT STATE AND PROSPECTS.....	153

---

<i>Piyazbayeva, A. (Kazakhstan, Almaty), Abasilov, A. (Kazakhstan, Kyzylorda)</i> THE LANGUAGE OF MODERN KAZAKH CINEMA: SOCIOLINGUISTIC ISSUES.....	168
<i>Bessirov, Ye., Zhanabekova, A. (Kazakhstan, Almaty)</i> TECHNOLOGY OF DISTINGUISHING HOMONYMS USING PROBABILISTIC AND STATISTICAL METHODS IN COMPILING A FREQUENCY DICTIONARY OF TEXTS OF THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE.....	183
<i>Nurgozhina, B., Kadyrova, B. (Kazakhstan, Pavlodar)</i> CONTRACT AS A TYPE OF INSTITUTIONAL TEXT: A LINGUISTIC ANALYSIS BASED ON RUSSIAN LANGUAGE MATERIAL.....	194
<i>Li, Sh., Zhambylkyzy, M. (Kazakhstan, Almaty)</i> ANALYSIS OF COMMON TRANSFER OF CHINESE HAN STUDENTS' RUSSIAN PRONUNCIATION.....	211
<i>Balayeva A. (Kazakhstan, Almaty)</i> METHODOLOGICAL PRINCIPLES OF SH. SARYBAYEV IN TEACHING PHONETIC AND GRAMMATICAL STRUCTURES OF THE KAZAKH LANGUAGE.....	220

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА  
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА  
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article  
FTAMP 16.21.07

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

**Маханбет Джусупов**

филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Өзбекстан, Ташкент қ.,  
ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

**А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ  
АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛДІ  
ҚҰРАЛ МЕН ҚАРУ РЕТІНДЕ АНЫҚТАУ**

**Аңдатпа.** Мақалада аса өзекті мәселе ретінде А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі парадигмалар, ғылыми білім парадигмалары мен антропоцентризм құбылыстары, олардың ғылыми жүйедегі орны, көрініс беру арналары мен түрлік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. «Парадигма» ұғымы, термині үш аспектіде талқыланады: Ф. де Соссюр түсінігіндегі парадигма – тіл бірлігінің грамматикалық (я басқа) формасының бір түрі я түрлер жиынтығы; Т.Кун түсінігіндегі парадигма – ғылым танымында бір уақыт кезеңі (дәуірі, ғылым дамуына, кезеңдеріне байланысты); парадигма, тілтанымындағы ғылыми білімдер парадигмаларының А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі орны (тарихи-салыстырмалы, жүйелі-құрылымдық, антропоцентристік). Ғылыми ізденіс барысында А.Байтұрсынұлының еңбектері зерттеліп, мәтіндеріндегі парадигма, ғылыми білімдер парадигмалары, антропоцентризм бағыттарына сай көзқарастары анықталып, ішкі және сыртқы дүниелері талқыланып, ғалымның бүгінгі тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттарға лайықты ғылыми ізденістер жасағаны көрсетілді. А. Байтұрсынұлы тілді *құрал*, *қару* ұғымында түсінгені және соларды ғылыми ақпаратқа ендіргені, тілтанымдық, әдістемелік еңбектерді дүниеге келтіргені жан-жақты зерттеліп, айқындалды. Әлемдік тіл білімінде бірінші болып (1914 ж.) «тіл – құрал», «тіл – қару» ғылыми концепциясын тіл біліміне, әдістемеге нық ендіргендігі дәлелденеді. Еуропа тілтанымында (мысалы, орыс тілтанымында) «тіл – құрал», «тіл – қару» (язык – инструмент, язык – оружие) ұғымы ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басында айтыла бастады (В.А. Маслова, С.Г. Тер-Минасова т.б.). Мақалада А. Байтұрсынұлының антропоцентризмді екі аспектіден тұратынын анықтап, соған лайықты тілдік материалды (жалпы адамзаттық (универсалды), ұлттық-мәдени) жиі қолданғаны көрсетіліп, талқыланады. А. Байтұрсынұлының еңбектерінде универсалды және қазақи-ұлттық антропоцентристік аспектілер біртұтас іргелі негіз ретінде қызмет атқарып, оның ғылыми тұжырымдарының терең мазмұнын айқындай түседі. Қазақи-ұлттық антропоцентризм аспектісі адамзаттық антропоцентризм аспектісімен бірігіп, өзекті ғылыми тұғыр ретінде ұсынылады. Ғылыми ізденіс барысында семантикалық, салыстырмалы, лингвотеориялық жазылым, индуктивтік, дедуктивтік т.б. зерттеу әдістері қолданылғаны еңбектің теориялық және тәжірибелік маңызын ашуға негіз болды.

**Тірек сөздер:** тіл білімі; ғылыми білімдер парадигмалары; парадигма; тіл – құрал; тіл – қару; антропоцентризм

**Сілтеме жасау үшін:** Джусупов М. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі ғылыми білімнің антропоцентристік парадигмалары және тілді құрал мен қару ретінде анықтау. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). 12-27-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

**Маханбет Джусупов**

доктор филологических наук, профессор,  
Узбекский государственный университет мировых языков, Узбекистан, г. Ташкент,  
ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

**АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ НАУЧНОГО ЗНАНИЯ  
В РАБОТАХ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ЯЗЫК КАК ИНСТРУМЕНТ И ОРУДИЕ**

**Аннотация.** В статье рассматривается актуальная проблема парадигмы в целом и парадигмы научных знаний, антропоцентризм, их место и значение в научном наследии А. Байтұрсынұлы. Понятие «парадигма» и термин «парадигма» в трудах А. Байтұрсынұлы исследуется с трёх научных позиций: с позиции Ф. де Соссюра (парадигма – разновидность грамматической или другой формы языковой единицы); с позиции Т. Куна (парадигма – эпоха, значительный отрезок времени в жизни науки, при котором она получила существенные результаты в своём развитии); место и значение понятия парадигма, парадигма научных знаний в исследованиях А. Байтұрсынұлы

(сравнительно-историческая, системно-структурная, антропоцентрическая). В ходе научного поиска осуществлена работа, результаты которой показывают, что в научном наследии А. Байтурсынулы ярко выражено представлены труды, которые выполнены в соответствии с современным пониманием парадигмы научных знаний. А. Байтурсынулы ввёл в научный оборот понятия и концепции «тіл – құрал» (язык как инструмент) и «тіл – қару» (язык как орудие) в 1914 году. Эти термины он не только теоретически обосновал, но и использовал в качестве названий своих учебников по казахскому языку, написанных арабской графикой. В Евразийском языкознании (например, в русском) подход к концепции «язык – инструмент, язык – орудие» в соответствующих терминах берёт своё начало с конца XX и начала XXI века (В.А. Маслова, Н.Г. Тер-Минасова и др.). Лингвистическое и лингвометодическое наследие А. Байтурсынулы построены на понятиях антропоцентризма, антропоцентрической парадигмы научных знаний, подразделяя на общечеловеческое (универсальное) и казахское национально-культурное, но рассматривает это как единое целое, состоящее из двух аспектов, что подтверждается большим объёмом соответствующего языкового материала. Использование в ходе научного исследования семантического, сопоставительного, лингвистико-теоретического, индуктивного, дедуктивного и др. методов исследования послужило основой для раскрытия теоретической и практической значимости работы.

**Ключевые слова:** лингвистика; парадигма научных знаний; язык – инструмент; язык – оружие; антропоцентризм

**Для цитирования:** Джусупов М. Антропоцентрические парадигмы научного знания в работах А. Байтурсынулы: язык как инструмент и орудие. *Tiltanyim*, 2025. №2 (98). С. 12-27. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

### Mahanbet Dzhusupov

Doctor of Philological Sciences, Professor,

Uzbek State University of World Languages, Uzbekistan, Tashkent,

ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

## ANTHROPOCENTRIC PARADIGMS OF SCIENTIFIC KNOWLEDGE IN THE WORKS OF A. BAITURSYNULY: LANGUAGE AS A TOOL AND WEAPON

**Abstract.** The article deals with the actual problem of paradigm and paradigm of scientific knowledge, anthropocentrism, their place and significance in the scientific heritage of A. Baitursynuly. The concept of paradigm and the term paradigm in the works of A. Baitursynuly is studied from three scientific positions: from the position of F. Sossyur (paradigm is a kind of grammatical or other form of a linguistic unit); from the position of T. Kuhn (paradigm is a kind of grammatical or other form of a linguistic unit). Kuhn (paradigm is an epoch, a significant period of time in the life of science, at which it has obtained significant results in its development); the place and meaning of the concept of paradigm, paradigm of scientific knowledge in the studies of A. Baitursynuly (comparative-historical, system-structural, anthropocentric). In the course of scientific search the work was carried out, the results of which show that in the scientific heritage of A. Baitursynuly the works that are made in accordance with the modern understanding of the paradigm of scientific knowledge are clearly presented. A. Baitursynuly introduced the notion and scientific concept of ‘til – qural’ (language – tool), ‘til – qaru’ (language – weapon) in 1914, at the same time naming his textbooks on the Kazakh language in Arabic script. In Eurasian linguistics (for example, in Russian), the approach to the concept of “language – tool, language – weapon” in the corresponding terms started from the late XX and early XXI century (V.A. Maslova, N.G. Ter-Minasova, etc.). Linguistic and linguo-methodological heritage of A. Baitursynuly built on the concepts of anthropocentrism, anthropocentric paradigm of scientific knowledge, subdividing into universal (universal) and Kazakh national-cultural, but considers it as a whole consisting of two aspects, which is confirmed by a large amount of relevant linguistic material. The use of semantic, comparative, linguistic-theoretical, inductive, deductive and other research methods in the course of scientific research served as the basis for revealing the theoretical and practical significance of the work.

**Keywords:** linguistics; paradigm of scientific knowledge; paradigm; language – tool; language – weapon; anthropocentrism

**For citation:** Dzhusupov, M. Anthropocentric Paradigms of Scientific Knowledge in the Works of A. Baitursynuly: Language as a Tool and Weapon. *Tiltanyim*, 2025, No. 2 (98). P. 12-27. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

### Кіріспе

Тіл білімі философиядан, тарихтан жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың бірінші жартысында бөлініп шықты. Себебі тілді зерттеу саласының өз нысаны, өз ұғымдары, олардың терминдері, зерттеу әдісі (әдістері), ұстанымдары пайда болды. Ол жағдай тарихи-салыстырмалы әдістің, сонан соң тарихи-салыстырмалы тіл білімінің ғылымтаным әлемінде өз орнын нық алғанымен байланысты. Еуропа ғалымдары көне үнді әдеби тілі – санскритті зерттеп, ол тілдің бүгінгі герман, роман, парсы, славян тілдерімен туыс екендігін дәлелдеді, сөйтіп, тарихи-салыстырмалы тілтаным және индоевропеистика пәндері ғылымтаным әлемінен орын алды (Буранов, 1983;

Юсупов, 2007; Энциклопедия. Языкознание, 2000).

XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында әлем тіл ғылымында жаңа бағыттар пайда болып, бірнешеуі қалыптасып жатыр. Олар – психолингвистика, мәтін лингвистикасы, лингвомәдениеттаным, когнитивтік тілтаным, компьютерлік тілтаным т.б. (Маслова, 1997, 2008; Алефиренко, 2005; Попова, Стернин, 2001; Джусупов, 2019).

Солардың қатарынан орын алған жаңа лингвистикалық бағыттар – ғылыми білімдер парадигмасы және антропоцентризм бағыты (Кун, 1977; Антропоцентризм в языке и культуре, 2017). Американдық ғылымтанушы Томас Кун ендірген ғылыми білімдер парадигма мәселесі – күрделі мәселе.

Осы күрделі ғылыми мәселе біздің «Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика» атты монографиямыз баспаға тапсырылған соң қарастырыла басталды, сондықтан кітаптың құрамына, ішкі мағыналық дүниесінің қисынына өзгерістер ендірмеу үшін бұл мәселе жеке мақала ретінде беріліп тұр.

Әр ірі ғалым тек өз заманының теорияларында ғана, ғылыми ағындарында ғана жұмыс істемейді. Үлкен ғалым өткен дәуірдің концепцияларында да, өз дәуірінің концепцияларында да, келешектің, әлі қалыптаспаған, бірақ бүрткік шашып ашыла бастаған концепциялардың аясында да ғылыми ізденістер жасайды. Ірі ғалым сол болашақта доминанта болатын ғылыми ағынның (ағындардың) шығу тегіндегі негізін қалыптастыруға ықпал етеді, жобалайды, болжамдайды.

Қазіргі заманның тілі білімі тарихы дәстүрлі көзқарас негізінде үш кезеңге (үш түрлі тіл біліміне) бөлініп тұр: тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма), жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма), антропоцентристік тіл білімі (парадигма).

А. Байтұрсынұлы ғұлама ғалым, сондықтан бізде үлкен сұрақ туындайды: А. Байтұрсынұлы неше ғылыми білімдер парадигмасында ізденіс жасаған? Тек өз заманына сәйкес жүйелік-құрылымдық та ма? Жоқ, әлде XIX ғасыр тіл білімінің доминантасы – тарихи-салыстырмалы тілтанымда ма? Жоқ, әлде ол кезде әлі қалыптаспаған, бірақ болашақтың (XXI ғасырдың) антропоцентристік тіл білімінде ме?

Осы сұрақтарға жауап табу үшін, біз тіл білімінің кезеңдеріне қысқа шолу жасап, содан кейін А. Байтұрсынұлының еңбектерінің кейбір фрагменттеріне осы үш тіл білімі (үш ғылыми білімдер парадигмалары) негізінде талдау жасайық.

### **Материал және әдістер**

Ғылыми ізденіс материалы ретінде А. Байтұрсынұлы еңбектерінің ішкі (ғылыми, әдістемелік дүниесі), сыртқы (құрылымды) көрінісі алынып, талқыланды. А. Байтұрсынұлы еңбектері (Тіл – құрал; Оқу құралы. Қазақша алифба т.б.) антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары, тіл – құрал, тіл – қару ұғымдары негізінде зерттеліп, олардың бүгінгі тілтанымдағы жетістіктерге сай екендігі көрсетілді. Зерттеу материалы кеңейтіліп, Т. Кунның, З.Д. Попова, И.А. Стернин т.б. мамандардың антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелеріне арналған шығармалары салыстырмалы түрде қарастырылып, А. Байтұрсынұлының 111 жыл бұрын жазған еңбектерінің өз заманының тілтанымдық әдістемелік, ғылыми деңгейінен ілгері болғаны айқындалды. Зерттеу барысында салыстырмалы, тілтанымдық жазылым, индуктивтік, дедуктивтік ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

### **Әдебиетке шолу**

Бүгінгі тіл танымында антропоцентризм, тіл – құрал, тіл – қару, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер көп (Кун, 1977; Тер-Минасова, 1999, 2000; Маслова, 2008; Джусупов, 2023, 2024). Антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары жан-жақты зерттеліп келеді: жалпы ғылымтанымда, тіл теориясында, салыстырмалы тіл білімінде, паремиологияда, әдістемеді (Антропоцентризм в языке и культуре, 2017). Парадигматика мәселесі Ф. Соссюр еңбектерінен басталады (Соссюр, 1933), ал тілдің екі түрлі (тіл, тілдесім) жағдайда өмір сүретіні В. фон Гумбольд еңбектерінен басталады да (Гумбольдт, 2000), Ф.Соссюрдің, Л.В. Щербаның т.б. мамандардың еңбектерінде жалғасады (Соссюр, 1933; Щерба, 2008). Бүгінгі, ертеңгі тіл білімінде адам – тіл әлемінде, тіл – адам әлемінде, яғни антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелерінің зерттелуі тереңдейді, кеңейеді.

### **Нәтижелер және талқылау**

*Тілтаным тарихындағы үш ғылыми білімдер парадигмасы*



1. Тіл білімі тарихының бірінші кезеңі – тарихи-салыстырмалы парадигма кезеңі. Тарихи-салыстырмалы тіл білімі (тарихи-салыстырмалы ғылыми білімдер парадигмасы) ХІХ ғасырдың бірінші ширегінен – ХХ ғасырдың басына дейін ғылыми теориялардың негізі болды. Бұл кезеңде туысқан тілдердегі тарихи ұқсастықтарды тауып, сол тілдердің біріне-бірі жат емес, тегі бір екендігі дәлелденген. Тарихи-салыстырмалы (алдымен әдіс), содан соң тіл білімі, тіл туралы ілімді жеке арнайы ғылым деңгейіне (мәртебесіне) көтерді. Оған дейін тіл мәселелері көбіне тарих, философия ғылымдарының құрамында қарастырылатын болған. Тарихи-салыстырмалы тіл білімі Еуропада пайда болды. Еуропа ғалымдары өз тілдерінің Үндістанның көне әдеби тілі – санскритпен ұқсастықтары бар екендігін дәлелдеп, бұлардың тегі бір екендігін анықтады, сөйтіп, «үнді-еуропа тілдер» ұғымы, термині, тобы, семьясы, ғылыми ағыны пайда болды. Тарихи-салыстырмалы тіл білімінің бастамасында көбіне неміс ғалымдары тұрды (Франц Бопп, Якоб Гримм). Одан басқа даниялық тілші Расмус Христиан Раск болды. Тағы да басқа еуропалық тілшілер – Август Фридрих Потт, Август Шлейхер т.б. күрделі зерттеулер жүргізіп, үлкен із қалдырды.

2. Қазіргі тіл білімі тарихының екінші кезеңі – жүйелік-құрылымдық тіл білімі кезеңі, яғни структурализм (жүйелі-құрылымдық ғылыми білімдер парадигмасы). Бұл кезең ХХ ғасырдың басынан бүгінге дейінгі уақытты алады. Бұл тіл білімі кезеңінде тіл жалпы құрылым ретінде және нақты құрылымдық жүйе ретінде зерттеліп жазылды (фонетика және фонология, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис). Бір құрылымдық жүйенің ішінен бірнеше кіші жүйелер анықталды. Мысалы, тілдің дыбыстық жүйелік-құрылымдық құрамында: дауыстылар жүйесі, дауыссыздар жүйесі, акустика жүйесі, артикуляция жүйесі т.б. жүйелік-құрылымдық тіл білімін ғылым ретінде тереңдетті, биіктетті. Жүйелік-құрылымдық тілтанымның ғылыми, әлеуметтік, мәдени мәні теңсіз: әр тіл ғұлама дүние (ғұлама құрылым) ретінде анықталды, жазылымы жасалды, ғылыми үдеріске ендірілді; білім, мәдениет салаларына, міндетті түрде мектепке, жоғарғы оқу орнына оқытылатын пән ретінде ендірілді.

3. Қазіргі заман тіл білімі тарихының үшінші кезеңі – антропоцентризм парадигмасы. ХХ ғасырдың соңында, ХХІ ғасырдың басында тіл білімінің жалпы ағыны (тек тіл білімінің емес), ең алдымен, сол тілді пайдаланатын, дамытатын тіл тұлғасы – адамға қарай бұрылған: тілді адам арқылы зерттеу керек, себебі адам болмаса, тіл болмайды. Яғни тіл – адамда (тіл адам әлемінде), адам – тілде (адам тіл әлемінде): екеуін біріктіріп тұрған адам. Сондықтан бүгінде белгілі тілшілердің анықтауы бойынша, қазіргі және ертеңгі тіл білімі – антропоцентризм тіл білімі (антропоцентризм ғылыми білімдер парадигмасы). (Терминнің шығу тегі көне грек тілінен: а) *antrophos* – адам; латын тілінен *centrum* (центр) – ұшы өткір: орталық, қақ орта.)

Антропоцентристік тіл білімінің негізгі мақсаты тілді адам арқылы зерттеу болады, адамның сана-сезіміндегі тіл білімінің құрылымын, оның психобейнелік ерекшеліктерін, қалыптасу және өндірілу (тілдесім жасау) қасиеттерін т.б. анықтау; әлеуметтік, техникалық, психикалық өзгерістерге байланысты олардың даму үдерісінің негізгі ұстанымдарын, ережелерін білу, жазылымын жасау.

ХХІ ғасыр тілтанымның келешегін, негізгі бағытын анықтауға көптеген ғалымдар атсалысты. Оны атау үшін бірнеше термин ұсынылды, ұсынылып та жатыр (когнитивтік тіл білімі (парадигма), коммуникативтік тіл білімі (парадигма), антропоцентристік тіл білімі (парадигма) т.б.). Біз антропоцентризм терминіне тоқтадық, себебі: а) ішкі дүниесі нақты; ә) бүгінде ең жиі қолданылатын термин; б) тілді зерттеудің басында адам тұр.

Тіл білімінің осы үш кезеңдік түрін соңғы жылдары парадигма (ғылыми білімдер парадигмасы) терминімен атап жүр (Кун, 1977; Маслова, 2008; Алефиренко, 2005).

Соның салдарынан тіл білімінің тарихи кезеңдерінің негізгі бағыттарын атауда синонимиялық терминдер жиынтығы пайда болды: 1) тарихи-салыстырмалы тіл білімі, тарихи-салыстырмалы ғылыми білімдер парадигмасы; 2) жүйелік-құрылымдық тіл білімі – жүйелік-құрылымдық ғылыми білімдер парадигмасы; 3) антропоцентристік тіл білімі, антропоцентристік ғылыми білімдер парадигмасы. Екінші атаулардың (... парадигма) қысқартылған түрлері де жиі қолданылады: тарихи-салыстырмалы парадигма; жүйелік-құрылымдық парадигма; антропоцентристік парадигма.

Парадигма ұғымын және терминін тіл біліміне 1916 жылы Фердинанд де Соссюр ендірген



(Соссюр, 1933, 1988). Парадигма: грек тілінің сөзі «paradeigma» – мысал, үлгі. «Парадигма» термині негізінде «парадигматика» термині пайда болды. «Парадигма», «парадигматика» терминдері дәстүрлі тіл білімінде (жүйелік-құрылымдық) бір тіл бірлігінің (мысалы, сөздің) бірнеше грамматикалық я басқа формаларын (нұсқаларын) білдіреді (БЭС. Языкознание, 200: 366-367; Тіл білімі сөздігі, 1998: 263).

Мысалы, септелген бір сөздің грамматикалық формалары (парадигмасы).

1. Атау с.	адам, адамдар
2. Ілік с.	адамның, адамдардың
3. Барыс с.	адамға, адамдарға
4. Табыс с.	адамды, адамдарды
5. Жатыс с.	адамда, адамдарда
6. Шығыс с.	адамнан, адамдардан
7. Көмектес с.	адаммен, адамдармен

Осы мысалда *адам* сөзінің жеке түрінде 7 (жеті) және көпше түрінде 7 (жеті), яғни 14 түрлі септік (грамматикалық формалары) көрініс тапқан.

Сонымен, дәстүрлі тіл білімінде бір тіл бірлігінің (сөздің) грамматикалық (я басқа) формаларының жиынтығын «парадигма я парадигматика» деп атайды.

«Парадигма» терминіне бүгінгі өркендеп бара жатқан жаңашыл тіл білімінде (антропоцентризм тілтанымы) жаңа ұғым, жаңа теория жүктеліп жатыр (ғылыми білімдер парадигмасы). Бұл жаңа ғылыми түсініктің авторы АҚШ ғалымы Т. Кун (жалпы ғылымтанушы). Т. Кун осы ғылыми теориясын (бүгінде бұл көзқарас полиғылымды теория деңгейіне көтерілді) 1962 жылы ағылшын тілінде жарық көрген еңбегінде әлемдік ғылыми қауымға ұсынды (Кітап орыс тілінде «Структура научных революций» деген атпен 1977 жылы Москвада баспадан шықты).

Т. Кун былай дейді: «Менің түсінігімде, парадигма дегеніміз – қоғамда қалыптасқан, мойындалған ғылыми жетістіктер. Олар белгілі бір уақыт кеңістігінде (кезең, дәуір) ғылыми қауымға мәселені қою ұстанымдары мен шешімін жасау моделін (қалыбын) ұсынады» (Кун, 1977: 17). Яғни, қорыта айтатын болсақ, Т. Кунның түсінігінде парадигма – тіл бірлігінің әртүрлі грамматикалық (я басқа) формалары емес. Парадигма – бір ғылымның (тіл, тарих, философия, математика т.б.) үлкен бір даму кезеңіндегі ғылыми білімдердің, ұғымдардың, ұстанымдардың, мәселені қою және шешу қалыптарының, яғни жетістіктерінің жиынтығы.

Қазіргі тіл білімінде парадигма мәселесі терең және кең талқыланады. Ғылыми білімдер парадигмасының жаңа түрлерінің (тілтанымның жаңа кезеңінің) пайда болуы, қалыптасуы орын алады (мысалы, антропоцентристік тіл білімі).

Жаңа парадигма (тіл білімі) өзінен бұрынғы парадигманың (тіл білімінің) жетістіктерін толық пайдаланады, себебі жаңа парадигманың пайда болып, қалыптасуының бастамасы алғашқы («бұрынғы») парадигмалардың ғылыми әлемінде өрнектейді. Мысалы, бүгінгі антропоцентристік парадигма (тіл білімі) өзінен бұрынғы, яғни дәстүрлі жүйелік-құрылымдық парадигманың және одан бұрынғы тарихи-салыстырмалы парадигманың жетістіктері негізінде пайда болды. Сонымен, бүгінгі тіл білімінде «парадигма» термині екі мағынада қолданылып келеді.

Ғылымның терминге қоятын бірнеше талабы бар. Солардың ішіндегі ең өзектісінің бірі – терминнің бір мағыналы болуы, яғни термин мағынасында екі ойлылық болмауы керек. Ғылыми терминнің барлығы осы негізгі ұстанымды сақтап жасалады.

Антропоцентризм парадигмасы терминінің екінші мүшесі – парадигма терминінде екі мағына пайда болып тұр: 1) парадигма – тіл бірлігінің әртүрлі грамматикалық (я басқа) формалары; 2) парадигма – ғылыми білімдер, ұстанымдар, теориялар, мәселені қою және шешу қалыптарының жиынтығы, ғылым тарихының бірнеше кезеңдеріндегі (дәуірлеріндегі) даму процесіне байланысты.

Осы екі мағыналық контекстерде айқын байқалады. Мысалы, *жаңа парадигма қалыптасты*. Осы сөйлемде парадигма терминінің мағынасын әрі бір тіл бірлігінің (мысалы сөздің) жаңа грамматикалық формасы (парадигмасы) қалыптасты деп түсінсе болады, әрі жаңа ғылыми кезең, жаңа ғылыми зерттеу жолы, жаңа ғылыми білімдер парадигмасы (жиынтығы, ұстанымдары т.б.) деп те түсінсе болады.

«Парадигма» терминін жаңа ұғымда тіл біліміне ендірген – АҚШ ғалымы (жалпы ғылымтанушы, тілші емес) Т. Кун, өзгелер осы жағдайға (парадигма терминінде екі мағыналық пайда болғанына) көңіл бөлмегендей болып тұр.

Неге олай? Біздің ойымызша, Т. Кун, көптеген АҚШ ғалымдары сияқты, Еуропа тіл білімін, Кеңес Одағындағы тіл білімін терең зерттемегенге ұқсайды. «Парадигма» терминін Ф. де Соссюр тіл біліміне бір тіл бірлігінің грамматикалық формасы және басқа формалары ұғымында 1916 жылы ендірген. Соны Т. Кун білген бе, білмеген бе? Білмеуі мүмкін, себебі АҚШ тіл білімі ғылым ретінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары терең қалыптаса бастады. Еуропа тіл білімі арнайы ғылым ретінде ХІХ ғасыр басында (бірінші ширегінде, бірінші жартысында) аяғына тік тұрды (тарихи-салыстырмалы әдістің және солай аталатын тарихи-салыстырмалы тіл білімінің пайда болуы негізінде). Жаңа ұғымды Еуропа тілшісі ендіргенде, «парадигма» терминіне екі мағына жүктелмес еді, себебі олар «парадигма» терминінің жүйелік-құрылымдық тіл біліміндегі мағынасын жақсы біледі. Олар басқа терминді қолданар еді демекпіз.

Біздің ойымызша, ғылыми кезең, ғылыми пікірлер жиынтығы ұғымында «парадигма» терминін емес, «тарихи-салыстырмалы тіл білімі», «жүйелік-құрылымдық тіл білімі», «антропоцентристік тіл білімі» (я тілтанымы) терминдерін қолдану жөн болар: мұндай қолданыс әрі дәстүрлі болар еді, әрі ғылыми білімдер жиынтықтарының, яғни тілтаным кезеңдерінің (түрлерінің) бірімен-бірі сабақтас екендігін нақты көрсетіп тұрар еді, әрі атаулардың, күрделі терминдердің бір ұғымдық және құрылымдық, сөзжасамдық модельдерде жасалғаны көрініп тұрар еді. Мысалы: тарихи-салыстырмалы тіл білімі; жүйелік-құрылымдық тіл білімі; антропоцентристік тіл білімі. Ал «парадигма» терминін (бір мағынада – 1916 жылы Ф. де Соссюр ендірген мағынада) қолданған дұрыс болар еді: дәстүр сақталады, екі ойлылық жойылады. Сонымен, қазіргі тіл біліміндегі «парадигма» терминінің екі мағыналы болуы, ғылымның терминге қоятын негізгі шарттарының бірі – бірмағыналық ұстанымы сақталмай тұр.

Бұл мәселеде Т. Кунға мін тағуымыз орынсыз деп ойлаймыз, себебі Т. Кун жалпы ғылымтанушы (науквед). Ол «парадигма» терминін ғылыми кезең, кезеңдік ғылыми үлгі, сол кезеңнің ғылыми білімдер жетістіктері, ұстанымдары жиынтығы мағынасында қолдануды жалпы ғылымға (тарих, философия, тіл білімі, математика т.б.) тән жағдай деп түсінген. Яғни «парадигма» термині осы мағынасында әр ғылымның зерттеу, даму кезеңдерін атап, айыру үшін сөз тіркестерінен тұратын күрделі терминдердің құрамында қолданылады.

Бірақ «парадигма» термині күрделі термин құрамында екі ойлылықты, екі мағыналылықты толық жоймайды. Мысалы: *тілтанымдық парадигма* (екі мағыналық бар); *антропоцентристік парадигма* (екі мағыналылық жоқ).

Бүгінгі тіл білімінде «парадигма» термині өзінің екінші мағынасында (ғылыми жол, ғылыми дәуір, ғылыми білімдер жиынтығы) кең таралды. Сонымен қатар «парадигма» терминінің 1916 жылы Ф. де Соссюр ендірген мағынасы әлем тіл білімінің ұлттық түрлеріне терең сіңіп кеткен, яғни «парадигма» терминін бірінші (дәстүрлі) мағынада қолдануы да нық аяқ басып тұр, келешекте де солай болады, себебі тіл – жүйе, құрылым. Парадигма (дәстүрлі түсінікте) сол жүйенің құрылым екенін көрсетіп тұрады (әрбір тіл бірлігінің құрамындағы грамматикалық формалар жиынтығын).

Бүгінде «парадигма» терминінің екінші мағынада қолданылуы кең тарады. «Парадигма» терминінің қазіргі тіл біліміндегі осындай екі мағынада қолданылуы ойландыратын жағдай. Бұл жағдай мәселені ғылыми талқылаудан өткізу керек екендігін көрсетіп тұр. Сонымен:

1. Біз «парадигма» ұғымын, терминін тілтанымындағы қолдану тарапынан қарасақ, онда терминде екі мағыналық бар болып шығады: а) тіл бірлігінің грамматикалық я басқа формасы, формалар жиынтығы; ә) тілтаным тарихында белгілі кезеңдегі ұғымдар, ғылыми білімдер, мәселені қою және шешу қалыптары, жетістіктер жиынтығы.

2. Біз «парадигма» ұғымына, терминіне жалпы ғылымдағы (тілтаным, математика, физика, геология, тарих т.б.), яғни ғылымтанымындағы қолданылуы тарапынан қарасақ, онда екі мағыналық болмайды, себебі ұғым, оның аталуы (парадигма) жалпы ғылымның даму тарихындағы кезеңдерге (дәуірлерге) байланысты қолданылады, тек тіл біліміне байланысты емес. Сонымен, шығу тегі бір болғанымен, «парадигма» ұғымы, термині (жалпы пәндераралық ұғымдар, терминдер сияқты) екі ғылымда екі түрлі мағынада қолданылуы мүмкін, себебі олар әртүрлі

ғылымдар. «Парадигма» ұғымына, терминіне байланысты: а) тіл білімі (нақты бір ғылым); ә) ғылымтаным жалпылама ғылым: ғылымдар жиынтығын зерттейтін пән).

*А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі үш ғылыми білімдер парадигмаларының көрінісі; антропоцентризм, тіл – құрал, тіл – қару.*

Осы заман тіл білімі үш кезеңнен (яғни үш түрінен, үш парадигмадан) құралады. А.Байтұрсынұлы, әрине, ең алдымен, жүйелік-құрылымдық тіл білімінің (парадигманың) ұстанымдары, ұғымдары, теориялары негізінде ғылыми ізденістер жасаған. Бірақ еңбектерін зерттей қарасақ, ғылыми ізденістердің басқа парадигмаларында да жасағаны айқын байқалады. Яғни, А. Байтұрсынұлы ғылыми қажеттілікке байланысты тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма) ұғымдарында да, ол кезде әлем тіл білімінде әлі орнықпаған, әлі белгісіз болашақтың тіл білімі – антропоцентристік тіл білімі (парадигма) ұғымдарында да ғылыми ізденістер жасаған.

Бұның себебі неде?

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма) аясында ізденістер жасамаса, онда қазақ тілінің ішкі дүниесіндегі құрылымындағы кейбір ерекшеліктер ашылмай қалуы мүмкін еді. Сондықтан А. Байтұрсынұлы қазақ және басқа туысқан түркі тілдерін салыстырып (сөйлесім, жазылым, сөзжасам), сол тілдердің тарихи ұқсастықтары мен сол кездегі айырмашылықтарын анықтаған (қазақ, өзбек, татар, башқұрт, әзербайжан, ноғай т.б. тілдер). Осындай тарихи-салыстырмалы ізденістер қазіргі әдеби қазақ тілінің негізгі құрылымдық, жүйелік архитектурасын жасауға, ішкі дүниесін кең ашуға үлкен ықпалын тигізді. Сонымен, А.Байтұрсынұлы ХІХ ғасырдың тілтаным парадигмасы – тарихи-салыстырмалы тіл білімінің ұстанымдарының, әдістерінің негізінде де ғылыми ізденістер жасаған.

Екіншіден, жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) – А. Байтұрсынұлы заманының тіл білімі, яғни ХХ ғасырдың тілтанымдық негізі, доминантасы. Әлемдегі тілдер осы тіл білімінің теориялары негізінде зерттелді, жазылымы жасалды. А. Байтұрсынұлы жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) негізінде қазақ тілін зерттеп, тілдің ішкі және сыртқы дүниелерін терең және кең ашып, иерархиялық салаларының жүйелі жазылымын жасады (фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис) (Джусупов, 1995; 1998; Джусупов, Ибраимов, 2015).

Үшіншіден, тіл білімі саласындағы ізденістер – тілді жаратушы, қолданушы адамға да қатысты ізденістер. Бірақ жүйелік-құрылымдық тіл білімінде бірінші орында тіл бірлігі тұрған, сондықтан антропоцентризм көзқарасы болмады, я әлсіз, өте күреңкі күйде байқалатын еді. Ірі ғалымдардың жүйелік-құрылымдық еңбектерінде антропоцентристік бағыттың элементтері де орын алатын еді, себебі болашақтың теориялары, жалпы тіл білімі, яғни парадигмасы кешегі мен бүгінгі тіл білімдерінің (парадигмаларының) ішкі дүниесінде пайда бола бастайды, бүрткік шаша бастайды. Сондай тіл білімінің жаңа түрі – бүгінгі антропоцентристік тіл білімі (парадигма) жүйелік-құрылымдық парадигма әлемінде дүниеге келіп, қазіргі кезде қанатын кең жайып жатыр.

А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық тілтанымдық мұрасында антропоцентризм бағытының элементтері айқын байқалады.

Төменде А. Байтұрсынұлының үш түрлі тіл білімі (парадигмалар) негізінде жасаған ізденістерін дәлелді мысалдармен келтірейік.

*А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық еңбектерінде тарихи-салыстырмалы тіл біліміне (парадигмасына) байланысты ізденістер де орын алған.*

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары шетелдік кітапхана, мұрағат пен сирек қорларда қазақ халқының өткеніне қатысты қолжазбалардың көшірмелері мемлекет тарапынан қабылданған әртүрлі бағдарламалар аясында елге әкелініп, түпнұсқа тілдерінен тікелей қазақ тіліне аударылып, біртіндеп ғылыми айналымға түсуде. Жазба ескерткішті түпнұсқа тілі арқылы тікелей зерделеу тың деректерге қол жеткізіп, зерттеуге өнімді нәтижелер беріп, жанашылдығын қалыптастыра бастады. Сондықтан зерттеушілер алдында белгілі қолжазбаларды назар аударылмаған жаңа қырдан қарастыру, басқа нұсқаларын анықтау, тың қолжазбаларды табу, бөліктері бар еңбектерді біріктіру және қайта қалпына келтіру сияқты міндеттер қойылған. Осындай қолжазбалардың қатарына ортағасырлық түркі мұрасының ажырамас бір бөлігі – Мысырда билік құрған (1260-1517) мәмлүк қыпшақтарының жазба мұрасы да жатады. Бұл мұраның бір бөлігі сол дәуірде жергілікті арабтарға түркі (қыпшақ) тілін үйрету мақсатында жазылған лексикографиялық және грамматикалық еңбектерден тұрады. Солардың бірі Андалусияда (қазіргі Испания) дүниеге келген ортағасырлық энциклопедист-ғалым Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китаб әл-Идрак лилисән әл-

этрак» («كتاب الإدراك للسان الأتراك») қысқ. атауы «Китаб әл-Идрак» еңбегі. XIV ғасырда жазылған бұл еңбектің Мысырдағы нұсқасынан басқа Түркияда екі нұсқасы бар. Қыпшақ даласынан әскери құл ретінде сатылған қыпшақтар жат жерде тек Мысыр мәмлүк мемлекетін ғана құрмай, жергілікті арабтардың тілі мен мәдениетімен бірге төл тілі мен мәдениеттің сабақтаса дамуына ықпал етті. Астанасы Каир қаласындағы қошқар мүйізі бар ғимараттар, жергілікті араб тіліне енген түркі-қыпшақ сөздері – XIII-XV ғасырлардағы қыпшақтар билігінің көрінісі. Автор ортағасырлық түркі тілдеріне жататын мәмлүк-қыпшақ тілінің морфология, синтаксис және лексика бөлімдерін сол замандағы әлемдік деңгейдегі тіл білімінің жетік әдістерін қолдану арқылы баяндайды. Зерттеу мақсаты – «Китаб әл-Идрак» кітабындағы түркі тілінің исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазндарын (сөздің қалыбы) талдау жасау арқылы мәмлүк-қыпшақ тілінің морфологиясына зерттеу жүргізу. Сөздерді морфологиялық уазндарға (сөз қалыптарына) салып топтастыру, түсіндіру, осы әдіспен сөздіктер құрастыру әдісі қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Ал орта ғасырдағы түркі грамматикасын зерттеуге арналған еңбектерде бұл әдіс бар. Тіпті М.Қашқаридің «Диуан луғат әт-турк» сөздігі де осы әдіспен жасалған. Сөздерді уазндарға салу әдісін, жолын меңгеру арқылы ортағасырлық түркі грамматикасын да тереңірек түсіне аламыз. Сонымен қатар ортағасырлық Қожа Ахмед Яссауидің «Диуани хикмет» секілді кітаптардың қолжазбасын оқуда және сондағы араб сөздерінің ортақ түбірін анықтауда да бұл әдіс көмекші құрал болады.

Бұл еңбек қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуде де маңызды дереккөз саналады. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты тың ойларға жетелейді. Түркі тілін араб тілді оқырмандарға түсіндіру барысында Әбу Хайян әл-Андалуси араб тілі мен түркі тілдерін қатар қойып, салыстыру, салғастыру әдістерімен зерттеу жүргізген. Бұл тіл білімінің салыстырмалы, салғастырмалы тарихи саласына сол ғасырда қосылған үлкен сүбелі зерттеу жұмысы болғандығын көрсетеді.

### **Материал және әдістер**

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китаб әл-Идрак лилисән әл-этрак» («كتاب الإدراك للسان الأتراك») қысқ. атауы «Китаб әл-Идрак») еңбегі таңдалды. Мақалада араб және түркі тілдеріндегі тілдік категорияларды түсіндіргенде салғастырмалы әдіс, түркі (мәмлүк-қыпшақ) тілі мен қазақ тіліндегі кейбір айырмашылықтарды, мысалдарды келтіргенде салыстырмалы әдіске, түркі тіліндегі уазндары талдау барысында сипаттама, топтастыру, жіктеу, кестеге салу әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ тіліндегі ғалымдар арасындағы пікір қайшылығын тудырған мәселеге тоқталғанда диахронды әдіс, ал қазақ тілінде жеткізу үшін аударма әдісі пайдаланылды. Зерттеу екі кезеңнен тұрады. Алдымен, «Китәб әл-Идракты» зерттеген шетелдік және отандық ғалымдарға кеңінен тоқталып, келесі кезеңде қарастырылып отырған қолжазбадағы түркі тілі исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазндарын талдауға, соларды кестеге салу арқылы түсіндіруге арнадық. Әбу Хайян еңбегінде көбінесе түркі тілі деп қолданылғанымен, кейбір жерде, әсіресе түркі тілдерінің арасында айырмашылықтар кездескенде, «мынау қыпшақша», «мынау түркіменше» деп жазады. Біз бұл мақалада осы түркі мен мәмлүк-қыпшақ сөздерін синоним ретінде қолдандық. «Уазн» терминін орта ғасырдағы түркітанушы М.Қашқари және Әбу Хайян әл-Андалуси секілді ғалымдар қолданғандықтан, біз де сол үлгіде қолдануды жөн санадық. Оның үстіне бұл термин қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайды. Әбу Хайян түркі сөз табын исм (есім: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік), фиғл (етістік) және харф (көмекші сөз) деп үшке бөлген. Осы жердегі «исм» сөзі қазақ тіліне тілдік тұрғыдан есім болып аударылғанымен, түркі тіліндегі «исм» термині мен қазақ тіліндегі «есім» терминінің айырмашылығы бар. Сондықтан «исм» терминін де сол қалпында қолдандық. Зерттеудің нәтижесі ретінде бұл уазндарды қазақ және өзге де түркі тілдерін араб тілді оқырмандарға түсіндіргенде қолдануды және қазіргі қазақ тілінің кей мәселесін талдауда осындай ортағасырлық түркі тілінің тарихи грамматикасына да назар аудару қажеттілігін алға тартамыз.

### **Әдебиетке шолу**

Әбу Хайян – орта ғасырдағы тіл білімі, оның ішінде, грамматика, лексикография, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі салаларында бірқатар құнды еңбек қалдырған, бірнеше тілді жетік меңгерген және сол тілдердің грамматикасын құрастырып шыққан лингвист ғалым. «Араб тілінің басшысы» (رأس العربية) деген лақап есімге ие болған (Al-Zahabi, 2006: 634) Әбу Хайяның түркі тілінің лексикасы мен грамматикасына қатысты бірнеше еңбегі бар: «Китаб әл-

Идрак» (морфология, синтаксис, лексика), «әл-Әфғал фи лисән әт-турк» (الأفعال في لسان الترك) (Түркі тіліндегі етістіктер) және «Заһу әл-мулк фи наху әт-түрк» (زهو الملك في نحو الترك) (Түркі синтаксисіндегі патшалықтың сән-салтанаты). Автор «Китаб әл-Идрагында» етістіктерге қатысты еңбегіне сілтеме жасауына қарағанда, бұны одан кейін жазғандығы анық. Әлемдік ғылыми ізденістер нәтижесінде бізге жеткені – «Китаб әл-Идрак» және оның үш нұсқасы. Соңғы нұсқасы таяуда Каир қаласының Ұлттық құжаттар кітапханасында табылды (Aldemir, 2019), қалған екі нұсқасы Стамбұл қаласының Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді (тіркеу №2896) және Стамбұл университетінің (№3856) кітапханаларында сақталған. Еңбек үш бөлімнен: кіріспеден, түркіше-арабша сөздіктен, түркі тілінің морфологиясы мен синтаксисін қамтыған ережелер бөлімінен тұрады. Әбу Хайян түркі тілін бір жағынан сол кездегі кітап дәстүрі бойынша, екінші жағынан оқырманына түсінікті болсын деп араб тілі грамматикасы негізінде дайындаған (Al-Andalusi, 1309). Түркі тілдерінің негізі саналатын М.Қашқаридың араб кітап дәстүрінде жазылған «Диуан луғат әт-турк» еңбегі де үш бөлімнен тұрады: кіріспе, грамматика, түркіше-арабша сөздік (Al-Kashgari). Түркі диалектологиясындағы орны жағынан «Китаб әл-Идрак» сөздігі Қашқари сөздігіне сәйкес келеді (Айвазян, 2021: 171).

Араб әлеміндегі «Китаб әл-Идракқа» қатысты зерттеулер ішінде араб тіл білімі зерттеушілері Рамадан Абдуттауаб (Abd al-Tawwab, 1997: 202), Абдуррахман Али Сулайман (Ali Sulaيمان, 2008: 73) Әбу Хайяның араб тіліне қосқан үлесіне тоқталады. Сол сияқты Мулайка Нағим (Malika Na'im: 9) энциклопедист-ғалымның салыстырмалы-салғастырмалы тіл біліміне қосқан үлесіне назар аударып, көбінесе хабаши тіліне қатысты жазған еңбектерінен мысалдар келтіреді де, «әл-Идрак» кітабына жеке тоқталмайды. Әбу Хайяның лингвистика ғылымына қосқан үлесі туралы академик Махмуд Фаһми Хижази де жазғанымен, «әл-Идрак» еңбегін зерттеу нысаны ретінде қарастырмаған (Hijazi). Сауд Арабиясындағы Тайф университетінің ғалымы Мунтасир Әмин Абдуррахим «әл-Идрак» кітабы негізінде араб лексикографиясындағы екі тілді сөздіктерді зерделеген. Ол Әбу Хайяның сөздік түзуде ұстанған принциптерін, басшылыққа алған дереккөздерін, кейбір қысқартылған сөздердің анықтамаларын зерттеп, мақала жариялаған (Abd al-Rahim, 2015).

Түркиядағы мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері, әсіресе «Китаб әл-Идракқа» қатысты бірнеше зерттеу жұмысы жүргізілген. Ортағасырлық араб тілінде жазылған түркі мәтіндерін түрік тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізуімен Б.Аталай (Atalay, 1945) айналысса, Жафороғлы (Caferoğlu, 1931) «Диуан луғат әт-туркке» қоса, «әл-Идракты» түрік тіліне аударған, И.Доған (Doğan, 2016) «әл-Идрак» еңбегінің тіл біліміне қосқан үлесі туралы зерттеу жүргізсе, В.Избудак (İzbudak, 1989) қолжазбаның Стамбұл нұсқасындағы негізгі мәтіннен бөлек жол жиектеріндегі (һәмиштегі) жазулардың біразын талдауға тырысқан. М.Өзйетгин (Özyetgin, 2001) қолжазбадағы морфология, оның ішінде етістік бөлімін қарастырса, мәмлүк-қыпшақ «Китаб Булғат әл-Муштак» жазба ескерткішінің бірнеше жыл бұрын табылған екінші Кастамону (Түркия) нұсқасын зерттеп, түрік тіліне аударған М.Салан «Китаб әл-Идрактың» бет жиектеріндегі (һәмиштегі) қосымша мәтінмен жұмыс жасап (Salan, 2017), сонымен қатар қолжазбадағы кірме сөздерді де анықтаған (Salan, 2012).

Батыс ғалымдары ішінде Польша шығыстанушысы А.Зайончковский (Зайончковский, 1961), (Зайончковский, 1964) XX ғасырдың орталарында мәмлүк қолжазбаларын зерделеген. Нидерланды түркітанушысы Р.Ермес қолжазбаның бірінші нұсқасын ағылшын тіліне аударған (Ermers, 1999). Кеңес одағы және ТМД елдеріндегі зерттеулер ішінде өткен ғасырдың 60-70 жылдары жазылған қазақстандық ғалым Ә.Құрышжановтың (Құрышжанов, 1970) мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жәдігерлерге қатысты еңбектерін, М.Маженованың (Маженова, 1966 а), (Маженова, 1966 б), (Маженова, 1969) қолжазба авторы мен рөліне қатысты зерттеулерін, өзбекстандық зерттеушілер Н.Расулова (Расулова, 1968), Н.Асилованың (Асилова, 1988) қолжазбаның бірінші нұсқасына қатысты жұмыстарын атап өтуге болады.

Қазіргі қазақстандық зерттеушілер ішінде Е.Есбосынов «Китаб әл-Идракты» зерттеу нысаны ретінде алғанымен, дереккөз ретінде А.Жафороғлы шығарған линотипті факсимилияны қолданды (Есбосынов, 2005), (Есбосынов, 2017). Татарстан зерттеушілері А.Меметов және И.Меметов негізгі түркі лексикографиялық еңбектер қатарына «Китаб әл-Идрак» сөздігін жатқызып, еңбектің екі нұсқасына (Меметов, 2020: 111) ғана қысқаша сипаттама берген. Ал мәмлүк-қыпшақ тілдік



ескерткіштермен айналысып жүрген қазақстандық зерттеушілер Б.Жұбатова (Жұбатова, 2019: 30), Қ.Аубакирова (Аубакирова, 2016), А.Мустафаева (Мустафаева, 2021), Н.Конкабаева (Конкабаева, 2020) және басқалар «Китаб әл-Идрак» қолжазбасының екі нұсқасын ғана атап, библиографиялық сипаттама бергенімен, аударма және зерттеу нысанына айналдырмаған. Басты себебі қолжазба мәтінінің, әсіресе жол жиектеріндегі мәтін жазуының күрделілігінде болса керек. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштеріндегі пареомнологиялық жүйені қарастырған Ж.Алашбаева (Алашбаева, 2021), XIV ғасыр жазба ескерткіштері мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттеген М.Сабыр (Сабыр, 2004) еңбектерінде «Китаб әл-Идрак» назардан тыс қалады. Сонымен «Китаб әл-Идрак» қолжазбасы үш нұсқасы негізінде түпнұсқа тілдерінен қазақ тіліне аударылмады. Сондықтан «Китаб әл-Идрак» кітабы әлі де болса салғастырмалы-тарихи тіл білімі тұрғысынан зерттеуді қажет ететін еңбек деп санаймыз.

Жоғарыда аталған еңбектерде осы еңбектің сарф (морфология) бөлімінде келген түркі тілінің исм (есім) сөздерінің морфологиялық уазындарына талдау жасалмаған. Біз осы мақалада сол түркі тіліндегі исм сөздердің морфологиялық уазндарын талдауды зерттеу нысаны ретінде алып отырмыз.

### Нәтижелер және талқылау

Араб тілінде, жоғарыда көрсетілгендей, үш сөз табы бар, олар: исм, фиғл және харф. Әбу Хайян да түркі тіліндегі сөздерді осындай үш сөз табына бөлген. Біздің мақалада осы исм сөздердің морфологиялық уазндары сөз болады.

Уазн – араб тіл біліміне тән лингвистикалық термин, әсіресе морфология (сарф) саласында жиі қолданылады. Қопармалы (флективті) араб тілінде түбір сөз бен оның түрленуінің, сол түбірден шыққан туынды сөздердің белгілі бір қалыптасқан қалыптары болады, яғни префикс, инфикс, суффикстердің түбірге жалғануының формулалары немесе қалыптары бар. Осы қалыптарды негізге алып, басқа да түбір сөздер мен оның түрленуін, одан шыққан туынды сөздерді жасауға болады. Араб лингвистері осы қалыпты «уазн» деп атайды. Әбу Хайян әл-Андалуси және Махмуд Қашқари өз еңбектерінде түркі тілінің осындай уазндарын, яғни морфологиялық қалыптарын жасауға тырысқан. Олар орта ғасырдың өзінде басқа ғылымдар секілді лингвистика ғылымында да әлемде көш бастаған араб ғалымдарының әдісімен түркі тілінің грамматикасын жасап түсіндірген. Олар агглютинативтік сипаты бар түркі тілінің аффикстерін флективті сипаты бар араб тілінің морфологиясын түсіндіру әдісімен түсіндіруге тырысқан. Сондықтан да «Диуани луғат әт-түрк» және «Китаб әл-Идрак» типологиясы екі түрлі түркі тілі мен араб тілін салғастыра зерттеген ғылыми еңбектер саналады. Екінші жағынан түркі тілдерінде орта ғасырлардан бері тіл біліміне қатысты зерттеулердің кешенді жүргізілгендігін айғақтайды.

Ғалымдар араб тіліндегі сөздердің көпшілігі үш әріптен тұратындықтан, олардың түбір немесе тірек уазнының негізгі әріптері етіп الفاء والعين واللام фа, айн және ләм әріптерін таңдап алған. Ол араб тіліндегі фаьалә сөзі «істеу», «жасау» мағыналарын беретін етістіктен алынған (Мухитдинов, 2024: 89). М. Қашғари да, Әбу Хайян да түркі тілінің морфологиясын түсіндіргенде осы араб морфологиясындағы сөздердің қалыбын жасау әдісін қолданған. Олар еңбектерін араб тілді оқырмандарға арнап жазғандықтан, соларға жеңіл болсын деген мақсатта да осы әдісті қолданған деген болжам айта аламыз. Қазақ тілді оқырманға жеңіл болсын деген мақсатпен, біз уазндардың оқылуын жазған кезде айн әрпін қазақ тіліндегі оған ең жақын «ғ» дыбысының таңбасымен бердік.

Араб тілінде дауысты әріптерге әріп таңбасы берілмей, дауыссыз дыбыстардың таңбаларының үсті не астына харакат (фатха (а/ә), дамма (у), касра (и)) белгісі ретінде беріледі. Мысалы, олар دَرَسَ «дәрасә» (оқу, зерттеу) сөзін үш әріпті, تَرَجَمَ «тәржәмә» (аудару) сөз деп санайды. Біздің түсінігімізде, екеуі де үш буынды сөз, олар сөзді буынға емес, сөз құрамындағы дауыссыз әріптердің санына қарай бөледі. Бізде болса бұл әдіс қолданылмайды. Осы әдіспен Әбу Хайян әл-Андалуси де түркі сөздерін араб лингвистері секілді сөз құрамындағы дауыссыз әріптердің санына қарай бөлген. Оның ойынша, түркі тіліндегі بُ «бу» (бұл), صُو «су» (су) сөздері бір әріпті, ал بِيْت «бит» (бит), بَر «бар» (бар) сөздері екі әріпті саналады, яғни ол мәмлүк-қыпшақ тіліндегі түркі сөздерінің морфологиялық сипаттамасын, талдауларын араб тіліндегі морфологиялық ережелер арқылы түсіндірген.

Осы жерде назар аударатын бір мәселе бар. Әбу Хайян әл-Андалуси «Сарф» (Түркі тілінің



морфологиясы) бөлімінде түркі тіліндегі сөз табын түсіндіріп жатқанда: والاسم أحادي وثنائي وثلاثي ورباعي وخماسي. الأحادي متحرك بضمة ومتحرك بفتحة ومتحرك بكسرة ومثال ذلك صو و يا و جي. والحروف التي بعدها إشباع وليس «Исм (есім сөз, бұған қазақ тіліндегі етістіктен басқа зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу жатады) ахади (бір әріпті), сунәи (екі әріпті), суләси (үш әріпті), рубағи (төрт әріпті) және хумаси (бес әріпті) болуы мүмкін. Бір әріпті сөздер дамталы, фатхалы және касралы болып келеді. Мысалы: صو су, يا иә және جي жи. Осы сөздерден кейін келген әріптер (яғни уау, әлиф және иә әріптері) тойдырушы (ишбағ) және сөзде түбір әріптер емес. Сол секілді барлық үш мәд және лин (созылыңқы дауысты әлиф, уау және иә әріптері) бұл тілде (яғни түркі тілінде түбір әріп бола алмайды. Олар тек харакаттардың тойдырушысы ғана болады», – деген (Al-Andalusi, 1309 h: 126). Біз «тойдырушы» деп аударған (إشباع) «ишбағ» сөзі бір нәрсені толықтыру, қанықтыру, сіңіру) деген мағыналарды береді (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 361-362). Бұл жерде «ишбағ» термині қазақ тілінде дауысты дыбыстың ұзартылуы немесе соған екпін бере айту, дыбысты қанық ету деген мағынаға келеді. Әбу Хайян түркі тілінде бір әріпті сөздердің харакаттары (қысқа дауысты әріптер) дамталы (у), фатхалы (а/ә) және касралы (и) болып келе беретіндігін айтады. Оның пікірінше, бір буынды сөздегі соңғы дауысты түбір әріп емес, ол түбірдегі қысқа дауыстыны толықтырушы, ұзартушы, дыбысты қанық етуші функциясын атқару үшін қосылады. Ол осы ереже үш мәд және лин әріптеріне қатысты деп санайды. Әбу Хайян оған صو (су), يا (иә) және جي (жи не ши) сөздерін мысал ретінде келтіреді. Бұл қазіргі қазақ тілі мамандары арасында дау тудырып жатқан мәселе. Ол түркі тіліндегі «بِت» «бит» (бит) сөзіндегі «и» дыбысын «بَر» «бар» (бар) сөзіндегі «а» дыбысы секілді харакатпен белгілеген. Яғни ол түркі тілінде дауысты и бар деп санайды. Әбу Хайяның бұл пікіріне сүйенсек, қазақ тілінде сұу емес, су, бұу емес, бу, барұу емес, бару, бйит емес, бит болып жазылғаны дұрыс. Әрине бұл мәселе басқа зерттеудің тақырыбы болғандықтан, сол тақырыпты зерттеушіге ой салу үшін ғана атап өттік. Егер Әбу Хайяның осы пікірін негізге алсақ, түркі тілінде бір буынды сөздердің үш уазны бар. Олардың жазылуы бір, тек харакаттары әртүрлі болып келеді. Ол ف уазны. Егер осы уазнды харакаттарымен беретін болсақ: فُ фу, فَ фа және فِ фи уазндары шығады. Тек қысқа дауыстыларды созып, қанық қылып айту үшін соңына сол қысқа харакатқа сай әріп жазылғанда في, فاه, فاه болып айырмашылықтары көрінеді. Осы үш уазнға Әбу Хайян жоғарыдағы صو (су), يا (иә) және جي (жи немесе чи) сөздерін мысалға келтірген.

Ескерту: араб тілінде қысқа дауыстылар әріп ретінде жазылмай, дауыссыз әріптердің асты не үстіне таңбаланатындықтан, сөздердің уазндарын жазғанда олардың айырмашылықтары көрінбей қалады.

Әбу Хайян екі әріпті сөздердің он екі уазнын береді және осы уазндардың барлығы مسموع мәсмуғ (естілген) деп айтады. Осы «мәсмуғ» сөзін екі түрлі түсінуге болады. Біріншісі, яғни осы уазндарда келген сөздерді түркілердің сөздерінен естуге болады. Екіншісі, бұл араб тіліндегі *самағи* ұғымында қолданылуы мүмкін. Егер осы *самағи* (естілген) деген мағынада қолданған болса, онда осы уазнды негіз етіп, оған басқа түбірлерден туынды сөздер жасай алмаймыз. Біздің пікірімізше, Әбу Хайян бұл сөзді бірінші мағынасында қолданған. Яғни осы он екі уазндағы сөздердің барлығы түркілердің қолданысында кездеседі.

Кесте 1 – Екі әріпті сөздердің уазндары

Таблица 1 – Вазны двухбуквенных слов

Table 1 – Wazns of two-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فُ	Фағ	سُن	Сән
2	فَ	Фиғ	كِم	Ким
3	فِ	Фуғ	يُز	Юз
4	فُه	Фағу	قُع	Қағу
5	فاه	Фаға	ار	Ара
6	فاهи	Фағи	ار	Ари
7	فاهу	Фуғу	ار	Уру
8	فاهи	Фиғи	يُ	Ити

## 1-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

9	فَعَّ	Фуға	فَعَّ	Буға
10	فَعَّ	Фиға	فَصَا	Қиса
11	فَعَّ	Фиғу	فَسُو	Бису
12	فَعَّ	Фуғи	فَطِي	Тули

Жоғарыдағы Кесте 1 қарасақ, кейбірі бір буынды, кейбірі екі буынды сөздер, алайда барлығында екі ғана дауыссыз дыбыс бар. Ескерту: араб тілінде сөз басында келген дауысты дыбысқа тіректің қызметін атқарушы һамза (жоғарыдағы мысалдарда <sup>1</sup> таңбасы қойылған) дауыссыз әріптің қызметін атқарады. Әбу Хайян осы ережені түркі тілдеріне қолданған. Оған осы кестедегі сөздер дәлел болады. Егер қазіргі қазақ сөздерін осы уазнға (сөз қалыбына) салатын болсақ, *жер, тер, бек, тек, бес, тез* секілді сөздердің уазны (қалыбы), *үкі, екі* секілді сөздердің уазны (қалыбы), *ара, ата, ана* сөздерінің уазны (қалыбы) бір болып шығады.

Әбу Хайян үш әріпті сөздердің уазндары көп, олардың жиырма алтысы масмуғ (естілген) дейді (Al-Andalusi, 1309 h: 127). Оның келтірген уазндарын кестеге салып, оқылуымен бірге көрсетсек (Кесте 2).

Кесте 2 – Үш әріпті сөздердің уазндары

Таблица 2 – Уазны трёхбуквенных слов

Table 2 – Wazns of three-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعَّل	Фағл	أَزَد	Ард
2	فَعَّل	Фиғл	صِرَتْ	Сирс
3	فَعَّل	Фуғл	كُرْتُ	Курт
4	فَعْلَى	Фағлә	بَرَجَا	Баржа
5	فَعْلَى	Фағли	صَعْرِي	Саржи
6	فَعْلُو	Фағлу	قَرَعُو	Қарғу
7	فَعْلَى	Фағалә	بَرَصَا	Бараса
8	فَعْلِي	Фағали	طَرَزِي	Тарази
9	فَعْلُو	Фағалу	أَبَكُو	Абаку
10	فَعْلَا	Фиғлә	سِرْكََا	Сиркә
11	فَعْلِي	Фиғли	دِرْكِي	Дирки
12	فَعْلُو	Фиғлу	أَنَحُو	Инху
13	فَعْلَى	Фуғлә	أَرْتَا	Уртә
14	فَعْلُو	Фағлу	كُتْرُو	Кубру
15	فَعْلِي	Фуғли	بُكْرِي	Букри
16	فَعْلُو	Фуғулу	أَبْرُو	Убуру
17	فَعْلُو	Фағалу	بُقَوُو	Буқауу
18	فَعْلُو	Фиғалу	بَلَكُو	Бикәлу
19	فَعَّل	Фағал	أَتَكَ	Әтәк
20	فَعَّل	Фағил	أَدَكَ	Әдик
21	فَعَّل	Фағул	كُرُج	Кәруж
22	فَعَّل	Фуғал	كُرْزَل	Кузәл
23	فَعَّل	Фуғул	أَرُم	Уруз
24	فَعْل	Фиғил	كُجِيت	Кижит
25	فَعَّل	Фиғал	كُشِن	Кишән
26	فَعَّل	Фиғул	بَلَك	Дилук

Осы әдіспен қазіргі қазақ тілін араб тілді аудиторияға үйрететін болсақ, *сірне, серке* секілді сөздерді бір уазнда, *бігіз, сегіз* секілді сөздерді бір уазнда, *тоқым, соғым* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян төрт әріпті сөздердің уазндары да көп, олардың отыз үші масмуғ деген.

Кесте 3 – Төрт әріпті сөздердің уазндары  
 Таблица 3 – Уазны четырёхбуквенных слов  
 Table 3 – Wazns of four-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعْلَلْ	Фағлал	أَتَمَكْ	Әтмак
2	فُعْلُلْ	Фуғлул	بُرْسُقْ	Бурсук
3	فُعْلِلْ	Фиғлил	جَبْجَجْ	Жинжик
4	فُعْلَلْ	Фуғлал	أَجْمَقْ	Ужмақ
5	فُفْلَلْ	Фиғлал	بِرْكَكْ	Биркәк
6	فُعْلُلْ	Фиғлул	كِرْبُكْ	Кирбук
7	فُعْلِلْ	Фағлил	بِلْطِرْ	Билтир
8	فُعْلُلْ	Фағлул	أَطْشُقْنْ	Ташқун
9	فُعْلُلْ	Фағулал	أَرَاغَتْ	Әрағат
10	فُعْلِلْ	Фағилал	أَنْلِكَ	Әнлик
11	فُعْلُلْ	Фағулал	أَيْنُقْ	Уйануқ
12	فُعْلُلْ	Фуғулал	أَيْكُنْ	Уйукан
13	فَعْلَلْ	фағалал	بَبْجَجْ	Бабажук
14	فُعْلَلْ	Фағалал	صَزَغَنْ	Сазған
15	فُعْلِلْ	Фуғалил	بُصْرَقْ	Бусариқ
16	فُعْلِلْ	Фиғалил	بِلْزَكْ	Биләзик
17	فُعْلَلْ	Фиғалал	جَعَنْقْ	Жиғанақ
18	فُعْلِلْ	Фиғилил	إِسِيلِكْ	Исилик
19	فِعْلَلِي	Фиғиллә	إِسِرْغَا	Исирға
20	فِعْلَلِي	Фиғилли	إِكْنَدِي	Икинди
21	فِعْلَلِي	Фағилли	الْئَجِي	Әлинжи
22	فُعْلُلِي	Фуғуллә	سَبْرُكَا	Субурка
23	فُعْلُلِي	Фағуллә	صَقْرُغَا	Сақурға
24	فَعْلَلُو	Фағаллу	قَرْلُدُو	Қаранду
25	فُعْلَلُو	Фуғуллу	قُبْرُغُو	Қуйурғу
26	فُعْلَلِي	Фуғулли	قُبْرُجِي	Қуйунжи
27	فُعْلَلِي	Фағлилә	قَطْرِعَا	Қатриға
28	فُعْلَلِي	фуғлалә	قُرْبَاغَا	Қурбаға
29	فُعْلَلِي	Фағләли	شَبَّابِي	Шабшаби
30	فُعْلَلِي	фуғләли	قُلْجِي	Қулунжи
31	فُعْلَلُو	Фуғлалу	قُنْرَاوُو	Қунрауу
32	فَعْلَلُو	Фағлалу	دَمْرَاكُو	Дамраку
33	فُعْلِلْ	Фағилл	شَكْرَدْ	Шәкирд

Осы әдіспен қазіргі қазақ тілін араб тілді аудиторияға үйрететін болсақ, *бармақ, жаңғақ, саусақ, бастау, жайлау, сайлау* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян бес әріпті сөздердің уазндары көп, олардың жиырма үші масмуғ (естілген) дейді (Al-Andalusi, 1309 h: 127). Оның келтірген уазндарын кестеге салып, оқылуымен және мысалымен бірге көрсетсек (Кесте 4).

Кесте 4 – Бес әріпті сөздердің уазндары  
 Таблица 4 – Уазны пятибуквенных слов  
 Table 4 – Wazns of five-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعْلَلَلْ	Фағлалал	أَرَقَطَقْ	Арқатақ
2	فُعْلَلَلْ	Фуғлалал	أَرْمَجَكْ	Урмажак
3	فِعْلَلَلْ	Фиғлалал	صِرْطَلَنْ	Сиргалан
4	فُعْلَلِلْ	Фиғлилил	بِلْتِرِكْ	Билтирик
5	فَعْلَلَلْ	Фағлалул	جَاتْلَاوُكْ	Жатлауук
6	فُعْلَلِلْ	Фағләлил	قَصْطَلِيقْ	Қасталик

## 4-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 4 / Continuation of Table 4

7	فَعَالِل	Фуғлулул	مُشْتَلِق	Муштулук
8	فَعَالِل	Фағлулул	يَلْدُرُك	Йәлдурук
9	فَعَالِل	Фиғлаләл	يَلْدُرُق	Билдарак
10	فَعَالِل	Фағалләл	أَرْسَلَن	Әраслан
11	فَعَالِل	Фуғулләл	أَصْرَمَق	Усурмак
12	فَعَالِل	Фуғуллул	أَغْرَجُق	Уғуржук
13	فَعَالِل	Фағулләл	أَغْرَشُق	Ағуршак
14	فَعَالِل	Фағилләл	أَغْنَج	Әгинғаж
15	فَعَالِل	Фуғаллил	بُذْرُك	Бузарлик
16	فَعَالِل	Фағиллил	يَغْرَلِق	Йәғирлик
17	فَعَالِل	Фуғалләл	جَوْلَز	Жууалдуз
18	فَعَالِل	Фиғилләл	سَيْلِدُق	Сибилдак
19	فَعَالِل	Фуғуллил	طَفْرَجِن	Тукуржин
20	فَعَالِل	Фағаллул	طَغْرَجُق	Тағаржук
21	فَعَالِي	Фағлуллә	قَبْطُرْغَا	Табкурға
22	فَعَالِي	Фағуллулә	قَمْرُصَنَّا	Қамурсуға
23	فَعَالِي	Фағалләли	كَسَالْتَكِي	Кәсәлтәки

Осы әдіспен қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық қалыбын (уазнын) жасайтын болсақ, *бүлдіргі*, *күйдіргі* секілді сөздерді бір уазнда келетін сөздер ретінде мысалға келтіруге болатын еді.

Әбу Хайян әл-Әндалуси түркі тілінде алты әріптен тұратын сөздердің сирек кездесетінін және оған қатысты бірнеше уазнның бар екенін жазады (Al-Andalusi, 1309 h: 129).

Кесте 5 – Алты әріпті сөздердің уазндары

Таблица 5 – Уазны шестибуквенных слов

Table 5 – Wazns of six-letter words

№	Уазн	Оқылуы	Мысалы	Оқылуы
1	فَعَالِلِل	Фиғиллилил	يَلْدُرَجِن	Билдиржин
2	فَعَالِلَل	Фағилләләл	صَرْنَجَقِن	Саринжакан
3	فَعَالِلِل	Фиғлуллул	قَلْفَيْرُق	қилқуйрук
4	فَعَالِلِل	Фағуллулул	كَمَلْدُرُك	Кәмулдурук
5	فَعَالِلِل	Фуғлулләл	الطَّرْفَج	Ултурқаж

Қазіргі қазақ тілінде де осы уазндарға сай келетін түбір сөздер сирек кездеседі екен. Мысал ретінде *бүлдірген* сөзін келтіруге болады.

Әбу Хайян әл-Андалусидің тәсілімен қарайтын болсақ, мәмлүк-қыпшақ тілінде есім сөздер екі, үш, төрт, бес және алты әріпті болып келеді екен және алты әріпті сөздер сирек кездеседі. Олардың уазндарының жалпы саны – 99.

### Қорытынды

Бұл мақалада Әбу Хайян әл-Андалусидің «Китәб әл-Идрак» еңбегінде баяндалған түркі тіліндегі исм (есім) сөздердің морфологиялық уазндарын (сөз қалыбы) талдау жасау мақсат тұтылды. Зерттеу барысында араб тілі мен түркі тілдерінің морфологиясын түсіндіруде салыстырмалы-салғастырмалы әдіс қолданылды. Түркі тілінің уазндарын сипаттама жасау, топтастыру, жіктеу, кестеге салу әдістері арқылы қарастырылды.

«Идрак» кітабындағы түркі тіліндегі есім сөздердің морфологиялық уазндарын талдай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

- Әбу Хайяның түркі тілін үйренуші, зерттеуші араб тілді оқырмандарға арнап түркі тілінің морфологиясын түсіндіргенде флективті тілге жататын араб тілінің морфологиялық уазндарын (сөз қалыбы) түсіндіру әдісін қолданған. Бұл әдісті М. Қашқари де қолданған;

- Әбу Хайян шет тілін түсіндіруде салғастырмалы әдісті қолданған. Бұл әдіс түркі тілді халықтар үшін ауыр болғанымен, араб тілді оқырмандар үшін жеңіл болуы мүмкін;

- қазіргі кезде осы әдісті қазақ және өзге де түркі тілдерін араб тілді ортаға түсіндіргенде

немесе соларға арнап оқулық жасауда қолданып көруге болатын, тәжірибеден өткізіп көретін әдіс деп санаймыз;

- «Идрак» кітабы қазақ тілінің тарихын зерттеуде, тарихи грамматикасын қалыптастыруда негізгі дереккөзі болатын ғылыми еңбектердің бірі деп айта аламыз;

- бұл еңбек араб тілділерге түркі тілін үйрететін оқулық қана емес, сонымен қатар салғастырмалы тіл білімінің іргелі ғылыми зерттеуі болып табылады.

### Әдебиеттер

Айвазян Ш. Категория падежа в мамлюкско-кыпчакском языке по Китаб аль-Идрак ли лисан аль-атрак Абу Хайяна аль-Гарнати // *Caucaso-Caspica*. – №6. – 2021. – С. 171-174. DOI 10.48200/9789939672694\_171

Алашбаева Ж.Н. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе: 6D021200 – Түркітану бойынша PhD ... дис. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 154 б.

Арабша-қазақша сөздік. – Алматы: «Нұр-Мүбәрәк» баспасы, 2016. – 918 б.

Асилова Н.А. Об источниках «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» Абу Хайяна // *Советская тюркология*. – Алма-Ата, 1988. – №4. – С. 48-51.

Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): Шығыстану мамандығы бойынша PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 181 б.

Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Әбу Хайян еңбегі бойынша XIV ғ.): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 196 б.

Есбосынов Е.З. «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» қолжазба ескерткішінің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне (сөзжасам) шолу // *ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы*. – 2017. – №2 (81). – С. 140-146.

Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 235 б.

Зайончковский А.А. Арабско-кыпчакский словарь эпохи государства мамлюков // *Сообщения польских ориенталистов*. – Москва: Наука, 1961. – С. 36-44.

Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь из государства мамлюков // *Народы Азии и Африки*. Москва: Наука, 1964. – № 3. – С.111-116.

Конкабаева Н.Н. «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркия» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация: Түркітану мамандығы бойынша PhD ... дис. – Алматы, 2020. – 242 б.

Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 с.

Маженова М.Н. Әбу-Хайяның түркі тілдерінің түсіндірме кітабында берілген дауыссыз дыбыстар жайындағы деректер // *Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Сб. статей аспирантов и соискателей*. – Алма-Ата, 1966. – №4. – С. 114-120.

Маженова М.Н. Әбу-Хайян еңбегінің грамматикалық очерктері // *Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Сб. статей аспирантов и соискателей*. – Алма-Ата, 1966. – №6. – С. 28-37.

Маженова М.Н. Абу-Хайян – исследователь кипчакского языка: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1969. – 53 с.

Меметов А.М., Меметов И.А. Тюркские лексикографические работы XI–XIV веков, относящиеся к развитию востоковедения в Крыму // *Филология: научные исследования*. – 2020. – №1. DOI:10.7256/2454-0749.2020.1.31775 URL: [https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=31775](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=31775)

Мустафаева А.А., Аубакирова Қ.Қ. Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Алтын Ордадағы тілдік жағдай мен түркі тілінің мәртебесі // *ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы*. – 2021. – №2 (97). – 17-25-бб. <https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v97.i2.02>

Мухитдинов Р.С. «Диуан луғат әт-турк» – түркітану темірқазығы: монография. 2-басылым. / – Алматы: Akadem kitap, 2024. – 148 бет.

Расулова Н. Абу Хайян и его книга «Китаб ал-идрак ли-лисан алатрак» // *Общественные науки в Узбекистане*. – 1968. – №10. – С. 46-48.

Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде): филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 305 б.

213. أبو حيان الأندلسي. كتاب الإدراك للسان الأتراك، مطبعة عامره، 1309. ص.

رمضان عيد التواب. المدخل إلى علم اللغة ومناهج البحث اللغوي. – القاهرة: مكتبة الخانجي، 1997. م. – ص. 320.

685. شمس الدين أبو عبد الله محمد بن أحمد بن عثمان بن قايماز الذهبي. سير أعلام النبلاء. – القاهرة: دار الحديث، 2006. – ص.

عبد الرحمن علي سليمان. توضيح المقاصد والمسالك بشرح ألفية ابن مالك. – القاهرة: دار الفكر العربي، 2008. – ص. 578.

Ankara: Kültür Bakanlığı, 1990 s. 628. محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك

محمود فهمي حجازي. علم اللغة العربية مدخل تاريخي مقارنة في ضوء التراث واللغات السامية. – الكويت: وكالة المطبوعات.

ملیكة ناعیم. أبو حیان الغرناطي (ت. 745 هـ) واللغات السامية // *مجلة الدراسات الأدبية والفكرية*. – ص. 9.

منتصر أمين عبد الرحيم. المعجم ثنائية اللغة في التراث العربي. – بوخارست، مركز جامعة بوخارست للدراسات العربية، 2015. – ص. 135-154.

Aldemir Ü. Nüshaları ışığında Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk // *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten*. 2019. №67 (Haziran). S. 65-86.

Atalay B. Ettuhfet-üz-zekiyye fil-Lûgat-it-Türkiyye. İstanbul: TDK Yayınları, 1945.



- Caferoğlu A. Kitâb al-İdrâk li-Lisân al-Atrâk. İstanbul: Evkaf Matbaası, 1931.
- Doğan Y. Ebû Hayyân el-Endelüsî'nin Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk adlı eserinin dilbilim açısından incelenmesi // Cumhuriyet Üniversitesi İlahiyat Dergisi. 2016. №20. S. 329-348.
- Ermers R. Arabic grammars of Turkic, the Arabic linguistic model applied to foreign languages & translation of Abû Hayyân al-'Andalusî's Kitâb al-'İdrâk li-Lisân al-Atrâk. Leiden: Brill, 1999. 456 p.
- İzbudak V. El-İdrak haşiyesi. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınevi, 1989.
- Özyetgin M. Ebû Hayyân Kitâbu'l-İdrâk li L isâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Bir Gramer ve Sözlük Denemesi // Tengrim Türklük Bilgisi Araştırmaları Dizisi. Ankara, 2001. 798 s.
- Salan M. Kitâbu'l-İdrâk Haşiyelerinin Özgün Söz Varlığı ve Anadolu Türkçesindeki Karşılıkları // Bartın University Journal of Faculty of Letters. Vol 2 (1). Bartın, 2017. S. 103-114.
- Salan M. Kitâbu'l-idrak li lisâni'l-etrâk'te alinti kelimeler /loanwords in kitab al-idrak li lisan al-atrak // Gazi Türkiyat, 2012. №1 (11). S. 53-66.

## References

- Abd al-Rahman, Ali Sulayman. (2008) Tawdhih al-Maqasid wa-al-Masalik bi-Sharh Alfıyyat Ibn Malik. Cairo: Dar al-Fikr al-Arabi, 578 p. (in Arabic)
- Abu Hayyan, al-Andalusî. (1309) Kitab al-Idrak li-Lisan al-Atrak. Matba'a 'Amira, 213 p. (in Arabic)
- Aivazjan, Sh. (2021) Kategorija padezha v mamljuksko-kypchakskom jazyke po Kitab al-Idrak li-Lisan al-Atrak Abu Hayyana al-Garnati. Caucaso-Caspica. №6. S. 171-174. DOI: 10.48200/9789939672694\_171 [Ayvazyjan, Sh.(2021) Case category in the Mamluk-Kipchak language according to Kitab al-Idrak li Lisan Al-Atrak Abu Hayyan Al-Garnati. Caucaso-caspica. No.6. P. 171-174. DOI 10.48200/9789939672694\_171] (in Russian)
- Alashbaeva, Zh.N. (2021) Orta gasyr turki zhazba eskertkishi tilindegi paremiologijalyg zhuje. 6D021200 – Turkitanu bojnsha PhD darezhesin alu ushin dis. Nur-Sultan, 154 b. [Alashbayeva, Zh.N. (2021) Paremiological System in the Languages of Medieval Turkic Written Monuments: PhD. dis. in Turkology. Nur-Sultan, 154 p.] (in Kazakh)
- Aldemir, Ü. (2019) Nüshaları ışığında Kitabu'l-İdrak li-Lisani'l-Etrak. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten. № 67 (Haziran). S. 65-86 (in Turkish)
- Al-Zahabi Shams al-Din Abu Abdullah Muhammad ibn Ahmad ibn Uthman ibn Qaymaz (2006) Siyar A'lam al-Nubala'. Cairo: Dar al-Hadith, 685 p. (in Arabic)
- Arabsha-qazaqsha sozdik (2016) Almaty: Nur-Mubarak baspa uji, 918 b. [Arabic-Kazakh Dictionary (2016) Almaty: Nur-Mubarak Publishing, 918 p.] (in Kazakh)
- Asilova, N.A. (1988) Ob istochnikah "Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak" Abu Khayyana. Sovetskaja tjurkologija. Alma-Ata, №4. S. 48-51. [Asilova N.A. (1988) About the sources of "Kitab al-idrak li-lisan al-atrak" by Abu Hayyan. Soviet Turkology. Alma Ata, No. 4, P. 48-51.] (in Russian)
- Atalay, B. (1945) Ettuhfet-üz-zekiyye fil-Lûgat-it-Türkiyye. İstanbul: TDK Yayınları. (in Turkish)
- Aubakirova Q.Q. (2016) Mamlukter biligi kezindegi yurki-arab madeni tildik bailanystary (XIII-XV g.): Shygystanu mamandygy bojnsha PhD ... dis. Almaty, 181 b. [Aubakirova, Q.Q. (2016) Cultural and Linguistic Connections of Turkic-Arabic during the Mamluk Rule (XIII-XV Centuries): PhD ... Dissertation in Oriental Studies. Almaty, 181 p.] (in Kazakh)
- Caferoğlu, A. (1931) Kitâb al-İdrâk li-Lisân al-Atrâk. İstanbul: Evkaf Matbaası. (in Turkish)
- Doğan, Y. (2016) Ebû Hayyân el-Endelüsî'nin Kitâbu'l-İdrâk li-Lisâni'l-Etrâk adlı eserinin dilbilim açısından incelenmesi. Cumhuriyet Üniversitesi İlahiyat Dergisi. №20. S. 329-348. (in Turkish)
- Ermers, R. (1999) Arabic Grammars of Turkic: The Arabic Linguistic Model Applied to Foreign Languages & Translation of Abû Hayyân al-'Andalusî's Kitâb al-'İdrâk li-Lisân al-Atrâk. Leiden: Brill, 456 p. (in English)
- İzbudak, V. (1989) El-İdrak haşiyesi. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınevi. (in Turkish)
- Kuryshzhanov, A. (1970) Issledovanie po leksike starokypchakskogo pis'mennogo pamjatnika XIII v. "Tjurksko-arabskogo slovarja". Alma-Ata: Nauka, 234 s. [Kuryshzhanov, A. (1970) A study on the vocabulary of the Starokypchak written monument of the XIII century "The Turkic-Arabic dictionary". Alma Ata: Nauka, 234 p.] (in Russian)
- Mahmud, Fahmi Hijazi. (n.d.) 'Ilm al-Lughah al-Arabiyya: Madkhal Tarikhi Muqaran fi Daw' al-Turath wa-al-Lughat al-Samiyya. Kuwait: Wakala al-Matbu'at. (in Arabic)
- Mahmud, ibn al-Husayn al-Kashgari (1990) Kitab Diwan Lughat al-Turk. Ankara: Kültür Bakanlığı, 628 s. (in Turkish)
- Malika, Na'im. Abu Hayyan al-Gharnati (d. 745 AH) wa-al-Lughat al-Samiyya. Majallat al-Dirasat al-Adabiyya wa-al-Fikriyya. 9 p. (in Arabic)
- Mazhenova, M.N. (1966) Abu-Hajannyng turki tilderining tusindirme kitabynda berilgen dauyssyz dybystar zhajyndagy derekter. Qazaq tili men adebiet maseleleri. Sb. statej aspirantov i soiskatelej. Alma-Ata. №4. 114-120-bb. [Mazhenova, M.N. (1966) Abu-Khayyan's observations about consonants in Turkic languages from his explanatory book. Kazakh Language and Literature Problems: Graduate and Aspirant Articles Collection. Alma-Ata, №4. S. 114-120.] (in Russian)
- Mazhenova, M.N. (1966) Abu-Hajan engbegining grammatikalyq ocherkteri. Qazaq tili men adebiet maseleleri. Sb. statej aspirantov i soiskatelej. Alma-Ata. №6. B. 28-37. [Mazhenova, M.N. (1966) Grammatical Essays on Abu-Khayyan's work. Kazakh Language and Literature Problems: Graduate and Aspirant Articles Collection. Alma-Ata, №6. P. 28-37.] (in Kazakh)
- Mazhenova, M.N. (1969) Abu-Hajan – issledovatel' kypchakskogo jazyka. Avtoreferat dis. na soiskanie stepeni kand. nauk. Alma-Ata, 53 s. [Mazhenova, M.N. (1969) Abu-Hayyan is a researcher of the Kipchak language: abst. of the dis. Candidate of Sciences. Alma-Ata, 53 p.] (in Russian)

Memetov, A.M., Memetov, I.A. (2020) Tjurkskie leksikograficheskie raboty XI–XIV vekov, odnosjashiesja k razvitiju vostokovedenija v Krymu. Filologija: nauchnye issledovanija. №1. [Memetov, A.M., Memetov, I.A. (2020) Turkic Lexicographic Works of the XI-XIV Centuries Related to the Development of Oriental Studies in Crimea. Philology: Scientific Researches. №1. DOI: 10.7256/2454-0749.2020.1.31775. URL: [https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=31775](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=31775)] (in Russian)

Muhitdinov, R.S. (2024) «Duan lugat at-turk» – turkitanu temirqazygy: monografija. 2-basylym. Almaty: Akadem kitap, 148 b. [Mukhitdinov, R.S. (2024) “Diwan Lugat at-Turk” as a Guide in Turkology: Monograph. 2nd Edition. Almaty: Akadem Kitap, 148 p.] (in Kazakh)

Muntasir, Amin Abd al-Rahim (2015) Al-Mu‘jam Thunaiyyat al-Lughah fi al-Turath al-Arabi. Bucharest: Markaz Jami‘at Bucharest li-al-Dirasat al-Arabiyya. P. 135-154. (in Arabic)

Mustafaeva, A.A., Aubakirova, Q.Q. (2021) Mysyr mamluk memleketi men Altyn Ordadagy tildik zhagdai men turki tilining martebesini. QazUU Habarshysy, Shygystanu serijasy. №2 (97). B. 17-25. [Mustafayeva, A.A., Aubakirova, Q.Q. (2021) Linguistic Situation and Status of the Turkic Language in the Mamluk Sultanate and the Golden Horde. KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. №2 (97). P. 17-25. DOI: 10.26577/JOS.2021.v97.i2.02] (in Kazakh)

Özyetgin, M. (2001) Ebû Hayyân Kitâbu'l-İdrâk li Lisâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Bir Gramer ve Sözlük Denemesi. Ankara: Tengrim Türklük Bilgisi Araştırmaları Dizisi. 798 s. (in Turkish)

Qonqabaeva, N.N. (2020) “At-Tuhfa az-zakija fi al-lugat at-turkija” eskertkishine tarihi-lingvistikalıq interpretaciya: Turkitanu mamandygy boiynsha PhD ... dis. Almaty, 242 b. [Konkabayeva, N.N. (2020) Historical and Linguistic Interpretation of the Monument “At-Tukhfa az-Zakiya fi al-Lugat at-Turkiya”: PhD. ... dis. in Turkology. Almaty, 242 p.] (in Kazakh)

Ramadan, Abd al-Tawwab (1997) Al-Madkhal ila ‘Ilm al-Lughah wa-Manahij al-Bahth al-Lughawi. Cairo: Maktabat al-Khanji. P. 320. (in Arabic)

Rasulova, N. (1968) Abu Hajan i ego kniga “Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak”. Public Sciences in Uzbekistan. №10. S. 46-48. [Rasulova N. (1968) Abu Hayyan and his book “Kitab al-idrak li-lisan al-attrak”. Social Sciences in Uzbekistan. №10. P. 46-48.] (in Russian)

Sabyr, M.B. (2004) Orta turko tili leksikasy men qazaq tili leksikasynyng sabaqtastygy (XIV gasyr zhazba eskertkishteri negizinde: filol. gyl. dok. ... dis. Almaty, 305 b. [Sabyr, M.B. (2004) Lexical and Grammatical Continuity of Middle Turkic Language and Kazakh Language (Based on XIV Century Written Monuments): dis. ... of the Doctor of Philology. Almaty, 305 p.] (in Kazakh)

Salan M. Kitabu'l-idrak li lisani'l-etrak'te alinti kelimeler/loanwords in kitab al-idrak li lisan al-attrak. Gazi Türkiyat, 2012. №1 (11). S. 53-66.

Salan, M. (2017) Kitabu'l-İdrâk Haşiyelerinin Özgün Söz Varlığı ve Anadolu Türkçesindeki Karşılıkları. Bartın University Journal of Faculty of Letters. Vol. 2 (1). Bartın. S. 103-114. (in Turkish)

Yesbosynov, E. (2005) Eski qypshaq tilining leksika-grammatikalıq erekshelikleri (Abu Hajan engbegi boiynsha XIV g.): filol. gyl. ... kand. dis. Almaty, 196 b. [Yesbosynov, Ye. (2005) The Lexico-Grammatical Features of the Old Kipchak Language (Based on Abu Hayyan's Work of the XIV Century): PhD. ... dis. Almaty, 196 p.] (in Kazakh)

Yesbosynov, E.Z. (2017) Lexical and Semantic Features of the Manuscript Monument “Kitab al-Idrak li-lisan al-Atrak” (Word Formation Review). KazNU Bulletin, Oriental Studies Series. №2 (81). P. 140-146. (in English)

Zajonchkovskij, A.A. (1961) Arabsko-kypchakskij slovar' jepohi gosudarstva mamljukov. Soobshchenija pol'skih orientalistov. Moskva: Nauka. S. 36-44. [Zayonchkovsky, A.A. (1961) Arabic-Kipchak dictionary of the era of the Mamluk state. Messages from Polish Orientalists. Moscow: Nauka. P. 36-44.] (in Russian)

Zajonchkovskij, A. (1964) Novonaidennyj arabsko-kipchakskij slovar' iz gosudarstva mamljukov. Narody Azii i Afriki. Moskva: Nauka. №3. S. 111-116. [Zayonchkovsky, A.A. (1964) Newly discovered Arabic-Kipchak dictionary from the Mamluk state. Peoples of Asia and Africa. Moscow: Nauka. No.3. P. 111-116.] (in Russian)

Zhubatova, B.N., Aubakirova, Q.Q. (2019) Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystary. Almaty: Qazaq universiteti, 235 b. [Zhubatova, B.N., Aubakirova, Q.Q. (2019) Cultural and Linguistic Connections of Turkic-Arabic during the Mamluk Rule in Egypt. Almaty: Kazakh University, 235 p.] (in Kazakh)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.12.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Мухитдинов Р.С., Мустафаева А.А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

**Meruyert Ibrayeva**

Candidate of Philological Sciences, Nazarbayev University, Kazakhstan, Astana  
ORCID: 0000-0003-1293-5391 E-mail: [mribrayeva@nu.edu.kz](mailto:mribrayeva@nu.edu.kz)

**CROSS-LINGUISTIC EQUIVALENCE AND EXPRESSIVENESS OF PROVERBS**

**Abstract.** Proverbs are essential expressions that encapsulate folk wisdom, showcase the beauty of language and life, and enrich the spirit of the language. This paper discusses common and specific features of equivalent proverbs in Kazakh, English, Russian, and Uighur. A logical question arises: why were these languages chosen for analysis? In a globalized world, immigration is a significant trend in many countries, and Kazakhstan is no exception. Many English-and-Uighur speaking immigrants live in Kazakhstan today. Furthermore, Kazakhstan was part of the Soviet Union for 70 years and gained independence only in 1991, so, there are many Russians and people of other nationalities who speak Russian in the country. The scientific works of Mati Kuusi, G.Permyakov, E.Kokare, N.Pazyak, A.V. Kunin, A.Qaidar, N.Issanbat, A.Nurmakhanov served as the methodological basis for this research on proverbs. A comparative and semantic analysis were conducted in the research to define similarities and differences of proverbs. This paper will contribute both theoretically and practically. The findings of this research can be applied theoretically in further studies on cultural linguistics, literature and folklore. Additionally, students and immigrants can compare and contrast proverbs and practically apply them to various linguistic contexts and use the findings in academic research and publication activities. Due to the comparative study of Kazakh, English, Russian, and Uighur proverbs, we argue that Kazakh, Russian and Uighur proverbs are partially or highly similar in their lexical composition and grammatical structure and coincide in their functional, semantic, and affectively expressive features. However, English proverbs differ in their grammatical structures, although their semantic content largely shares common features with these other languages.

**Keywords:** proverbs; folklore; similarities;lexical composition; customs and traditions

**For citation:** Ibrayeva, M. Cross-linguistic Equivalence and Expressiveness of Proverbs. *Tiltanyim*, 2025. No. 2 (98). P. 64-74.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-64-74>

**Меруерт Ибраева**

филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университеті, Қазақстан, Астана қ.,  
ORCID: 0000-0003-1293-5391 E-mail: [mribrayeva@nu.edu.kz](mailto:mribrayeva@nu.edu.kz)

**МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БАЛАМАЛЫЛЫҒЫ МЕН МӘНЕРЛІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Мақал-мәтелдер – халық даналығын бойына сіңіріп, тіл мен өмірдің көркін танытатын және тіл рухын байытатын негізгі құрал. Бұл мақалада қазақ, ағылшын, орыс, ұйғыр тілдеріндегі балама мақал-мәтелдердің ортақ және ерекше белгілері қарастырылады. Орынды сұрақ туындайды: неліктен талдау үшін бұл тілдер таңдалды? Жаһанданған әлемде көптеген ел елеулі иммиграциялық үрдісті бастан кешіруде, Қазақстан да бұдан тыс қалмады. Бүгінде Қазақстанда ағылшын және ұйғыр тілді иммигрант көп. Сонымен қатар Қазақстан 70 жыл бойы Кеңес Одағының құрамында болып, 1991 жылы ғана тәуелсіздік алды. Осыған байланысты елімізде орыстар мен орыс тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілі көп. Мақал-мәтелдерді зерттеу барысында Мати Кууси, Г.Пермяков, Е.Кокаре, Н.Пазяк, А.В. Кунин, Ә.Қайдар, Н.Иссанбат, А.Нұрмаханов сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері әдістемелік негіз ретінде басшылыққа алынды. Мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мақсатында салыстырмалы-семантикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл мақаланың ғылыми және практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелерін лингвомәдениет, әдебиет және фольклортану салаларындағы болашақ зерттеулерде теориялық тұрғыдан қолдануға болады. Сонымен қатар студенттер мен иммигранттар мақал-мәтелдерді өзара салыстырып, салғастырып, түрлі тілдік контекстерде қолдана алады. Сондай-ақ алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарда пайдалана алады. Қазақ, ағылшын, орыс, ұйғыр мақал-мәтелдерін салыстыра зерттей отырып, біз қазақ, орыс, ұйғыр мақал-мәтелдерінің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы жағынан ішінара немесе өте ұқсас, сондай-ақ функционалдық-семантикалық және аффективті-экспрессивті ерекшеліктері жағынан сәйкес келеді деген пікірді ұстанамыз. Дегенмен ағылшын мақал-мәтелдерінің семантикалық мазмұны осы тілдермен ортақ болғанымен, грамматикалық құрылымы жағынан ерекшеленеді.

**Тірек сөздер:** мақал-мәтелдер; фольклор; ұқсастықтар; лексикалық құрам; салт-дәстүрлер

**Сілтеме жасау үшін:** Ибраева М. Мақал-мәтелдердің тіларалық баламалылығы мен мәнерлілігі. *Tiltanyim*, 2025. №2 (98). 64-74-бб. (ағыл. тілінде)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-64-74>

**Меруерт Ибраева**

кандидат филологических наук, Назарбаев Университет, Казахстан, г. Астана,  
ORCID: 0000-0003-1293-5391 E-mail: [mribrayeva@nu.edu.kz](mailto:mribrayeva@nu.edu.kz)

## **МЕЖЪЯЗЫКОВАЯ ЭКВИВАЛЕНТНОСТЬ И ЭКСПРЕССИВНОСТЬ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК**

**Аннотация.** Пословицы и поговорки являются важнейшими выражениями, содержащими всю народную мудрость и обогащающие дух языка. С помощью пословиц и поговорок можно увидеть красоту языка и жизни. В данной статье будут рассмотрены общие и специфические черты эквивалентных пословиц в казахском, английском, русском и уйгурском языках. Возникает закономерный вопрос: почему для анализа были выбраны именно эти языки? В эпоху глобализации наблюдается тенденция иммиграции во многих странах и Казахстан не является исключением. Сегодня в Казахстане проживает много англоговорящих и уйгуроязычных иммигрантов. Кроме того, Казахстан входил в состав Советского Союза на протяжении 70 лет и обрёл независимость лишь в 1991 году. В связи с этим в стране проживает много русских и представителей других национальностей, говорящих на русском языке. Методологической базой исследования пословиц и поговорок послужили научные труды ученых: Мати Кууси, Г.Пермякова, Е.Кокаре, Н.Пазяка, А.Кунина, А.Кайдара, Н.Иссанбата, А.Нурмаханова. С целью выявления сходств и различий пословиц и поговорок применялись методы сравнительного и семантического анализа. Эта статья имеет теоретическую и практическую значимость. Результаты исследования могут быть теоретически применены в дальнейших исследованиях в области лингвокультурологии, литературы и фольклора. Кроме того, студенты и иммигранты могут сравнивать и противопоставлять пословицы, практически применять их в различных языковых контекстах, а также использовать полученные результаты в научных исследованиях и публикационной деятельности. На основе сравнительного изучения казахских, английских, русских и уйгурских пословиц мы утверждаем, что казахские, русские и уйгурские пословицы частично или в значительной степени схожи по лексическому составу и грамматической структуре, а также совпадают по функционально-семантическим и аффективно-экспрессивным особенностям. Однако английские высказывания различаются по своей грамматической структуре, хотя их смысловое содержание во многом имеет общие черты с этими языками.

**Ключевые слова:** пословицы и поговорки; фольклор; сходства; лексический состав; обычаи и традиции

**Для цитирования:** Ибраева М. Межъязыковая эквивалентность и экспрессивность пословиц и поговорок. *TiltanyM*, 2025. №2 (98). С. 64-74. (на англ. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-64-74>

### **Introduction**

Тілдегі синергетикалық көзқарас тілдің функционалды-коммуникативтік теориясымен байланысты болып, тіл коммуникативтік жүйе ретінде көрініс табады (Долгова, 2017). Лингвосинергетика тілді өзін-өзі ұйымдастырушы, коммуникация субъектілерінің танымымен өзара әрекеттесетін тілді жалпы жүйе ретінде қарастырады (Исмаилова, 2016). Осыған орай лингвосинергетика – жай ғана жаңа кезең емес, лингвистика жүйесінің белсенді дамытын дербес парадигмасы, яғни оның негізінде өзін-өзі реттейтін динамикалық жүйе ретінде тілге/сөйлеуге/дискурсқа қатысымы жатады (Пономаренко, 2004). Демек, синергетика коммуникативтік жүйе ретінде тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық үдерісімен байланысты көрініс табады. Олай болса, синергетика – интеграциялық өрістегі біртұтастық даму заңдылығына бағынатын күрделі динамикалық жүйе және сыртқы әлемнің тұтас моделін тілдің ішкі синтаксистік, семантикалық заңдылықтары арқылы бейнелейтін ақпараттық ашық жүйе. Осыған орай мәтін тілі (дискурс) тілді тұтынушы адамға, тілді дамытатын шығармашылық тұлғаның сөз қолданысындағы, сөздің коннотациясындағы сөздің синергиясына назар аударатын жаңаша зерттеудің өзегі не айналып отыр.

### **Материал және әдістер**

Мақалада, алдымен, Мұқағали Мақатаевтың «Жүрегім» өлеңі зерттеудің нысаны ретінде танылып, оның мағыналық ерекшеліктері талданды. Өлеңнің семантикасын сипаттайтын бейнелі сөздер анықталды. Өлеңдегі эмоциялық ауысулардың, көңіл-күй өзгерістерінің, дыбыстық (фонетикалық) қайталаулардың өлеңнің динамикасына әсері қарастырылды.

Өлеңдегі сөздердің динамикалық жүйе ретіндегі құрылымы, тілдік бірліктердің өзара әрекеттесуі, сөздердің өзара байланысы және синергетикалық байланысы синергетикалық әдіс арқылы талданды, синергетикалық маркерлері негізінде синергиялық коэффициенті анықталды. Бұл тәсілдің көмегімен поэтикалық мәтіннің құрылымдық және мағыналық дамуы, ішкі динамикасы, көркемдік мағыналары терең ашылады.

### **Әдебиетке шолу**

«Синергетика» терминін (грек тілінен аударғанда – «ықпал», «желісілген әрекеттер») ғылымға неміс физигі Г.Хакен енгізген. Ғалымның пікірінше, синергетиканың негізі – ашық түсініктер, бейсызықтық жүйе мен үдерістер, хаостың детерминдік үдерісі, диссипатты құрылымы (Князева, 2000: 53). Г.Хакен синергетиканы «физикадан әлеуметтануға дейінгі әртүрлі салалардағы күрделі жүйелердің кең класы үшін өзін-өзі ұйымдастыру және фазалық ауысулар нәтижесінде кеңістіктік, уақытша және функционалды құрылымдардың немесе функциялардың пайда болуын басқаратын, жалпы принциптерді зерттейтін пәнаралық бағыт» деп анықтайды (Хакен, 1985). Басқаша айтқанда, ғалымның түсінігінде бұл – оның бөліктерінің өзара әрекеттесуі кезінде бүкіл жүйеде жаңа қасиеттердің пайда болу теориясы.

Сонымен қатар К.Р. Калашникова «Лингвосинергетический подход к проблеме актуализации авторских смыслов в художественном дискурсе (на материале романа Д.Брауна «Код до Винчи») атты кандидаттық диссертациясында (Калашникова, 2019) дискурстық жүйенің өзіндік қозғалысының заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін авторлық мағыналарды жаңғырту құралдарын лингвосинергетикалық интерпретациялауға қатысты қарастырады.

Ал Д.С. Чернавский синергетиканы әртүрлі табиғат жүйелеріндегі тұрақсыздықтың жалпы теориясы ретінде анықтаса (Чернавский, 2004), С.П. Курдюмов пен Е.Н. Князева «синергетика» терминін әлемнің күрделі жүйелерінің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде түсіндіреді (Князева, Курдюмов, 1998).

Қазақ тіл білімінде қазақ сөзінің синергиясы тілдің іштей дамуы, өзін-өзі ұйымдастыруы мен реттелу заңдылығымен тығыз байланыста тілдің жүйелілігі негізінде қарастырылса (Манкеева, 2021), А.Қ. Қайыржановтың «Синергия языка» атты монографиясында орта грек және көне славян

тілдерінің лингвистикалық жүйесі синергетикалық тұрғыдан түсіндіріледі (Каиржанов, 2007).

Сондай-ақ Б.Б. Динаева зерттеу мақаласында қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзара синергиялық байланысын, олардың ортақ және ерекше белгілерін қарастырады (Динаева, 2024).

Көріп отырғанымыздай, ғалымдар тілдік элементтердің үйлесімділігі мен олардың арасындағы өзара байланысқа ерекше назар аударады. Бұл бағыт тіл қызметі мен дамуына қатысты зерттеулеріне жаңа серпін беріп, тілдің құрылымы мен дамуын жан-жақты түсінуге айтарлықтай үлес қосады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Лингвосинергетика бағытын «ұлт пен тіл», «ұлт пен мәдениет» сабақтастығында, яғни тілді тіл иесінің болмысымен тұтастықта тану сөз құдіретінің когнитивтік тетігін, антропоэлектік уәжділігін танытады. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде лингвосинергетикаға мынадай анықтама беріледі: «Лингвосинергетика – тілді адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік құбылыс ретінде танитын жаңа парадигма. Сондықтан адам болмысы мен әрекетіне сәйкес күрделі жүйе құрылымының менталды лексиконы (этномаркерлі лексиканы) синергетика әдіснамасы арқылы іштей ұйымдасқан психолінгвистикалық үрдістің динамикасын бейнелейтін адами жүйе ретінде танылады... «Тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған ілім» деп анықтауға болатын сияқты» (Манкеева, 2021: 19).

Поэтикалық мәтіннің көркемдігі, ең алдымен, оның тілінің көркемдігімен өлшенеді. Ал тіл көркемдігі дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылықпен белгіленеді. Сондықтан кез келген ақын-жазушы көркем бейне жасауда осы межені ескере отырып, бейнелі сөздерді, өзіне тән өзгеше мәнері бар көркемдегіш құралдарды өз қабілетіне сай ұшқырлықпен жұмсайды. Сөз мағыналарының түрлі реңге, түрлі мағынаға ауысып, қолданыла алу қабілеті тіл табиғатының шығармашылық сипатына, соған сай жаңа өрісімен тұтасуы көркем шығарманың тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді. Ол – оны жетілдіретін, сөздің құдіретін айшықтап, көрсететін негізгі арналардың бірі. Жалпыхалықтық әдеби тіл үлгілерін өз шығармашылығы арқылы жетілдіретін де көркем сөз иелері ретінде танылған тілдік тұлғалар екені даусыз. Осындай көркем сөздің шебері, сөз құдіреті арқылы қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген ақын – Мұқағали Мақатаев. Әр қаламгердің болмысы мен тұлғасынан туындайтын өзіне ғана тән стилі, сөзсаптамы, ой-танымы болатыны белгілі. М.Мақатаевтың феномені оның өлең жолдарындағы өзіндік көркем әлемінде. Осы тұрғыдан қолданылған метафоралар, теңеулер, қайталамалар т.б. көріктеуіш құралдар М.Мақатаев дискурсына сай қалыптасады.

Поэтикалық мәтіндердің синергиялылығы контексте маркерлердің сапасы мен саны арқылы анықталады. Осы мақсатта поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю. Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың тетіктеріне жаңаша қарауға жол ашады (Муратова, 2012).

Е.Ю. Муратованың поэтикалық мәтіндерді синергетикалық әдіс арқылы зерттеуі көрсеткендей, лингвопоэтикалық құрылымдық жүйе негізінде мәтінді қабылдау мен интерпретациялау үдерісінде оның күрделілік, жеңілдік және қиындық дәрежелері зерттеудің өзекті аспектілері ретінде танылады. Бұл ретте синергетикалық тәсіл поэтикалық дискурстағы терең құрылымдық-ұйымдастырушылық тетіктерін жаңаша ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Ғалым мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген:  $СК = A/N$ , мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны (Муратова, 2012: 56).

*Кейде суық, кейде жылы,  
Кейде тәтті ләззәт тілі.  
Кейде бейне көңіл нұры,  
Кейде махаббат өнген гүлі.*

*Сұрғылт дүние теңізінен  
Сұстана қорқып жиренген.  
Тақуа тіршілік негізінен  
Өшпейтін өнер үйренген.*

*Жүрегім менің – жүйткіп жүзген*

Долы мұхит кемесі.  
Шабыт туып шаттық жүзден  
Келешек өмір елесі.

Жүрегім менің – дәл соққан  
Уақыты өмірдің,  
Талабыма нұр жаққан  
Қуанышы көңілдің.

Жүрегім менің – жанған от  
Жылуы бітпей сөнбейтін.  
Жүрегім менің – ұшқан оқ  
Тастауға қағып көнбейтін.

Кейде мұңлы, кейде шат,  
Жүрегім менің қат-қабат.  
Аяулысы сол жүректің –  
Ләззәтті махаббат.

(Мақатаев, 2013: 9)

Бұл өлеңде 16 синергетикалық маркер бар: *жүрек – суық; жүрек – жылы; жүрек – тәтті ләззәт тілі; жүрек – көңіл нұры; жүрек – махаббат өнген гүлі; сұрғылт дүние; тақуа тіршілік; жүрек – мұхит кемесі; жүрек – өмір уақыты; жүрек – көңіл қуанышы; жүрек – жанған от; жүрек – ұшқан оқ; жүрек – мұң; жүрек – қатқабат; жүрек – шат; жүрек – махаббат*. Жол саны – 24. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 1,5.

Е.Ю. Муратованың анықтауынша, синергетикалық мәтін – бұл бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтінішілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын білдіретін көп кодталған мәтін. Ғалым осындай мыңдаған поэтикалық мәтіндерді зерттей отырып, мынадай тұжырымға келген: СК = 0,25 (яғни 4 шумақтағы бір маркер:  $1/4 = 0,25$ ). Бұл коэффициент жоғары болған сайын мәтіннің синергетикалық сипаты күштірек болады (Муратова, 2012: 56). Демек, ақын өлеңдерінің синергиялық күш-қуаты өте жоғары, бұл поэтикалық мәтінде синергетикалық ұйымдасу деңгейінің жоғары екенін білдіреді.

Бұл өлеңнің алғашқы шумағындағы «Кейде суық, кейде жылы» сөйлеміндегі *суық-жылы* антонимдерінен тұрақсыздық пен өзгеру байқалады. *Суық* пен *жылы* бір-біріне қарама-қарсы сөздер болғанымен, бұл өлеңде өзара ұйымдасып, ерекше сезімді білдіріп тұр.

Синергетикалық байланыс: *суық* (жауапсыз махаббат) → *жылы* (жылулық).

*Жүрек – тәтті ләззәт тілі* деген жолды алсақ, мұнда тәтті сезім мен оның керемет жан рахаты екенін айта отырып, оны тіл арқылы жеткізе алатынымызды айқындап, оның синергиялық қуатын дәріптеп тұр. *Жүрек көңіл нұры* деген тіркесте, адамның жан дүниесі нұрланып, көңілі көтеріліп, ерекше сезімге бөленетіндігін айшықтайды.

Синергетикалық байланыс: *жүрек* (махаббат, сезім) → *тәтті* (ерекше сезім) → *ләззәт* (құмарлық) → *тіл* (сезімді білдіру).

*Жүрек – махаббат өнген гүлі*. Мұнда ақын жүректе орнаған махаббат гүл сияқты гүлдейтінін, яғни оның гүл сияқты нәзіктігін суреттеген. *Гүл, махаббат, жүрек* сөздері өзара әрекеттесіп, біртұтас жүйе болып, поэтикалық мәтінге энергия беріп отыр.

Синергетикалық байланыс: *жүрек* (ынтықтық) → *махаббат* (сезім) → *өнген гүлі* (нәзіктік).

*Сұрғылт дүние теңізінен* тіркесі негізінде өмірдің үмітсіз, күнгірт тұсы бейнелене келе, «теңіз» сөзімен өзара әрекеттесіп, адам сезімінің шексіз, ұшы-қиыры жоқ кеңістігі көрініс тапқан.

*Сұрғылт дүние теңізінен // Сұстана қорқып жиренген* деген өлең жолдары тілдің өзін-өзі ұйымдастыруы арқылы тұтасқан динамикалық жүйені түзеді. Өлең жолдарын синергетикалық тұрғыда талдайтын болсақ, оның құрылымындағы етістіктердің өзара әрекеттесуін көреміз. *Сұрғылт дүние теңізі* мен *сұстана қорқып жиренген* бейнелері өзара тығыз байланысып, адамның өмірге деген үрейі мен белгісіз әлемге деген сезімін көрсетеді. Бұл екі бейнелі сөз адамның қорқыныштан қашуы мен өмірдің қиындығына қарсы тұруын ұштастырып, адамның ішкі



әлемінің өзара байланысын айқындайды. Синергетикалық тұрғыдан алғанда, бұл бейнелі сөздерді жеке-жеке емес, олардың бір-біріне әсер етуші жүйе ретінде қарастыруға болады.

Синергетикалық байланыс: *сұрғылт* (бұлыңғыр, үмітсіз) → *дүние* (өмір) → *теңіз* (шексіздік, кеңістік) → *сұстана қорқып жиренген* (үрей).

*Тақуа тіршілік* метафоралы тіркесіндегі *тақуа* мен *тіршілік* сөздерінің өзара байланысын, бір-біріне әсерін зерттеу арқылы синергетикалық маркер жүйесін түзе алатынын қарастырамыз. *Тақуа*. Діндар, діншіл. *Тіршілік*. 1. Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік (Қазақ сөздігі, 2013).

Мұндағы *тақуа* мен *тіршілік* сөздері өзара тұтасып, терең мағынаны береді. *Тақуа тіршілік* бейнелі сөзі күнделікті жай өмір сүру емес, рухани тұрғыдан өмір сүруді айтып тұр. *Тақуалық* пен *тіршілік* сөздерінің өзін-өзі ұйымдастыруы арқылы материалдық пен рухани үйлесім тауып, өзара әрекеттесуінен жаңа мағына туындағанын көреміз. *Тақуа* деген рухани болмыс арқылы *тіршілік* сөзінің материалдық болмысымен бірігіп, адамның рухани да материалдық үйлесімділігінің маңызын айқындап тұр.

Синергетикалық байланыс: *тақуа* (рухани әлем) → *тіршілік* (материалдық).

*Өшпейтін өнер үйренген* тіркесіндегі *өшпейтін* сөзі «мәңгілік» пен «шексіздік» мағынасын үстеп тұр. Мұнда ол тұрақтылықты, яғни жоғалмайтын, өзгермейтін дегенді білдіреді. *Өнер* сөзі шеберлікті, яғни белгілі бір қабілетті білдіреді. Бұл жерде рухани құндылықты дәріптеп тұр. *Үйренген* сөзі белгілі бір әрекетті білдіретін етістік. *Өшпейтін өнер үйренген* сөздерінің өзін-өзі ұйымдастыра отырып, сөйлемді динамикалық қозғалысқа түсіріп, тіркестің мәңгілік және рухани өнерді үйренуді меңзеп тұрғанын көруге болады. *Өшпейтін* сөзі өнерді сипаттап, логика-семантикалық байланысты құрап тұр. Ал *үйренген өнер* тіркесі сөйлемдегі іс-әрекетті айқындайды. Бұл жердегі *үйренген* етістігі сөйлемнің динамикасын білдіреді. Тұрақтылық, тепе-теңдік «өшпейтін өнер» деген тіркесте көрініс тауып тұр. Ал «үйренген» етістігі арқылы тұрақтылықты динамикалық түрде толықтырады. *Өшпейтін* (сөнбейтін, мәңгі) → *өнер* (шеберлік) → *үйренген* (білу, қолдану). *Өшпейтін өнер үйренген* деген өлең жолы лингвосинергетикалық тұрғыдан жоғары семантикалық және прагматикалық әсерге ие. Сөздер арасындағы динамика мен өзара әрекеттесу адамның рухани тұрғыдан дамуындағы тұрақтылық «өшпейтін өнер» және «үйренген» қозғалыс арасындағы тепе-теңдікті бейнелейді.

«Жүрегім менің жүйткіп жүзген // Доны мұхит кемесі» өлең жолдарындағы *жүрек* – *мұхит кемесі* бейнелі сөзі махаббат сезімінің алай-дүлей сипатын теңіздегі қатты дауылда, толқыған толқында жүзген кеме тәрізді жүрекке бой бермей тулаған асқақ сезімді білдіреді.

*Жүрек жүйткіп жүзген* тіркесіндегі аллитерация, яғни «ж» әрпінің қайталануы, сөздердің өзара әрекеттесіп, бір-бірімен үйлесуі тіркеске ритм беріп, мәтінге динамика қосады. Мұндай фонетикалық үйлесім тіркестің ішкі үндестігін айшықтайды. Тіпті бұл сөздердегі «ү» әрпі жіңішке айтылым бойынша да бейнелі сөздер тіркесіне нәзіктік сезімін үстеп тұр деуге болады.

Бұл тіркесте *жүрек* биологиялық орган ретінде емес, адамның ішкі сезімінің символы ретінде қолданылып тұр. *Жүйткіп жүзген* деген тіркес қимылдың екі фазасын тұтастырып, динамиканы көрсетеді. *Жүрегім жүйткіп жүзген* деген сөздер синергетика заңдылығы бойынша, күрделі, біртұтас жүйені құрап, жаңа мағына тудырады. *Жүректің* доны мұхит кемесіне ұқсатылуы шексіздікті және тереңдікті бейнелейді. «Доны» сын есімі сезімнің белгілі бір уақыт аралығында тұрақсызданатынын айшықтайды. Синергетикалық моделі: *жүрек* (сезім) → *жүйткіп жүзген* (алаңсыз) → *доны* (құбылмалы) → *мұхит* (шексіздік, тереңдік) → *кеме* (қатынас).

Көркем мәтіндерде қолданылған қайталамалар бір сөз немесе сөз тіркесін сөйлем ішінде не жеке сөйлем ретінде қайталап беру арқылы өзіне оқырман назарын бірден аударып, сөз синергиясын күшейтеді. Мысалы:

*Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай* тұп-тұнық

Жер мен Аспан.

...*Жанып-сөнген, жанып-сөнген* жұлдыздар

Іңірдегі стадион секілді.

Бұл өлеңдегі *жұлдыз қандай* тіркесінің қайталануы өлеңнің ырғақтық құрылымын тұрақтандырып, ерекше әуезділік береді. Бұл тіркестің екі рет қайталануындағы алғашқы қайталауда сұрақ, яғни қандай екенін анықтауға ұмтылса, екінші қайталау ақынның таңданысын білдіреді. Оқырманның назарын «жұлдыз» бейнесіне аудартады. *Тұп-тұнық* сөзімен өзара



әрекеттесіп, жұлдыздың бейнелілік құрылымы күшейіп, оның мөлдірлігі көркемдік жағынан тереңдетіліп тұр.

Синергетикалық динамика: *жұлдыз қандай?* – сұрақ; *жұлдыз қандай* – толғаныс; *тұп-тұнық* – сипаттама; *жер мен аспан* – ғаламдық бейне. Бұл динамика өлеңнің семантикалық және эмоциялық кеңеюін көрсетеді.

Абай шығармашылығындағы синергетика мәселесіне арналған мақалада: «Синергетикасыз мәтін әлемін зерделейтін ресми гуманитарлық ғылым назар аудармау принципі негізінде көне принципті, оның ішінде бағзы мифтік ұғымдарды жүрдім-бардым сөз еткен шақта көп нәрсе назардан тыс қалады. Сол себепті Абайдың мифопоэтикасын бір ғана әдебиеттанудың қазығына байлап қоюға болмайды. Оны жыланның ескі терісінен арылғаны сияқты әдебиеттануды жартылыстану ғылымымен байланыстағы жаңаша зерделеулермен алмастырған орынды» (Қалиакпар, Қуантайұлы, Төлепберген, 2023: 183) – деп, атап көрсетіледі.

Олай болса, көркем мәтіндегі (өлеңсөздегі) коммуникативтік бағытта нақты ақпаратты бойына жинақтаған әрі өзгеге жеткізіп отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістік турасында мәлімет беретін, жеке тұлғаның рухани әлемін ашуға ықпал ететін тілдік бірліктер сөз күдіретін күшейтетін лингвосинергиялық көз болып табылады.

М.Мақатаевтың сөз кестесін құруы, сөз әлеуетін тиімді қолдану даралығы, ұлт болмысының тілдік бейнесіндегі сөз күдіретін поэтикалық мәтіндерінде ерекше қолдануы қазақ сөзінің синергиясының ақын жырларындағы көркемдік қуатының өзгешелігін танытып отыр. Осы тұрғыдан бағаланатын поэтикалық мәтіндер қазақтың халық ретіндегі мінез-құлқы мен қабілет-қарымын, дүниетанымын, бітім-болмысын, тұрмыс-тіршілігін, қазақ даласындағы бейнесін айқындап көрсетеді.

### **Қорытынды**

Мәтіннің энергиясын зерттеуге бағытталған лингвосинергетика ғылымы поэтикалық мәтіндерді талдау үдерісінде аса тиімді. Нақты айтқанда, өлеңдердің ішкі құрылымын айқындауға, оның тілдің сан қилы қабаттарын ашуға үлкен үлес қосады.

Синергетикалық әдіс арқылы М.Мақатаевтың өлеңсөздерінің күрделі құрылымдық, динамикалық жүйе ретінде өзін-өзі қалай ұйымдастыратыны анықталады. Ақынның поэтикалық тілі – бейнелі сөздердің өзара әрекеттестігі арқылы үздіксіз дамып отыратын жүйе. Осы арқылы ақынның поэтикалық мәтіндеріндегі семантикалық өзгерістің, эмоциялық ауысулардың өзара байланысы өлеңнің ішкі синергиясын қалыптастыратынын көруге болады.

Зерттеу нәтижесінде синергетикалық әдістің поэтикалық мәтіндерді зерттеуде маңызды құралдардың бірі екені, поэзияның күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастырылуы оның көркемдік ерекшеліктерін ашуға тың мүмкіндіктер беретіні анықталды.

### **Әдебиеттер**

- Динаева Б.Б. Қазақ және түрік паремияларының лингвосинергиясы // *Tiltanym*. – 2024. – №4 (96). – 25-39-бб.
- Долгова С.Ю. Преамственность традиций и инноваций в российском образовании // *Инновационные стратегии развития педагогического образования: сборник научных трудов тринадцатой международной очно-заочной научно-методической конференции: в 2 частях*. – Казань, 2017. – С.120-124.
- Исмаилова О.И. Культурологические факторы, обуславливающие специфику создания языковой игры // *Язык и мир изучаемого языка*. – Москва, 2016. – №7. – С. 231-233.
- Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- Каиржанов К.А. Синергия языка: монография. – Астана: КУЭФимТ: ИПЦ, 2007. – 240 с.
- Калашникова К.Р. Лингвосинергетический подход к проблеме актуализации авторских смыслов в художественном дискурсе (на материале романа Д.Брауна «Код до Винчи»): дис. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2019.
- Қалиакпар Д., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Абай шығармашылығындағы синергетика // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127).
- Князева Е.Н. Интервью с профессором Г. Хакеном // *Вопросы философии*. – 2000. – №3. – С. 53-61.
- Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Синергетика и принципы коэволюции сложных систем // *Проблемы общественного развития*. – 1998. – №3-4. – С. 3-6.
- М.Мақатаев шығармаларының толық жинағы. 3-басылым. I том: Өлеңдері мен дастандары. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2013. – 320 б.
- Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
- Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // *Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика*. – 2012. – №2.

- Пономаренко Е.В. Системность функциональных связей в современном английском дискурсе: дис. ... доктора филол. наук. – Москва, 2004. – 447 с.  
 Хакен Г. Синергетика. – Москва: Мир, 1980. – 404 с.  
 Хакен Г. Синергетика. Иерархии неустойчивостей в самоорганизующихся системах и устройствах. – Москва: Мир, 1985. – 424 с.  
 Чернавский Д.С. Синергетика и информация. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.

### References

- Chernavskij, D.S. (2004) Sinergetika i informacija. M.: Editorial YRSS. 288 p. [Chernavski, D.S. (2004) Synergetics and information. M.: Editorial YRSS. 288 p.] (in Russian)
- Dinaeva, B.B. (2024) Qazaq zhane turik paremialarynyng lingvosinergijasy. Tiltany. 96(4). P. 25-39. [Dinaeva, B.B. (2024) Linguosynergy of kazakh and turkish paremia. Tiltany. 96(4). P. 25-39.] (in Kazakh)
- Dolgova, S.Yu. (2017) Preemstvennost tradicij i innovacij v rossijskom obrazovanij. Innovacionnye strategii razvitija pedagogicheskogo obrazovanija: sbornik nauchnyh trudov trinadcatoj mezhdunarodnoj ochno-zaochnoj nauchno-metodicheskoy konferencii: v 2 chastjah. Kazan. S.120-124. [Dolgova, S.Yu. (2017) Continuity of traditions and innovations in Russian education: Innovative Strategies for the Development of Pedagogical Education: A Collection of Scientific Papers from the Thirteenth International In-Person and Distance Scientific and Methodological Conference: In 2 Parts. Kazan. P. 120-124.] (in Russian)
- Ismailova, O.I. (2016) Kulturologicheskie faktory, obuslovlivajushie specifiku sozdaniya jazykovoj igry. Jazyk i mir izuchaemogo jazyka. №7. P. 231-233. [Ismailova, O.I. (2016) Cultural Factors Determining the Specificity of Language Game Creation. Language and the World of the Target Language. Moscow. No. 7. P. 231-233.] (in Russian)
- Haken, G. (1980) Sinergetika. Moskva: Mir. 404 s. [Haken, G. (1980) Synergetics. – Moscow: Mir. 404 p.] (in Russian)
- Haken, G. (1985) Sinergetika. Ierarhii neustojchivostej v samoorganizujushhihsja sistemah i ustrojstvah. Moskva: Mir. 424 s. [Haken, G. (1985) Synergetics. Hierarchies of Instabilities in Self-Organizing Systems and Devices. Moscow: Mir. 424 p.] (in Russian)
- Qazaq sozdigi. (2013) Almaty: Daur. 1488 b. [Kazakh Dictionary. (2013) Almaty: Daur. 1488 p.] (in Kazakh)
- Kairzhanov, K.A. (2007) Sinergija jazyka: monografija. Astana: KUEFiMT: IPC. 240 s. [Kairzhanov, K.A. (2007) Synergy of Language: monograph. Astana: KUEFiMT: IPC. 240 p.] (in Russian)
- Kalashnikova, K.R. (2019) Lingvosinergicheskij podhod k probleme aktualizacii avtorskih smyslov v hudozhestvennom diskurse (na materiale romana D.Brauna «Kod do Vinchi»): dis. ... kand. filol. nauk. Ufa. [Kalashnikova, K.R. (2019) Linguistic Synergetic Approach to the Problem of Actualizing Authorial Meanings in Artistic Discourse (Based on the Novel the Da Vinci Code by D.Brown): dis. ... Candidate of Philological Sciences. Ufa.] (in Russian)
- Qaliakpar, D., Quantajuly, N., Tolepbergen, B. (2023) Abaj shygarmashylygyndagy sinergetika. Jasau universitetining habarshysy. №1 (127). [Kaliakpar, D., Kuantayuly, N., Tolepbergen, B. (2023) Synergetics in Abai's works. Bulletin of Yassawi University. No. 1 (127).] (in Kazakh)
- Knjazeva, E.N. (2000) Intervju s professorom G.Hakenom. Voprosy filosofii. № 3. P. 53-61. [Knyazeva, E.N. (2000) Interview with Professor G.Haken. Questions of Philosophy. No. 3. P. 53-61.] (in Russian)
- Knjazeva, E.N., Kurdjumov, S.P. (1998) Sinergetika i principy koevoljucii slozhnyh sistem. Problemy obshhestvennogo razvitija. №3-4. P. 3-6. [Knyazeva, E.N., Kurdyumov, S.P. Synergetics and principles of coevolution of complex systems. Problems of social development. No. 3-4. P. 3-6.] (in Russian)
- M.Maqataev shygarmalarynyng tolyq zhinagy. 3-basylym. I tom: Olengderi men dastandary. (2013) Almaty: «Zhalyn» baspasy. 320 b. [M.Makatayev's Complete Works. 3rd Edition. Volume I: Poems and Epics. (2013) Almaty: Zhalyn. 320 p.] (in Kazakh)
- Mankeeva, Zh. (2021) Qazaq sozining sinergijasy. Almaty: Qazaq ulttyq universiteti. 272 b. [Mankeyeva, Zh. (2021) Synergy of the Kazakh word. Almaty: Kazakh National University. 272 p.] (in Kazakh)
- Muratova, E.Ju. (2012) Sinergeticheskij analiz poeticheskogo teksta. Vestnik RUDN. Serija Teorija jazyka. Semiotika. Semantika. №2. [Muratova, E. Yu. (2012) Synergetic Analysis of Poetic Texts. Bulletin of RUDN. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics. No. 2.] (in Russian)
- Ponomarenko, E.V. (2004) Sistemnost funkcionalnyh svjazej v sovremennom anglijskom diskurse: dis. ... doctora filol. nauk. Moskva. 447 b. [Ponomarenko, E.V. (2004) Systematicity of functional connections in modern English discourse: dis. ... Doctors of Philology Sciences. Moscow. 447 p.] (in Russian)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.05.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

**ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ  
ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ  
APPLIED LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article  
FTAMP 16.21.37

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-94-101>

**Жанар Төлендіқызы Жұмабаева<sup>1\*</sup>, Гульназ Турлыбаевна Бейсенбекова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-0025-5201 E-mail: Janar\_tolendi@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0009-0007-6330-5265 E-mail: gulbeisen@mail.ru

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тіліндегі сөз синтезі фонетика-фонологиялық, просодикалық жағынан қарастырылады. Сөз синтезі – жазба мәтінді ауызша түрге келтіру процесі. Ол тек мәтінді дыбыстау емес, табиғи және түсінікті сөйлеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Синтезатордың шынайы әрі түсінікті болуы үшін мәтін орфоэпиялық норма бойынша жүйеленіп, фонемалардың өзгерісі, дауыстылардың редукциясы, дыбыстық құбылыстар тілдік деректер негізінде сипатталды. Себебі сөз синтезін жетілдіруде фонетика-фонологиялық заңдылықтардың маңызы зор. Сондай-ақ мақалада сөз синтезінің өзектілігі және әдістері сипатталып, оның өзара ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар заманауи сөз синтезі бағдарламалары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылды. Мақалада сөз синтезін жүзеге асыру үшін қолданылатын артикуляциялық, форманттық, параметрлік және нейрондық модельдер талданды. Қазақ тіліндегі сөз синтезінің сапасын жақсарту үшін қысқарған сөздер мен сандарды ашып жазу, орфоэпиялық нормаларды сақтау, интонация мен ырғақты топтарды дұрыс модельдеу қажеттілігі көрсетілді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің фонетика-фонологиялық заңдылықтарына негізделген сапалы сөз синтезін жасауға ғылыми негіз бола алады. Сапалы сөз синтезін жасау қазақ тілінде сөйлеу интерфейстерін әзірлеуге жол ашады.

**Тірек сөздер:** сөз синтезі; фонетика; просодика; орфоэпия; интонация; ауызша сөз; алгоритм

**Қаржыландыру көзі:** Мақала ЖТН BR24993111 «Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы негізінде сөз синтезі жүйесін әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында дайындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Жұмабаева Ж.Т., Бейсенбекова Г.Т. Қазақ тіліндегі сөз синтезі және оның фонетикалық ерекшелігі. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). 94-101-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-94-101>

**Жанар Толендиевна Жумабаева<sup>1\*</sup>, Гульназ Турлыбаевна Бейсенбекова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, кандидат филологических наук,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-0025-5201 E-mail: Janar\_tolendi@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат педагогических наук, доцент,

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0009-0007-6330-5265 E-mail: gulbeisen@mail.ru

### СИНТЕЗ РЕЧИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И ЕГО ФОНЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

**Аннотация.** В статье рассматривается синтез речи в казахском языке с фонетико-фонологической и просодической точки зрения. Синтез слов – это процесс преобразования письменного текста в устную форму. Он направлен не только на озвучивание текста, но и на обеспечение естественного и понятного звучания речи. Для создания реалистичного и разборчивого синтезатора текст систематизируется в соответствии с орфоэпическими нормами, а также описываются фонемные изменения, редукция гласных и звуковые явления на основе языковых данных. Фонетико-фонологические закономерности играют важную роль в совершенствовании технологии синтеза речи. В статье также рассматривается актуальность и методы синтеза речи, выявлены их особенности и различия. Кроме того, проведен анализ современных программ синтеза речи, определены их преимущества и недостатки. В статье проанализированы артикуляционные, формантные, параметрические и нейронные модели, используемые для осуществления синтеза речи. Для улучшения качества синтеза речи в казахском языке показана необходимость

расшифровки сокращенных слов и цифр, соблюдения орфоэпических норм, правильного моделирования интонационных и ритмических групп. Результаты исследования могут служить научной основой для создания качественного синтеза слов, основанного на фонетико-фонологических закономерностях казахского языка. Создание качественного синтеза слов позволит разработать речевые интерфейсы в казахском языке.

**Ключевые слова:** синтез слов; фонетика; просодика; орфоэпия; интонация; устная речь; алгоритм

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования ИРН BR24993111 «Разработка системы синтеза речи на основе орфоэпической нормы казахского языка».

**Для цитирования:** Жумабаева Ж.Т., Бейсенбекова Г.Т. Синтез речи в казахском языке и его фонетические особенности. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). С. 94-101. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-94-101>

### Zhanar Zhumabayeva<sup>1\*</sup>, Gulnaz Beissenbekova<sup>2</sup>

<sup>1\*</sup>Corresponding author, Candidate of Philological Sciences,  
A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,  
ORCID: 0000-0002-0025-5201 E-mail: Janar\_tolendi@mail.ru

<sup>2</sup>Gandidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,  
Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty,  
ORCID: 0009-0007-6330-5265 E-mail: gulbeisen@mail.ru

## SPEECH SYNTHESIS IN THE KAZAKH LANGUAGE AND ITS PHONETIC FEATURES

**Abstract.** The article examines the synthesis of speech in the Kazakh language from the phonetic, phonological and prosodic points of view. Word synthesis is the process of converting a written text into an oral form. It is aimed not only at voicing the text, but also at providing a natural and understandable sound of speech. To create a realistic and legible synthesizer, the text is systematized in accordance with orthoepical norms, and phonemic changes, vowel reduction, and sound phenomena are described based on linguistic data. Phonetic and phonological patterns play an important role in improving speech synthesis technology. The article also examines the relevance and methods of speech synthesis, identifies their features and differences. In addition, an analysis of modern speech synthesis programs has been carried out, their advantages and disadvantages have been identified. The article analyzes articulatory, formative, parametric and neural models used for speech synthesis. To improve the quality of speech synthesis in the Kazakh language, it is shown that it is necessary to decipher abbreviated words and numbers, observe orthoepical norms, and correctly model intonation and rhythmic groups. The results of the study can serve as a scientific basis for creating a qualitative synthesis of words based on the phonetic and phonological patterns of the Kazakh language. The creation of high-quality word synthesis will make it possible to develop speech interfaces in the Kazakh language.

**Keywords:** word synthesis; phonetics; prosody; orthoepy; intonation; oral speech; algorithm

**Source of funding:** The article was prepared as part of the program-specific financing of the IRN BR24993111 “Developing the speech synthesis system based on the orthoepic norm of the Kazakh language”.

**For citation:** Zhumabayeva, Zh., Beissenbekova, G. Speech Synthesis in the Kazakh Language and its Phonetic Features. *Tiltanym*, 2025. No. 2 (98). P. 94-101. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-94-101>

### Кіріспе

Қазақ тіліндегі сөз синтезі – теориялық және практикалық жағынан әлі де зерттеуді қажет ететін бағыттардың бірі. Сөз синтезі – компьютер жадында сақталған сандық мәліметтер негізінде сөйлеу сигналдарын қалыптастыру үдерісі. Сөйлеу сигналдары жасанды түрде құрастырылу арқылы жазба мәтіндер ауызша дыбысталады. Сөз синтезі сапалы әрі шынайы шығуы үшін мәтіндер базасы әртүрлі салаларды қамтитындай толық болуы қажет. Сонымен қатар мәтін алдын ала нормаланып, диктор дауысы мен мәтін дәл сәйкестендіріліп, бағдарламаға енгізіледі. Сөз синтезі негізгі екі мақсаттан тұрады: түсінікті әрі табиғи болу. Осы мақсатқа жетуде тілдің төмендегідей аспектілеріне назар аудару қажет:

- қазақ мәтініндегі ең кіші сегменттердің позициялық заңдылықтары; дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық сипаттамасы мен сөз ішіндегі, сөздер жігіндегі дыбыстардың өзгерістері;

- дайындықсыз сөйлеу үстіндегі интонемалардың көрінісі, сөз ағымының просодикалық ерекшеліктері. Себебі сөз синтезі фонетикалық заңдарға сүйеніп, адамның сөйлеу мәнерін барынша дәл әрі табиғи түрде имитациялауға бағытталған. Фонетикалық заңдар – тілдің дыбыстық материясының қызметі мен дамуының заңдылықтары. Олар дыбыстық бірліктердің тұрақтылығын және үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, өзара алмасуы мен тіркесуін реттеп



отырады (Қалиев, 2005).

Қазіргі уақытта әртүрлі мекемеде жақсы жұмыс жасайтын бірнеше сөз синтезі бар. Соның бірі – Назарбаев университеті, Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) әзірлеген «Қазақ мәтінді сөзге түрлендіру – 2 (Kazakh TTS2)» демо-бағдарламасы. Бұл бағдарламада қазақ мәтінін 3 әйел, 2 ер адам дыбыстайды, олардың оқыған деректер үлесі 25 сағаттан асады. Демо-бағдарлама Институттың веб-сайтында орналасқан. Алайда бұл бағдарламада сан, қысқарған сөздер дыбысталмайды. Сондай-ақ Информатика және математика институты мамандары дайындаған сөйлеу-тану (распознавание речи) бағытында әзірленген Kazakh ASR бағдарламасы телеботта жұмыс жасайды. Оның ерекшелігі керісінше ауызша сөзді мәтінге айналдырады. «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген сөз синтезі телеботта жұмыс жасайды. Бұл бағдарламада ауызша мәтін орфография бойынша дыбысталады, яғни қалай жазылса, солай оқиды. Аталған бағдарламаларды ескере отырып, қазақ сөз синтезінің мейлінше орфоэпиялық норма бойынша дыбысталуы аса өзекті болып отыр. Ол үшін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен әуен, кідіріс, қарқын, үдемелік, ырғақ, реңк сияқты интонациялық компоненттер ескерілуі тиіс.

Сөз синтезінің қызметі аудио жарнама мен маркетингте (TTS медиа арналар үшін арнайы дауыстық хабарламалар жасай алады); оқыту мен білім беруде (TTS тиімді оқыту және ақпарат алу үшін аудио материалдар мен білім беру ресурстарын құруға көмектеседі); интерактивті дауыстық жүйелерде (TTS дауыстық мәзірлер мен автоматты дауыстық жауаптар арқылы клиенттермен өзара байланысты жеңілдетеді); мультимедиялық платформаларда (TTS пайдаланушылардың белсенділігін арттыра отырып, бейне ойындар, анимациялар және аудио турлар үшін шынайы дауыстық кейіпкерлерді жасайды) қолданылады.

Сөз синтезінің тарихы Х ғасырдан басталады, сол кезеңде Герберт Аврилак бронзадан адамның басын жасап, сұрақ қойған адамға «иә» немесе «жоқ» деген сөзді айта алатындай жағдайға келтірген. Ал XIII ғасырдың ортасында монах Альберт фон Больштедт пен ағылшын философы Роджер Бэкон «сөйлейтін бас» үлгісін жасайды. Бұл техниканың әлі дамымаған кезіндегі сөз синтезін жасауға деген алғашқы қадам болатын. XVIII ғасырдың соңында неміс ғалымы Х. Кратценштейн ең алғашқы болып адамның сөйлеуі арқылы жүзеге асатын бес созылыңқы дауысты дыбыстың (а, э, и, о, у) моделін жасайды. Бұл модель арқылы дауысты дыбыстардың тербелісіне қарай акустикалық резонатордың әртүрлі формалары пайда болады. 1788 жылы австрия ғалымы Вольфганг фон Кампелен Х. Кратценштейннің жұмысын әрі қарай жалғастырып, ерін мен тілдің моделін құрып, белгілі бір дыбыстарды айта алатын акустика-механикалық сөйлейтін машина ойлап табады, ол 3-4 жастағы баланың дауысында сөйлейтін болған. Жылдан жылға компьютер техникасының дамуымен байланысты сөз синтезінің де сапасы артып, оның шынайы дыбысталу жағы басым болуда. Жоғарыда көрсетілгендей, әртүрлі салада да қолданысы артып отыр.

Сөз синтезі кез келген мәтінді дыбыстаған кезде оның просодикасы әрі дыбыстардың тіркесімі мен түрленімі табиғи шығуы үшін, ең алдымен, фонетикалық ерекшелігі, фонеманың позициясы, сөздердің орфоэпиясы қарастырылуы керек. Осы арқылы сөйлеу синтезінің сапасы артады, жылдам жұмыс жасайды, дыбыстардың үндесімі және ауызша мәтінде әуезі сақталады, қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес шынайы дыбысталады.

### **Материал және әдістер**

*Материалдар.* Сөз синтезінің фонетикалық және интонациялық ерекшелігін негіздеу үшін теориялық зерттеулер мен сөздіктер басшылыққа алынды. Сондай-ақ сөз синтезіне енетін материалдарға оқулық мәтіндері пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, Қазақ тілі, Жоғары математика, Физика, Анатомия, Маркетинг, Менеджмент, Медиа, Өнертану, Мәдениеттану, Саясаттану, Дінтану, Философия, Құқықтану, Психология, Әлеуметтану, Экономика, Статистика, Геометрия, Химия сияқты әртүрлі саладағы мәтіндер енді.

*Лингвистикалық дереккөздер:* оқулықтар, бағдарламалар, қазақ, орыс және басқа тілдердің лингвистикалық зерттеулері, дыбыс, фонема, вариант, вариация, үндесім заңдылығы, орфоэпия сияқты тілдік ұғымдарды түсіну үшін қажет тілтанымдық деректер. Бұл материалдар сөз синтезін лингвистикалық жағынан негіздеп беруге көмектеседі.



Сөз синтезінің жүзеге асуы үшін төмендегідей әдістер қолданылды:

*Параметрлік синтез.* Параметрлік синтезде хабарламалар топтамасы санаулы болады және жиі өзгермейтін жағдайларда қолданылады. Параметрлік синтездің сапасы өте жоғары. Параметрлік синтез алдын ала белгіленбеген хабарламалар үшін қолдануға келмейді.

*Компилятивтік синтез.* Компилятивтік синтез алдын ала жазылған синтез элементтері сөздігінен хабарламаны құрастыруға негізделеді. Синтез элементтерінің өлшемі кем дегенде бір сөзден тұрады. Сондықтан синтезделетін хабарламалардың мазмұны сөздік көлемімен шектеледі. Әдетте, сөздік бірліктерінің саны бірнеше жүз сөзден аспайды. Компилятивтік синтез түрлі салада кеңінен қолданылады. Мәселен, ұялы байланыс операторларының анықтамалық қызметтерінде, абоненттің шот жағдайы туралы ақпарат алуда қолданылады.

*Ережелер бойынша толық сөйлеу синтезі.* Ережелер бойынша толық сөйлеу синтезі сөйлеу сигналының барлық параметрін басқара отырып, алдын ала белгісіз мәтіндер бойынша сөйлеуді генерациялауға мүмкіндік береді.

*Артикуляциялық синтез* – адамның сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, көмей) қозғалысын модельдеу арқылы жүзеге асады.

*Форманттық синтез* – сөйлеу форманттарын есептеу арқылы жүзеге асырылады. Дыбыстарды формант жиіліктері сияқты акустикалық параметрлер негізінде модельдейді. Тілдің фонетикалық ерекшелігін ескереді.

*Нейрондық желілер синтезі* (Tacotron, VITS және т.б.) интонация және тілдің грамматикалық ерекшеліктері негізінде жасалады. Аталған әдістер бағдарламашының сөз синтезіне енетін материалды кодтауы үшін және тілдік материалды модельдеу, алгоритмдеу үшін де қолданылады. Сөз синтезіне тілдік материалды бейімдеп беруде негізінен артикуляциялық, форманттық әдістер қолданылады. Сонымен қатар мақалада дыбыстық бірліктерге негізделген синтез әдісі қолданылды. Бұл фонемаға негізделген синтез, яғни сөз фонемаларға бөлініп, оның өзгерісі анықталады. Айталық, сөз синтезіне енетін мәтіндер өз ішінде бірнеше жікке бөлінеді. Мәселен, синтагма, ырғақты топ, просодия және интонацияны модельдеу. Сөйлеудің табиғилығын арттыру үшін мәтіннің интонациялық ерекшелігі маңызды болып табылады. Осы жағынан алғанда, сөз синтезіне енетін мәтін ырғақты топ пен синтагмаға бөлінеді. Ырғақты топ дегеніміз – өзінің соңғы буынына түскен ырғақ екпіні негізінде біріккен сөздердің ең кіші мағыналық тобы. Ал синтаксистік құрылым мен интонацияның тығыз байланыстылығын дәлелдейтін сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді – синтагма (Базарбаева, 2022).

Жоғарыда аталған әдістерді ескере отырып, мақалада сөз синтезіне енетін материал фонетикалық жағынан қарастырылады.

### **Әдебиетке шолу**

Сөз синтезіне қатысты зерттеулер дүниежүзінде, әсіресе АҚШ, Жапония, Франция сияқты батыс елдерінде жан-жақты қарастырылып жатқаны белгілі. Ал орыс тіл білімінде сөз синтезіне қатысты зерттеулер 1971 жылы ең алғаш рет М.Ф. Деркач (Деркач, 1993), Н.Г. Загоруйко (Загоруйко, 2013), Г.Фант (Фант, 1970) еңбектерінде қарастырылған. Мақалаға Н.В. Богданованың «Живые фонетические процессы русской речи» оқулығы (Богданова, 2001), С.В. Кодзасов, О.Кривнованың «Общая фонетика» еңбегі (Кодзасов, Кривнова, 2001) және Б.М. Лобанов, Л.Цирульниктің «Компьютерный синтез и клонирование речи» (Лобанов, Цирульник, 2008) атты зерттеуі теориялық жағынан негіз болды.

Қазақ тіл білімінде сөз синтезі Ә. Жүнісбек, З. Базарбаева, А. Фазылжанның зерттеулерінен бастау алады. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері қазіргі сөз синтезін жетілдіруде негіз болып табылады. Осымен байланысты мақалада Ә. Жүнісбектің «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Жүнісбек, 2018), З. Базарбаеваның «Қазақ фонологиясының негіздері» (Базарбаева, 2022) атты еңбектері, А. Фазылжанның зерттеулері басшылыққа алынды. Нақты айтқанда, дыбыстардың акустика, артикуляциялық сипатын беруде Ә. Жүнісбек зерттеуіне сүйендік, ал сөз синтезінің просодикалық ерекшелігін сипаттауда З. Базарбаеваның еңбегінде берілген тұжырымдар басшылыққа алынды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі сөз синтезін жетілдіруде дискреттілік маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда сөз синтезін дискреттілік жағынан қарастырған А. Фазылжанның зерттеуі негізге алынды. Сөз синтезін фонетика-фонологиялық жағынан қарастыруда Н. Уәлидің «Орфография, орфоэпия, графика» (Уәли, 2018) атты еңбегі, Ә.Жүнісбектің «Қазақ фонетикасы»

(Жүнісбек, 2009) атты зерттеуі, сондай-ақ З. Базарбаеваның «Интонология» (Базарбаева, 2022) атты зерттеуі, Қ. Күдеринаның «Қазақ жазуының тарихы» (Күдерина, 2013) атты монографиясы мен А. Фазылжанның «Сөз сазы және интонация» (Фазылжан, 2022) атты еңбегі басшылыққа алынып, мақаланы теориялық жағынан негіздеуге арқау болды.

### Нәтижелер және талқылау

Сөз синтезін орфоэпиялық, фонетика-фонологиялық деңгейде зерттеу қазақ тілінің ауызша сөз мәдениетімен, оның шынайы дыбысталуымен тығыз байланысты. Орфоэпиялық норманың сақталуы ұлт болмысын, ұлт танымын, ұлт ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ сөз синтезінде ауызша сөздің негізгі ядросы болып табылатын үндесім заңдылығы сақталуы керек. Ол үшін сөз синтезіне енетін мәтін бірнеше этаптан өтеді. Алдымен, сөз синтезіне енетін материал сұрыпталып алынады. Орфографиялық мәтіндегі барлық сөзді синтезатор бастапқы берілген күйінде «оки» алмайды.

Ауызша сөзде жиі кездесетін келесі стандартты емес жазу түрлері бар: сандар; әріптер мен сандарға жатпайтын арнайы таңбалар; қысқартулар мен аббревиатуралар және т.б. Осы аталған таңбалар синтезде дыбысталуы үшін «қалыпты» стандартты сөздерге немесе соларға ұқсас жазуларға (мысалы, басқа әліпбиді транслитерациялау) айналдырылуы керек, яғни дайын болған мәтінді оқуға ыңғайлау үшін ондағы қысқарған сөздерді, сандарды ашып жазу керек. Бұл процесс төмендегідей ретпен жүреді:

#### *Қысқартуларды ашу*

Сөз синтезіне енетін мәтіндердегі кез келген қысқарған сөз ашылып беріледі. Мысалы, б.з. VI ғасырынан Түркі кезеңі басталады. Осы сөйлемдегі қысқарған сөз мынадай формада ашылып беріледі: *біздің заманымыздың алтыншы ғасырынан Түркі кезеңі басталады*. Синтез дұрыс жұмыс жасауы үшін, яғни кез келген мәтінді толық әрі табиғи түрде дыбыстауы үшін қысқартуларды сөздерге айналдыру керек. Қысқарған сөздердің аражігін ашуда төмендегідей проблемаларды да ескеру керек. Айталық, қысқарған сөздер (аббревиатуралар) әртүрлі салада қолданылады. Осымен байланысты түрлі саладағы мәтінде қысқарған сөздер әртүрлі формада, әртүрлі мазмұнда келеді, сондықтан әр саладағы қысқарған сөздерді мәтіндегі мазмұнына сәйкес дұрыс ашу керек.

Мысалы, білім және ғылыммен байланысты қысқарған сөздер: ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі; ЖОО – Жоғары оқу орны; ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тестілеу; ҒЗИ – Ғылыми-зерттеу институты; МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты.

Сол сияқты медицинамен байланысты қысқарған сөздер: ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі; ЖРВИ – Жедел респираторлы вирустық инфекция; ҚҚС – Қан қысымы; КТ – Компьютерлік томография; МРТ – Магниттік-резонанстық томография.

Экономика және қаржымен байланысты қысқарған сөздер: ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; ҚҚС – Қосылған құн салығы; ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім; КТС – Корпоративтік табыс салығы; АҚ – Акционерлік қоғам.

Көлік және логистикамен байланысты қысқарған сөздер: ҚТЖ – Қазақстан темір жолы; ЖЖЕ – Жол жүру ережелері; ЖЖМ – Жанар-жағармай материалдары; ҚЖО – Құрғақ жүк кемесі операторы.

Қысқарған сөздерге жалғанатын қосымшаларды ескере отырып, дұрыс формасын ашып жазу қажет. Мысалы, *км.* қысқартуы алдындағы санға байланысты әртүрлі ашылуы мүмкін: *1 км = 1 километр, 2 км = 2 километрді, 5 км = 5 километрдің, 5 км-ге = 5 километрге.*

#### *Санды ашып жазу*

Сөз синтезіне тек қана қысқарған сөздер ғана емес, сондай-ақ мәтінде келетін сандар да сөзбен берілуі керек. Себебі сөз синтезі күндер мен жылдар сияқты сандық деректерді дұрыс оқу керек. Әсіресе математика бағытындағы мәтіндерде келетін сандардың мәнін ашу маңызды.

Сондай-ақ кейбір мәтінде сөздер латын әріптерімен жазылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда оларды кирилицаға дұрыс аудару қажет. Бұл үшін жиі кездесетін шетелдік сөздердің базасы немесе әрбір латын әрпіне сәйкес кирилицалық әріптерді ауыстыру ережелері қолданылады.

Сапалы сөз синтезін алу үшін, ең алдымен, адамның шынайы сөйлеген сөзі қажет. Өйткені

жазылған мәтінді оқыған кезде диктор орфография бойынша оқып шықса, онда ол сәтті шықпайды, жасанды болады. Сондықтан сөз құлаққа жағымды, сазды шығуы үшін қазақ тілінің орфоэпиясы, яғни ауызша сөздің нормасы басшылыққа алынады. Ауызша сөзде үндестік заңы сақталмай бұзылатын болса, мұның өзі айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшелікті ажырата алмаудан шығады. Себебі жазу сөздің айтылуын дәл бере алмайды. Осы жағынан алғанда, синтезге енетін ауызша мәтіндерде орфоэпиялық норма сақталуы керек. Сондықтан синтезге енетін мәтіндер орфоэпиялық норма бойынша реттеліп отырады. Мысалы: *“ертiстiң үлкөн сұуұна Ғарай үнүлгөн Һеңiс // құлаберiсте пар ат Һеккен жеңiл трәшпеңке / зырлап келедi /// ұзақ күңгү жүрүстөн талмаған // Һекi жарару Һаран ат Һоқұта шабады /// бұл жүргүнушүлер Һосұ Һетiмен ағындап Һарып // Һертiс сұуұна түсүп кетердей /// бiрағ Һжотадан // сондай жақың Һөрүңгөн Һертiс Һонша тақау Һемес Һекен /// жаңағы Һезеңнен соң да // сәл жәйылатын алаң бар боп Һшықты /// сол алаңд’аттардың желiгi басылып // жәй бүлкөкк’ауұстұ ///* (Amanbayeva A.Zh., Zhumabayeva Zh.T., 2025)

Орфоэпиялық норманы сақтау үшін орфоэпиялық ережелер басшылыққа алынды. Н.Уәлидің пікірінше, орфоэпиялық нормаларды кодификациялау тек тәжірибеге ғана емес, теориялық негіздемеге де сүйенуі қажет. Ғалым әсіресе ауызша коммуникацияның қоғамдық-әлеуметтік маңызы артып отырған кезде орфоэпиялық нормаларды теориялық тұрғыдан тиянақтаудың маңызы айрықша екенін, бұл ретте орфоэпияның теориялары фонема мен фонология ілімдерімен тығыз байланысты қарастырылатынын айтады (Уәли, 2018). Осы ретте сөз синтезі мәтіндері фонема теориясы тұрғысынан қарастырылып, төмендегідей талдаулар жүргізілді.

<А> фонемасы. Сөздің барлық позициясында кездеседі. Барлық дауыссыз дыбыспен тіркеседі. [Ш] мен [й]-дің, [ж] мен [й]-дің және жіңішке буыннан кейін [й] мен іргелес жіңішке буынның алдында келгенде, <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ә] түрінде болады, яғни палатализацияланады. Енді осы <a> фонемасының [ә] вариантымен келетін сөздерді тізіміз. *Ж<a>й – ж[ә]й, ш<a>й – ш[ә]й, м<a>йсөк – м[ә]йсөк, бид<a>й – бид[ә]й, ауж<a>й – [ә]уж[ә]й, д<a>укес – д[ә]укес, д<a>укестік – д[ә]укестік, ж<a>йбарақат – ж[ә]йбарақат, ж<a>йбарақаттану – ж[ә]йбарақаттану, ж<a>йбасар – ж[ә]йбасар, ж<a>йғастыру – ж[ә]йғастыру, ж<a>йғасу – ж[ә]йғасу, ж<a>йғату – ж[ә]йғату, ж<a>йғызу – ж[ә]йғызу, ж<a>йдақ – ж[ә]йдақ, ж<a>йдарлы – ж[ә]йдарлы, ж<a>йдары – ж[ә]йдары, ж<a>й-күй – ж[ә]й-күй, ж<a>йқалу – ж[ә]йқалу, ж<a>йлы – ж[ә]йлы, ж<a>йма – ж[ә]йма, ж<a>ймашуақ – ж[ә]ймашуақ, ж<a>йсаң – ж[ә]йсаң, ж<a>йша – ж[ә]йша, ж<a>йшылық – ж[ә]йшылық, ж<a>йсыз – ж[ә]йсыз, ж<a>йнау – ж[ә]йнау, ж<a>йт – ж[ә]йт.* Сонымен қатар дауыссыз [қ] дыбысынан кейін дауысты <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ә] түрінде болады, яғни палатализацияланады: *қ<a>дір – қ[ә]дір, қ<a>дірлеп – қ[ә]дірлеп, қ<a>дірлі – қ[ә]дірлі, қастерлеу – қ[ә]стерлеу, қ<a>стерлі – қ[ә]стерлі, қ<a>жет – қ[ә]жет, қ<a>жетсіз – қ[ә]жетсіз.* [Қ]-ның әдеттегі жуан тембрінен басқа жіңішке тембрлі болып келуі түрленім деңгейінде үндесім деуге болады. Сондай-ақ қауесет дегендегі [ә] соңғы буындағы [е]-нің әсерінен жіңішке реңкпен айтылады. Бірақ бұл дауыстының естілімі кәдімгі [а]-мен әдеттегі [ә]-нің аралығы деуге болады (Орфоэпиялық сөздік, 2007). Дауыссыз [н] мен [с] аралығында <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ә] түрінде болады: *н<a>сихат – н[ә]сйхат, н<a>сихатшы – н[ә]сйхатшы, н<a>сихаттау – н[ә]сйхаттау.* Жіңішке кірме сөздердің II буынында <a> фонемасының дыбыстық репрезентанты [ә] түрінде болады: *ділд<a> – ділд[ә], тілм<a>ш – тілм[ә]ш, тілм<a>ш – тілм[ә]штық, дінд<a> р – дінд[ә]р* (Уәли, 2018).

Сонымен қатар қазақ тілінде көбінесе қысаң дауыстылар әлсіреп, көмескі айтылып редукцияға ұшырайды. Мысалы, *адыраңдау, аңызак, бадырақ, дәрігер, едіреңдеу, жадырап, көбірек, көбінесе, көкірек, қатынас, қасірет, құдірет, тәжірибе* сөзі айтылымда *ад<sup>в</sup>раңдау, аң<sup>в</sup>зақ, бад<sup>в</sup>рақ, дәр<sup>г</sup>гер, Һед<sup>р</sup>реңдеу, жад<sup>в</sup>рап, көб<sup>р</sup>рөк, көк<sup>р</sup>рөк, көб<sup>н</sup>несе, қат<sup>в</sup>нас, қәс<sup>р</sup>рет, құд<sup>р</sup>рет, тәж<sup>р</sup>рйбе* т.б. Сөз синтезін жасау үшін қазақ тіліндегі редукцияға ұшырайтын сөздерді жүйелеп, синтезатор бағдарламасына енгізу үшін оның ережесін беру қажеттілігі туындайды.

Сөз синтезін жасау үшін жекелеген дыбыстың өзін модельдеп, синтезаторға енгізе алмаймыз. Өйткені жекелеген дыбыстарды біріктіргенде синтезатордан шыққан дыбыс табиғи шықпай, робот сияқты түсініксіз сөйлейді, себебі сөйлеу кезінде дыбыстар әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Сондықтан, ең алдымен, буын аралығындағы және түбір мен қосымша

The Sidhe	The Sidhe (also known as the <i>Aos Sí</i> ) are often depicted as beautiful and powerful female figures representing the mystical and enchanting aspects of femininity in Irish culture (Ocampo-Gooding, 2012).	The Sidhe, as beings of great beauty and power, embody a rich tapestry of folklore that intertwines with the natural world. They represent Irish mythology's mystical aspects and illustrate the complex relationship between humanity and nature. Encounters with the Sidhe frequently highlight the consequences of disrupting this delicate balance; those who venture too close to their enchanted realms may find themselves ensnared in a timeless existence (Almeida & Obeng, 2020).
Étaín	Étaín is a central figure in Irish mythology, whose narrative involves themes of love, transformation, and resilience (Davey, 2010).	Étaín's story showcases the complexities of female identity within the broader context of Irish mythology, where female characters frequently embody power and vulnerability. The nuanced portrayal of Étaín can be compared to other figures, such as Sinann, whose historical marginalization and subsequent recovery in modern discourse highlights the evolving representation of women (Kenna et al., 2023).
Airmid	Airmid is a goddess of healing and herbalism, representing femininity's nurturing and restorative aspects in Irish mythology (Beck, 2009).	Airmid's role as a healer highlights how women often embody both sides of creation and destruction, reflecting the broader theme of female autonomy within Irish mythology. This dualism is echoed in other figures, such as the Cailleach, who symbolizes both the harshness of winter and the promise of rebirth in spring (O'Donoghue, 2016).

The figures in Table 2 represent a spectrum of positive attributes associated with femininity. The interpretations highlight their specific roles and how they serve as cultural symbols that reflect complex understandings of human relationships, environmental stewardship, and the inherent duality of the feminine experience.




Figure 3 – Diachronic Trends in the Representation of Positive Female Figures in Irish Mythology (1930s)

Сурет 3 – Ирландия мифологиясындағы позитивті әйел фигураларындағы диахрондық тенденциялар (1930 ж.)

Рисунок 3 – Диахронические тенденции в изображении положительных женских образов в ирландской мифологии (1930 г.)

Figure 3 presents the analysis of the relative frequency of four female figures from Irish mythology with positive interpretations – Áine, Sidhe, Étaín, and Airmid – as reflected in the Google Ngram Viewer data from the 1930s. The data reveal a distinct dominance of the term “Áine” throughout the period under examination. At the same time “Sidhe,” “Étaín,” and “Airmid” appear with significantly lower frequencies, suggesting a differential prominence in the cultural consciousness and literary landscape of the time.

The prevalence of “Áine” likely reflects a heightened cultural focus on themes associated with the positive aspects of femininity she embodies, including joy, abundance, and the nurturing of life. The relatively lower frequency of the other terms may indicate that they relate to more specialized or niche cultural references, appealing to a narrower audience or being confined to specific folkloric traditions. It is important to note that during this period, the dominant themes explored often focused on the more general ideas Áine embodies, resulting in higher literary mentions of “Aine”.

Although “Sidhe” is less prominent than “Áine,” its presence, nonetheless, underscores the enduring appeal of the Sidhe as a symbol within Irish mythology. The Sidhe, often associated with beauty, the Otherworld, and the sea, embody the magical and captivating elements of femininity, showcasing the charm and power of women within the rich tapestry of Irish culture. Any slight increase in the usage of “Sidhe” during the later part of the examined period could indicate a renewed interest in these elements, and a reflection of an ongoing appreciation for Irish mythology.

The limited usage of “Étaín” in the dataset, compared to “Aine” and “Sidhe”, suggests that while Étaín remains a significant character within Irish mythology, her narrative may not have penetrated mainstream literature or popular culture as extensively as those of other figures. This limited representation could indicate that the themes embodied by Étaín, such as love and transformation, were perhaps less prioritized in the examined publications than themes of nature exemplified by “Áine”.

The disparate settings in which the mythological figures examined in this study appear, as illustrated in Figures 1 and 2, underscore their enduring cultural significance and the diverse interpretations that have flourished within folklore. This variability likely reflects the influence of localized beliefs, historical exigencies, and the inherently dynamic nature of storytelling, all of which continue to shape our contemporary understanding of these compelling figures.

Therefore, a deeper exploration of these narratives has the potential to yield profound insights into societal values and shared cultural memories, revealing how mythologies adapt to address contemporary challenges while preserving their core thematic elements. This ongoing process enhances our appreciation for cultural heritage. It highlights the importance of preserving and transmitting these narratives to future generations, ensuring that their inherent lessons and moral frameworks remain relevant in an increasingly complex and rapidly evolving world.

Moreover, engaging with these stories through diverse media, such as literature, film, and artistic expression, can amplify their appeal and accessibility, opening avenues for new audiences to connect with timeless wisdom in innovative and engaging ways. Such multifaceted engagement fosters intercultural dialogue, promoting shared humanity while celebrating the rich diversity inherent in global storytelling traditions. By embracing these varied expressions, we pay homage to the past, stimulate creativity, foster critical thinking, and cultivate a more inclusive and enriching narrative landscape for the future. This can provide a new platform for interpreting and exploring these figures.

#### *Enduring Significance: Positive Female Mythological Figures in Contemporary Contexts*

The figures of Áine, Sidhe, Étaín, and Airmid from Irish mythology are frequently invoked in contemporary culture, reflecting their enduring influence and continued symbolic power. These figures persist as cultural memory components and undergo reinterpretation and adaptation processes that reflect evolving societal values and aesthetic sensibilities.

Áine, for instance, has transcended her mythological origins to become a popular given name in Ireland, underscoring the cultural resonance and contemporary adaptation of this figure. In Irish lore, Áine is traditionally associated with summer, fertility, and abundance. In modern literature, art, and popular culture, she frequently symbolizes feminine power and the vitality of nature. Examining her mythological roots provides valuable insight into how ancient symbols are reimagined and repurposed within contemporary contexts.



The Sidhe (also known as the Aos Sí), or “the fairy folk,” represent a central and enduring aspect of Irish folklore and Celtic heritage. They are frequently referenced in contemporary discussions pertaining to folklore, fantasy literature, and cultural identity, demonstrating the timeless fascination with mythical beings and the supernatural realm. In modern storytelling, the Sidhe serve as potent symbols of the mysterious and otherworldly, influencing narratives centered on themes of heritage, nature, and the uncanny.

Étaín, another prominent figure in Irish mythology, is celebrated for her beauty and her narrative of love, loss, and ultimate transformation. In contemporary interpretations, Étaín is often viewed through a feminist lens, symbolizing resilience, personal growth, and the complexities of female agency. Her narrative provides a rich source for exploring themes of love, loss, and identity, resonating with modern audiences who seek narratives of empowerment and self-discovery.

Airmid, the goddess of healing and herbalism, embodies the knowledge of traditional herbal medicine and the inherent restorative power of the natural world. She is frequently associated with wisdom, nurturing, and the healing arts, symbolizing the enduring value of holistic health practices. Today, Airmid’s legacy is reflected in contemporary discussions surrounding wellness, sustainable living, and the revival of natural healing modalities.

However, while these figures are widely celebrated and adapted in modern interpretations of Celtic mythology, some scholars caution that contemporary adaptations may, at times, oversimplify or romanticize their complexities, potentially diluting the depth and nuances of their original narratives (Lai, 2011). This critical perspective suggests that while these mythological figures retain their symbolic power, their modern reinterpretations should be approached with a critical awareness of the potential for preservation and distortion.

### Conclusion

This study has explored the dualistic representations of femininity in Irish mythology through corpus-based analysis, examining the construction, perpetuation, and reinterpretation of female mythologemes across time. By categorizing mythological figures into positive and negative archetypes, this research elucidates how cultural narratives shape and reflect prevailing societal perceptions of gender roles, thereby revealing the complex interplay between mythology and social constructs.

These findings contribute substantively to the broader academic discussion surrounding mythology's function as a cultural lens through which gender identities are constructed, negotiated, and contested. As demonstrated by the linguistic trends analyzed in this study, mythology should not be regarded as a static repository of historical beliefs but rather as a dynamic and evolving framework that reflects ongoing cultural transformations and societal renegotiations of meaning.

Future research could extend this analysis through a cross-cultural comparison of female mythologemes, exploring the extent to which similar dualistic representations manifest across diverse mythological traditions. Furthermore, examining the role of digital media platforms in the revival, reinterpretation, or even the commodification of these figures would provide valuable insights into the contemporary significance and evolving dynamics of mythological archetypes. The integration of computational linguistics methodologies with feminist literary analysis offers a particularly promising avenue for further exploring the complex intersections of language, culture, and mythology.

In conclusion, this study underscores the enduring impact of female mythologemes in shaping cultural narratives, influencing gender ideologies, and informing contemporary cultural discourse. By bridging corpus linguistics and mythological studies, this research highlights the multifaceted ways language preserves and reinvents mythological archetypes, thereby ensuring their continued relevance and adaptability within the ever-evolving landscape of contemporary society.

### References

- Abdallah, M.A. (2013) A method and system for implementing recovery from speculative forwarding miss-predictions / errors resulting from load store reordering and optimization. (in English)
- Almeida, F.J., Obeng, P. (2020) Siddi marriage: Re-signifying contract, transactions, and identities. *South Asian History and Culture*. <https://doi.org/10.1080/19472498.2020.1831722> (in English)
- Angela, R.I. (2017) A “New Irish Woman” emerges: Subverting femininity in Maeve Kelly’s *A Life of Her Own*. *Journal of Irish Studies*. P. 104-114 (in English)

- Beck, N. (2009) Goddesses in Celtic religion: Cult and mythology – A comparative study of ancient Ireland, Britain, and Gaul. (in English)
- Besse, M. (2011) Familie, Genealogie und Ursprungsmythen in der älteren deutschen Literatur. (in English)
- Butler, J. (2008) Symbolic and social roles of women in death rituals in traditional Irish society. *Women, Pain and Death: Rituals and Everyday Life on the Margins of Europe and Beyond*. P. 108-121. (in English)
- Cooke, M. (2016) *Gender in mythology: The role of mythological women in cultural traditions*. Oxford University Press. (in English)
- Davey, M.E. (2010) “She had to start thinking like a man”: Women writing bodies in contemporary Northern Irish fiction. *Journal of Irish Studies*. <https://doi.org/10.24162/EI2010-2261> (in English)
- Ellis, P. (1994) *The Chronicles of the Celts: New tellings of their myths and legends*. (in English)
- Elsley, S.J. (2012) *Images of the witch in nineteenth-century culture*. (in English)
- Fairclough, N. (1992) *Discourse and social change*. Polity Press. (in English)
- Kadeřávková, T. (2022) Depictions of female sovereignty in Irish mythology. *Filozoficko-přírodovědecká fakulta*. (in English)
- Karaseva, A.A. (2023) Linguistic and cultural features of nominating negative female images in epics. *Filologiči i Kul'tura*. (in English)
- Kelly, E.P. (2022) *Áine*. *Journal of Irish Mythology*, 18(3). P. 42-59. (in English)
- Kenna, R., Thompson, C., Carmody, I., Dwyer, B., Curley, D., McCarthy, M., Bowes, N., MacCarron, P., Platini, T., Yose, J. (2023) The extraordinary story of Sinann – the inspirational figure who gave her name to Ireland’s longest river – and how she arose as one of Ireland’s resilient female icons. <https://doi.org/10.48550/arxiv.2308.02544> (in English)
- Kodumal, J., Aiken, A. (2005) *Banshee: A scalable constraint-based analysis toolkit*. (in English)
- Kravets, O., Maclaran, P., Stevens, L. (2020) Reclaiming the crone: Reimagining old age and feminine power. *Advances in Consumer Research*, 48. P. 1106-1111. (in English)
- Lai, M. (2011) *Mythological representations of women in Celtic narratives*. University of Edinburgh Press. (in English)
- Lévi-Strauss, C. (1994) *Myth and meaning*. Routledge. (in English)
- Loomis, R.S. (1945) Morgain La Fee and the Celtic goddesses. *Speculum*, 20(2). P. 183-203. (in English)
- Lotman, Y. (1970) *The structure of the artistic text*. University of Michigan Press. (in English)
- Lysaght, P. (1996) *The Banshee: The Irish supernatural death-messenger*. (in English)
- Magoulick, M.J. (2022) *The goddess myth in contemporary literature and popular culture: A feminist critique*. University Press of Mississippi. (in English)
- Malone, L. (2024) Old faces, new perspectives: A critical examination of the mother and crone in *Cartoon Saloon’s Irish folklore trilogy*. *Quarterly Review of Film and Video*. P. 1-17. (in English)
- McDonald, R. (2005) *Irish literature: Tradition and modernity*. (in English)
- Müller, K. (2023) *Corpus linguistics and mythology: A computational approach to cultural narratives*. Cambridge University Press. (in English)
- Nuttall, D. (1998) Witch and priest juxtaposed: Two figures from Irish tradition. *Folklore: Electronic Journal of Folklore*, (9). P. 34-40. (in English)
- O’Donoghue, M.V. (2016) *Fios na mban: The role of women in death and burial customs in post-famine Ireland*. (in English)
- O’Donoghue, J. (1997) *Anam Cara: A book of Celtic wisdom*. (in English)
- Ocampo-Gooding, S.I. (2012) *The Sheela-na-gig: An inspirational figure for contemporary Irish art*. (in English)
- Radulescu, A. (2014) Archetypal feminine figures in fairy tales: A study in archetypal psychology. *Journal of Research in Gender Studies*. (in English)
- Rubert, M. (2012) *Linguistic and cultural transmission in Irish mythology*. Dublin University Press. (in English)
- Sarabi, Z., Killian, E., Blanco, E., Palmer, A. (2019) A corpus of negations and their underlying positive interpretations. *Joint Conference on Lexical and Number Processing*. (in English)
- Selivanova, O., Rubert, M., Müller, K. (2023) *Linguistic patterns in mythological storytelling: A cognitive-semiotic approach*. Cambridge University Press. (in English)
- Shufelt, C.A. (2007) *Something wicked this way comes: Constructing the witch in contemporary American popular culture*. (in English)
- Šefčíková, B.K. (2021) *Ireland as a woman: Female depictions of Ireland in nationalist literature*. (in English)
- White, H. (2024) *Reimagining the witch: Contemporary narratives of feminine power and resistance*. Oxford University Press. (in English)
- Woodfield, J. (2011) *Morrigan: Goddess of war, fate, and sovereignty in Irish mythology*. (in English)
- Xianglin, L. (2010) *Mythological gender constructs in early European and Asian folklore*. Oxford University Press. (in English)

*Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье*

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 27.02.2025.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 25.06.2025.

**Асем Аленовна Касымова<sup>1\*</sup>, Диана Мұхтарқызы Түзелбаева<sup>2</sup>, Алия Матаевна Жумагулова<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, философия докторы (PhD), Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.,  
ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: assemzere.ak@gmail.com

<sup>2</sup>докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
ORCID: 0000-0002-9941-1445 E-mail: tuzelbaeva.diana@gmail.com

<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.,  
ORCID: 0000-0001-5535-0030 E-mail: semey1978@mail.ru

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА

**Аңдатпа.** Мақала бүгінгі таңда адамдардың өзара ақпарат алмасуы мен коммуникативтік кеңістігі болып табылатын әлеуметтік желілердегі ұлттың тілі мен мәдениетін сабақтастыра көрсететін лингвомәдени құндылықтардың насихатталу мәселелеріне арналып отыр. Зерттеудің негізгі мақсаты – сандық платформалар арқылы ұлттық кодтың тасымалдаушысы болып табылатын ақпаратты тарату және ұсыну ерекшеліктерін анықтау. Жұмыстың эмпирикалық негізі ретінде Instagram, Telegram, Facebook, TikTok және YouTube сияқты әлеуметтік желілер таңдалды. Талдауда сандық кеңістікте кеңінен ұсынылған мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтар, шешендік өнер үлгілері сияқты ауызша ауыз әдебиеті элементтерінің лингвомәдени ерекшелігіне назар аударылады. Зерттеу ұлттың рухани мұрасын әлеуметтік желі арқылы жеткізу тиімділігін, оның қазіргі жағдайдағы өзектілігін, «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастырудағы маңызын түсінуге бағытталған. Зерттеу әдістемесі әлеуметтік желілерде ұлттық-мәдени ақпаратты пайдалану ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін бақылау және салыстырмалы талдау әдістеріне негізделген. Технологияның қарыштап дамып келе жатқанын ескерсек, мұндай контентті цифрлық ортада дұрыс және мақсатты түрде ұсыну қолданушылардың қабылдауы мен дүниетанымына әсер етіп, ұлттың тіліне, мәдениетіне, діліне деген құрметті қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз. Цифрлық даму жағдайында ақпараттық мазмұнға жүйелі талдау жүргізу әдіснамалық зерттеулер жүргізуге негіз қалайды. Әлеуметтік желілер тілін лингвомәдени аспектіде қарастыру терең теориялық және қолданбалы зерттеулерге мүмкіндіктер ашатын өзекті ғылыми бағыт болып табылады. Медиaplatformаларды ұтымды пайдалану, ақпаратты визуализациялау және сандық контентті сыни қабылдау дағдыларын дамыту практикалық маңызға ие.

**Тірек сөздер:** әлеуметтік желі; мақал-мәтелдер; жұмбақтар; нақыл сөздер; ұлттық код; әлемнің тілдік бейнесі; менталитет

**Қаржыландыру көзі:** Мақала AP19680032 «Әлеуметтік желідегі лексиканың құрылымдық-семантикалық және лингвомәдени аспектілері» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Касымова А.А., Түзелбаева Д.М., Жумагулова А.М. Әлеуметтік желілердегі лингвомәдени лексика. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). 140-152-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-140-152>

**Асем Аленовна Касымова<sup>1\*</sup>, Диана Мухтаровна Тузельбаева<sup>2</sup>,  
Алия Матаевна Жумагулова<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>автор-корреспондент, доктор философии (PhD), Университет Шакарима,  
Казахстан, г. Семей, ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: assemzere.ak@gmail.com

<sup>2</sup>докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
ORCID: 0000-0002-9941-1445 E-mail: tuzelbaeva.diana@gmail.com

<sup>3</sup>кандидат филологических наук, Университет Шакарима, Казахстан, г. Семей,  
ORCID: 0000-0001-5535-0030 E-mail: semey1978@mail.ru

## ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ЛЕКСИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам популяризации лингвокультурных ценностей, отражающих взаимосвязь языка и культуры нации в пространстве социальных сетей, которые в современных условиях выполняют функции коммуникации и информационного обмена между людьми. Основной целью исследования является выявление особенностей распространения и репрезентации информации, являющейся носителем национального кода, через цифровые платформы. В качестве эмпирической базы работы были выбраны такие социальные сети, как Instagram, Telegram, Facebook, TikTok и YouTube. В фокусе анализа – лингвокультурная специфика элементов устного народного творчества, таких как пословицы, афоризмы, загадки, образцы ораторского искусства, широко представленных в цифровом пространстве. Исследование направлено на осмысление эффективности трансляции духовного наследия нации посредством социальных медиа, его актуальности в современных условиях, а также значимости в формировании «языковой картины мира». Методология исследования опирается на методы наблюдения

и сравнительного анализа, позволяющие выявить особенности употребления национально-культурной информации в социальных сетях. Учитывая стремительное развитие технологий, становится очевидным, что корректная и целенаправленная подача подобного контента в цифровой среде влияет на восприятие и мировоззрение пользователей, способствует формированию уважения к языку, культуре и менталитету нации. Проведение системного анализа информационного контента в условиях цифровизации открывает новые перспективы для методологических изысканий. Рассмотрение языка социальных сетей в лингвокультурном аспекте представляет собой актуальное научное направление, открывающее возможности для углубленных теоретических и прикладных исследований. Особое значение приобретает рациональное использование медиаплатформ, визуализация информации и развитие навыков критического восприятия цифрового контента.

**Ключевые слова:** социальная сеть; пословицы; загадки; афоризмы; национальный код; языковая картина мира; менталитет

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19680032 «Структурно-семантические и лингвокультурные аспекты лексики в социальных сетях».

**Для цитирования:** Касымова А.А., Тузельбаева Д.М., Жумагулова А.М. Лингвокультурная лексика в социальных сетях. *TiltanyM*, 2025. №2 (98). С. 140-152. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-140-152>

**Assem Kassymova<sup>1\*</sup>, Diana Tuzelbayeva<sup>2</sup>, Aliya Zhumagulova<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>Corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), Shakarim University, Kazakhstan, Semey,  
ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

<sup>2</sup>Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
ORCID: 0000-0002-9941-1445 E-mail: [tuzelbaeva.diana@gmail.com](mailto:tuzelbaeva.diana@gmail.com)

<sup>3</sup>Candidate of Philological Sciences, Shakarim University, Kazakhstan, Semey,  
ORCID: 0000-0001-5535-0030 E-mail: [semey1978@mail.ru](mailto:semey1978@mail.ru)

## INGUISTIC AND CULTURAL VOCABULARY IN SOCIAL NETWORKS

**Abstract.** The article explores the promotion of linguocultural values that reflect the interrelation between language and national culture within the realm of social media, which today serves as a primary space for communication and information exchange. The primary objective of this study is to investigate how content that embodies elements of the national cultural code is disseminated and represented across digital platforms. The research focuses on several popular social networking services, including Instagram, Telegram, Facebook, TikTok, and YouTube, which serve as empirical data sources. At the center of the analysis lies the linguocultural specificity of oral folk heritage – proverbs, aphorisms, riddles, and rhetorical expressions – that are actively reproduced in online environments. The study aims to assess the effectiveness of transmitting the nation’s spiritual heritage through social media, its relevance in the digital age, and its role in shaping a national linguistic worldview. The research methodology is grounded in observational and comparative analysis, allowing for a nuanced examination of how nationally significant cultural-linguistic content is utilized in social media contexts. Given the rapid advancement of technology, the accurate and purposeful dissemination of such content significantly shapes users’ perceptions, influences their cultural awareness, and fosters respect for the language, mentality, and heritage of the nation. A systematic analysis of information flow in the digital landscape opens new methodological avenues for scholarly inquiry. Examining the language of social media through the lens of linguocultural studies constitutes a timely and promising research direction. It enables both theoretical insights and practical applications, particularly in relation to the effective use of media platforms, the visual representation of cultural information, and the cultivation of critical digital literacy.

**Keywords:** social network; proverbs; riddles; aphorisms; national code; linguistic picture of the world; mentality

**Source of financing:** This article was prepared within the framework of the grant project AP19680032 «Structural-semantic and linguocultural aspects of vocabulary in social networks».

**For citation:** Kassymova, A., Tuzelbayeva, D., Zhumagulova, A. Linguistic and Cultural Vocabulary in Social Networks. *TiltanyM*, 2025, No. 2 (98). P. 140-152. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-140-152>

### Кіріспе

Виртуалды әлемдегі әлеуметтік желілер қолданысы күн санап жаңаруда. Әлеуметтік желілер тек ақпарат беру немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, заманауи қажеттіліктерді өтей алатын қызметтері арқылы да танылып отыр. Бүгінгі әлеуметтік желілердегі ақпараттардың берілуі желі қолданушыларының жасы мен жынысы, кәсібі мен қызметіне де байланысты екені белгілі. Қандай әлеуметтік желі болмасын ұлт дүниетанымының көріністері, ұлттық мұралар, киімдер, музыка, тағамдар, ұлттық мінез көріністері, қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, мейірімділік сынды қасиеттерді насихаттау визуалды-аудиалды, мәтіндік контенттер арқылы беріліп жүр. Әлеуметтік желілерде белсенділік танытатын блогерлердің ұлттық құндылықтарды насихаттауының



ақпараттық, танымдық қызметтерінен өзге жарнамалық сипаты да басым көрінеді.

Ұлт болашағы – жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуде әлеуметтік желілер арқылы берілетін ақпараттардың ықпалы зор. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарды әлемге насихаттау керектігін Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында баса айтқан болатын ([www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)). Осыған орай желі пайдаланушыларының жас ерекшелігін ескере отырып, танымдық қабілеттерін арттыру, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын көрсетудің қажеттілігі зор.

Мәселен, халық ауыз әдебиеті мұралары болып табылатын мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, нақыл сөздерді әлеуметтік желілер арқылы насихаттау – тек ақпарат беру ғана емес, когнитивті тұрғыдан да ықпал ету құралы. Ақпараттарды визуалды және аудиалды әдістер арқылы жүзеге асыру – желі қолданушысы үшін оның тиімділігін арттыра түседі.

### **Материал және әдістер**

Мақалада интернет желісіндегі ұлттық тіл мен мәдениетімізді танытатын лингвомәдени құндылықтардың насихатталу мәселелерін қарастыру шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамаларын негізге ала отырып, жүзеге асырылды. Мақаланың теориялық негіздемесін әзірлеуде Э.Сепир, В.Гумбольдтың ғылыми теориясына сүйене отырып, шетелдік ғалымдардан: Г.Брутян, Е.Горошко, Д.Кристал, Л.Компанцева, В.Лутовинова, О.Митина, В.Петренко, И.Правилова, Ф.Хейлиген, Л.Шифман, қазақ зерттеушілерінен: Ә.Қайдар, Л.Құрманбекова, Д.Дина, К.Сарекенова, Қ.Маликов, М.Мақилқызы сынды ғалымдардың зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары негізінде ғылыми талдау жүзеге асырылды.

Әлеуметтік желі арқылы беріліп отырған, ұлттық код тетігі болып табылатын ақпараттар көрінісінің насихатталуына талдау жасау үшін зерттеуде Instagram, Telegram, Facebook, TikTok, YouTube әлеуметтік желілеріндегі мысалдар нысанға алынды. Зерттеудің эксперименттік кезеңінде эмпирикалық деңгейдегі санау, бақылау, өлшеу, сипаттау әдістері негізге алынды. Ал интернет-лексиканың теориялық қырын айқындауда теориялық деңгейдің гипотетикалық, логикалық (талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия) әдістері қолданысқа түсті.

### **Әдебиетке шолу**

Бүгінгі қоғамда әлеуметтік желі кедергісіз, ашық түрде байланыс орнату құралы деп сипатталады. Заманауи қарым-қатынастың басым бөлігі осы интернет арқылы, ақпарат алмасу негізінде жасалып отырғандығы мәлім. Әлеуметтік желі, блог, чаттар қазіргі кезде жанды қарым-қатынасты алмастыра алады. Тіптен интернет адамды өзіне тәуелді ету мүмкіндігіне де ие болып отыр. Бүгінгі әлеуметтік желі пайдаланушысы әлемнің өзіндік ерекше «желілік бейнесін» жасайды. «Желілік бейне» жасау дегенде, ең алдымен «тілдік бейне» ұғымы еске түседі. Қай кезеңде болмасын, мейлі ол виртуалды, желілік әлемде болсын адам қоршаған дүниені танудағы өз білімін сөздер арқылы бекітеді. Осы білімнің жиынтығы «әлемнің тілдік бейнесі» деп аталады.

Әлемнің тілдік бейнесі – адамның әлемді тануының негізі, әрі оның тілдегі көрінісі. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұлт менталитеті мен мәдениетімен тығыз байланысты. Әлемнің тілдік бейнесі – тіл арқылы әлемді көру тәсілі. Оны интернет әлемімен байланыста қарастырамыз. Өйткені, «әлемнің тілдік бейнесі» біріншіден, адамдардың өмір сүру жағдайлары, материалдық әлемі, санасы мен мінез-құлқын анықтайды, екіншіден, адам әлемді негізінен ана тілінің формалары, оның семантикасы мен грамматикасы арқылы қабылдайды, бұл ойлау мен мінез-құлқын құрылымын анықтайды. Неміс ғалымы В.Гумбольдт әлемнің тілдік бейнесін түсіндіруде «халық рухы» ұғымының қолданысын, оның ұлт тілі қалыптасуындағы қызметін ерекше атап өтеді (Гумбольдт, 1985: 220).

Халықтың тарихы, талғамы, танымы мен болмысын бейнелейтін таңбалық жүйе – мәдениеттің айқын көрінісі. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы тіл мен ойлаудың өзара байланысын аңғартса, мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге де зор ықпал етеді. Бұл орайда әлеуметтік желінің де маңыздылығы мен қажеттілігін де атап өтуге болады.

Бүгінгі «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын интернет тілі, интернеттегі өзара байланыс, интернеттегі мәдени орта ұғымдарымен байланысты қарастыру байқалады. Тұлғаның үнемі қалыптасуында интернет – жаңа байланыс арнасы ғана емес, сондай-ақ ол қарым-қатынастың барлық қырын қамтитын жаңа әлеуметтік мәдени орта деп түсіндіріледі. Мұндағы тілдік орта дегеніміз – қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-

күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлар жиынтығы.

Әр халықтың ұлттық ерекшеліктерін басқалармен тек салыстыра талдау арқылы білуге болады. Әр этностың өз «ұлттық бейнесі» болатындықтан, әр этномәдени ортақтық тілдік орта ерекшелігін көрсетеді. Тілдік орта (тілдің өмір сүру ортасы) терминіне Э.Сепир географиялық және әлеуметтік факторларды (дін, мораль, қоғамның саяси ұйымдасу формалары, өнер) жатқызады (Сепир, 1993: 274). Тіл алдымен қатынас құралы және адамдардың тіршілік ету ортасы болғандықтан, «әлемнің тілдік бейнесін» адамдардың өзара қатысымдық мақсаттарына қарай, дүниеге көзқарасын, қарым-қатынас өрістерін және сөйлеу әрекеттерін жанды сөйлеу тіліне негізделген мәтінсіз, көркем әдебиетсіз, түрлі стильдегі ақпаратсыз зерттеу мүмкін емес.

Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен ондағы стереотиптердің рөлін талдай отырып, кез келген этностың «әлем бейнесі» туралы пайымы сол этнос мүшесі қолданған сөздер мен сөйлемдерден, сол этнос өмірі мен тіршілігінен алынған мәтіндердің мазмұнынан көрінеді.

Зерттеуші А.К. Брутян әлемнің тілдік бейнесі – бұл сыртқы және ішкі бейне туралы барлық ақпарат, сөйлеу тілдері, ондағы ең басты мағлұмат сөздер мен сөз тіркестерінің бойына жинақталатынын атап көрсетеді (Брутян, 1973: 114)

«Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымының ұлт менталитетімен тығыз байланыста қарастырылуы маңызды болмақ. Ол қоғамдағы мәдениеттің көрінісі «әлемнің ішкі бейнесінің» образын танытатын менталитетпен тікелей байланысты. Діл (менталитет) терминіне берілген түрлі анықтамалардың бірнешеуін келтіре кетсек: Менталитет – бір этникалық топқа жататын адамдардың күнделікті санасына тән дүниенің үлгісі» (Митина, 1994: 54).

Сонымен, менталитет – жеке адамға немесе әлеуметтік топқа тән ойлау тәсілі, психикалық дағдылар мен рухани көзқарастар жиынтығы. Шын мәнінде, «әлемнің тілдік бейнесі» тілде бейнеленетін халықтың менталитетінің көрінісі. Бүгінде менталитет пен тіл арақатынасын зерттеу тіл біліміндегі негізгі бағыттардың бірі болып отыр. Тіл халық менталитетін, ой-өрісін түсіну кілті болса, тіл арқылы ұлттық сипат, ұлттық мінез ерекшеліктерін тануға болатыны айқын.

Ұсынылып отырған мақала аясында бақылау және өзара салыстыру жүргізу әдістері арқылы әлеуметтік желілердегі (Instagram, Telegram, Facebook, TikTok, YouTube) түрлі ақпарат беру формалары арқылы ұлттық құндылықтардың көрінісі мен насихатталуындағы көрсеткіштерге назар аударып, оның сандық қоғамдағы маңыздылығы мен қажеттілігін анықтау міндет етіп қойылды. Мұның көрінісі төмендегі кесте арқылы ұсынылды.

Кесте 1 – Ұлттық құндылықтардың насихатталуының әлеуметтік желілердегі көрсеткіші  
 Таблица 1 – Показатель популяризации национальных ценностей в социальных сетях  
 Table 1 – Indicator of the Promotion of National Values on Social Networks

Әлеуметтік желі атауы	Парақша атауы	Жарияланым	Жазылушылар
Instagram	@qazaq _ gril	1483	492000
	@elzhan.qazaq.brand	625	51400
	@qarapaiym _ tarih	114	1273
	@erkenur _ kz	957	51900
	@olensoz _ kz	699	379000
	@sultankhan _ kazakhstan	1668	923000
	@kazakh.food _	196	42030
Telegram	@ulttyq _ murager	723	827000
	Qazaqiya		473
	Қазақ әдебиеті		2004
	Салт-дәстүр сөйлейді		4516

1-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 1 // Continuation of Table 1

Facebook	Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы		1100
TikTok	Үерассыл_ринатұлы		51300
	kenjebekovaa		680800
YouTube	QazVision		15000
	BILIM QAZYNA		14100

Кестеден аңғарғанымыздай, адамдардың желілер әлеміне еніп ықпалдасуы, тікелей қатыстылығы түрлі білім саласындағы зерттеушілердің, атап айтқанда, тіл білімі ғалымдарының да айрықша назарын аудартуда. Себебі адамдардың тілдік қатынасын зерттеуде лингвистикада жаңа серпін бар екені байқалады. Осы кезге дейін лингвистика гуманитарлық контекст аясында қарастырылса, қазіргі таңда тіл мен сөйлеу философия, әлеуметтану, психологияның да бір бөлшегі бола алады.

Осындай бағыттағы шетелдік және отандық зерттеулер қатарында әлеуметтік желі лингвистикасы: Е.И. Горошко «Лингвистика интернета: формирование дисциплинарной парадигмы» (Горошко, 2007), Л.Ф. Компанцева «Интернет-лингвистика: когнитивно-прагматический и лингвокультурологический подходы» (Компанцева, 2008), О.В. Лутовинова «Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса» (Лутовинова, 2009), интернет дискурс ерекшеліктері мен тілдік манипуляция мәселелері L.Shifman (Shifman, 2013,) D.Crystal (Crystal, 2011) т.б. авторлардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Сонымен қатар интернет кеңістігіндегі ұлттық маркерлерге қатысты пікірлерін білдірген зерттеушілер: И.Привалова (Privalova, 2019), F.Heylighen (Heylighen, 1992).

Отандық тіл білімінде де интернет тілі мен әлеуметтік желілердегі ақпараттардың берілуі, ұлттық құндылықтардың насихатталуы, орфография, сөз әдебі мәселелері т.б. аясында жасалған зерттеу жұмыстары бар. Атап айтқанда, М.М. Маликқызының «Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің прагматикасы және функциясы» атты диссертациялық еңбегінде қазақ әдеби тілі мен интернет коммуникация, әлеуметтік желі тілі және қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, әлеуметтік желілердегі тілдік ортаның жалпы сипаты мен ерекшеліктері т.б. мәселелері қарастырылды (Маликқызы, 2023). Сонымен қатар жекелеген зерттеулерде интернет-мем және олардың түрлері туралы сөз етіледі (Курманбекова, 2023: 142). Әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің рухани дамуына әсері, оң және теріс ықпалы, әлеуметтік желілерді білім беруде пайдалану мүмкіндіктері сынды өзге де тақырыптардағы зерттеулер баршылық.

### **Нәтижелер және талқылау**

Бүгінгі әлеуметтік желі коммуникациясындағы «тілдік бейне» ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатын да назарда ұстайтыны байқалады. Мәселен бірнеше әлеуметтік желіге назар аударсақ:

Instagram желісінде визуалды және аудиалды контентке негізделген, яғни, ұлттық құндылықтардың концептілік аясын қамтитын ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық өнер т.б. инстапарақшалардың бірнешеуін кездестіруге болады.

Instagram – визуалды және аудиалды мазмұнға негізделген әлеуметтік желілердің бірі ретінде ұлттық мәдениетті дәріптеуде тиімді платформаға айналып отыр. Бұл желіде ұлттық құндылықтардың концептілік аясын қамтитын бірқатар инстапарақшалар халықтың мәдени санасын нығайтуға және жас ұрпаққа ұлттық болмысты жеткізуге ықпал етуде. Мәселен, @olensoz\_kz атты парақша ұлттық поэзияны дәріптеумен қатар, дәстүрлі сөз өнері мен мәдени кодтарды визуалды бейнелермен ұштастырады. Бұл парақшада ұлттық нақыштағы фондар, шежірелік деректер, фольклор элементтері және жыр жолдары көркем әрленген бейнематериалдар арқылы ұсынылады. 632 жарияланым және 350 мыңға жуық оқырман бұл мазмұнның сұранысқа ие екенін көрсетеді. Сол сияқты, @sultankhan\_kazakhstan тәрізді парақшаларда қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен аймақтық ерекшеліктері кеңінен көрсетіледі. Бұл парақшалар тек эстетикалық функция атқарып қана қоймай, ұлттық киімнің мағынасы мен тарихын сипаттайтын түсіндірме мәтіндер мен бейнелер арқылы танымдық міндетті де орындайды. Тағы бір мысал

ретінде, @kazakh.food парақшасын атауға болады. Мұнда ұлттық тағамдар: бауырсақ, ет тағамдары, қымыз, шұбат секілді ас түрлері бейнежазбалармен, дайындалу жолы және шығу тарихымен бірге беріледі. Бұл – дәстүрлі аспаздық мәдениетті насихаттаудың бір жолы ретінде танылып отыр. Сонымен қатар @ulttyq\_murager тәрізді мәдени мұраны сақтауға арналған парақшаларда домбыра, қобыз, сазсырнай сияқты ұлттық аспаптар, олардың қолданылу дәстүрі, музыкалық үндері мен тарихи мәні туралы контенттер ұсынылады. Мұндай парақшаларда қысқа видеолар, танымдық посттар мен интерактивті викториналар арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылық қалыптасады. Жалпы алғанда, Instagram платформасындағы мұндай парақшалар ұлттық болмысты заманауи тәсілмен жеткізудің үлгісі болып табылады. Олар визуалды және аудиалды контентті тиімді қолдану арқылы ұлттық құндылықтардың концептілік өрісін кеңейтіп, жастардың мәдени танымын арттыруға оң әсерін тигізіп отыр.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында мессенджерлер тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар лингвомәдени кодтарды сақтау мен трансляциялаудың тиімді тетігіне айналып отыр. Соның ішінде WhatsApp желісі – отбасылық, туыстық және қоғамдық деңгейдегі мәдени ақпарат алмасудың кеңінен таралған алаңы. Аталған платформаның ерекшелігі – тұйық, сенімді әлеуметтік топтар арасында ақпараттың жылдам әрі бейресми түрде таралуы. WhatsApp желісінде ұлттық құндылықтар бірнеше форматта көрініс табады:

1. *Құттықтау мәтіндері мен ұлттық нақыштағы тілектер.* Бұл форматта пайдаланушылар туған күн, той, мереке сынды оқиғаларға орай қазақтың дәстүрлі тілегін, мақал-мәтелдерін, бейнелі сөз тіркестерін пайдалана отырып, құттықтау хаттарын таратады. Мысалы: «*Жасың құтты болсын! Жүз жасаған абыз қариялардың жасын берсін!*» тәрізді тілектер дәстүрлі танымға негізделіп, рухани жалғастық құралы ретінде қолданылады.

2. *Ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты кеңестер мен танымдық мәтіндер.* Отбасы, бала тәрбиесі, неке, той өткізу, жаназа рәсімдері секілді өмірлік кезеңдерге байланысты қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін сақтау жөнінде ақыл-кеңестермен алмасу кең тараған. Мұндай мәтіндер көбіне үлкендер тарапынан «younger generation»-ге бағытталып, WhatsApp топтарында таратылады.

3. *Діни-рухани мазмұндағы аудио және бейнематериалдар.* Рамазан айы, Құрбан айт, жұма күні сияқты діни мерекелер қарсаңында ұлттық таныммен үндесетін мазмұндағы уағыздар, құран аяттары, насихаттық аудиолар жиі таратылады. Бұл материалдарда ұлттық дүниетанымға сай ұғымдар – сабыр, шүкіршілік, үлкенге құрмет, отбасындағы жауапкершілік секілді құндылықтар көрініс табады.

4. *Қазақтың салт-дәстүрлерін түсіндіретін шағын бейнероликтер.* Мысалы, қыз ұзату, бесікке салу, тұсаукесер рәсімдері туралы қысқа, танымдық бейнематериалдар арқылы жастар арасында ұлттық дәстүрге деген қызығушылық қалыптасады. Мұндай видеолар көбіне ана тілінде, қарапайым әрі тартымды стильде дайындалып, топтық чаттарда кеңінен тарайды.

5. *Ұрпақаралық байланысты нығайтатын шағын оқиғалар немесе естеліктер.* Ата-әже мен немерелер арасындағы ұлттық тәрбие дәстүрлері, отбасылық естеліктер, шежірелік ақпараттар аудиожазба немесе мәтін форматында сақталып, отбасы мүшелері арасында таралады. Бұл үрдіс ауызша дәстүрді цифрлық форматта сақтауға септігін тигізеді. Осылайша, WhatsApp платформасы формалды емес, бірақ ұлттық мазмұнды сақтайтын және тарататын маңызды цифрлық алаң ретінде сипатталады. Ол лингвомәдени құндылықтарды күнделікті коммуникация процесінде табиғи түрде жаңғыртып, ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Сандық коммуникацияның қарқынды дамуы қазіргі таңда ұлттық мәдениетті дәріптеудің жаңа форматтарын қалыптастыруда. Бұл тұрғыда Telegram платформасы — қоғамдық пікірге ықпал ететін, тез тарайтын және мақсатты аудиторияға бағытталған ақпараттық арналар арқылы ұлттық кодтарды сақтау мен таратудың ықпалды құралдарының бірі болып отыр. Telegram-дағы ұлттық бағыттағы контент тақырыптық тұрғыда құрылып, ұлттық рухани мұраны, салт-дәстүрлерді, тарихи-мәдени танымды жаңа формада ұсынуға бағытталған. Мысалы:

1. «*Ұлы дала мұрасы*» *Telegram* арнасы. Бұл арнада қазақ халқының тарихи жадына, материалдық және рухани мәдениетіне қатысты танымдық материалдар жүйеленген. Мысалы, арнада киелі жерлер, ежелгі түркі жазбалары, қазақ хандары мен батырлары жайлы деректер, шежірелік ақпараттар, ұлттық киім үлгілері мен этнографиялық суреттер тұрақты түрде



жарияланып тұрады. Әрбір жарияланым тарихи деректермен негізделіп, фотосуреттер мен қысқа аудиоматериалдармен толықтырылады. Мәтіндерде көне сөздер, терминдер, ұлтқа тән тілдік-мәдени бірліктер жиі кездеседі. Бұл – ұлттық тарихи таным мен тілдік мұраны қатар жаңғыртудың тиімді жолы.

2. *«Ұлттық рух» Telegram арнасы.* «Ұлттық рух» арнасы ұлттық тәрбие философиясын, қазақы болмысты дәріптеуге бағытталған. Арнада ұлттық этика, отбасы құндылықтары, қазақы тәрбие, ұлт зиялыларының қанатты сөздері, ғибратты әңгімелер, дін және руханият тақырыбындағы материалдар кеңінен таратылады. Мәселен, Жүсіп Баласағұн, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Мұхтар Әуезов еңбектерінен алынған үзінділер, олардың ұлттық дүниетанымға қатысты ой-тұжырымдары терең талданып беріледі. Сонымен қатар халық мақал-мәтелдері мен шешендік сөздер бейнемәтіндер түрінде ұсынылады. Бұл арнаның мазмұны көбінесе қазақ тілінде жүргізіледі, мұнда тілдік нормалар мен мәдени коннотациялар сақталып, оқырманның ұлттық идентификациясына тікелей әсер етеді.

3. *Қоғамдық сипаттағы топтар мен арналардың ықпалы.* Telegram желісіндегі ұлттық бағыттағы топтар тек ақпарат таратумен шектелмей, интерактивті пікір алмасу алаңына айналып отыр. Мысалы, кейбір арналарда пікір қалдыру функциясы арқылы қолданушылар ұлттық мәселелерге қатысты ойлары мен тәжірибелерімен бөліседі. Бұл – заманауи цифрлық коммуникация мен дәстүрлі мәдениеттің синтезі болып саналады. Telegram желісіндегі ұлттық мазмұнды арналар – тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастыратын құралға айналды. «Ұлы дала мұрасы», «Ұлттық рух» секілді арналар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін цифрлық кеңістікте жүйелі насихаттап, ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына заманауи форматта жеткізуде маңызды рөл атқаруда. Мұндай платформалар ұлттық кодтың үзілмей, үздіксіз трансляциялануына, сондай-ақ лингвомәдени сабақтастықтың сақталуына септігін тигізеді.

XXI ғасырдың үшінші онжылдығында TikTok платформасы жастар аудиториясы арасында ең ықпалды әрі жылдам таралатын медиа алаңға айналды. Бұл платформада ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды заманауи стильде жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа тәсілдер қалыптасуда. Қысқа форматтағы, визуалды-креативті бейнероликтер арқылы ұлттық болмысты насихаттау – TikTok-тың басты ерекшелігі ретінде танылып отыр.

1. *Ұлттық билерді орындау және трендке айналдыру.* TikTok-та ұлттық би элементтерін заманауи стильде орындау арқылы қазақтың мәдени пластын заманауи аудиторияға жақындату мүмкіндігі кең. Мысалы, қазақтың «Келіншек», «Қара жорға» сияқты билері TikTok-тың би челлендж форматында қайта жаңғырып отыр. Бұл форматта жастар тек қимылдарды қайталап қана қоймай, бейне астарында музыка, ұлттық киім элементтері мен фондық визуал арқылы мәдени кодтарды қабаттастыра ұсынады. Мұндай видеолар миллиондаған қаралым жинап, ұлттық бидің танымалдығын арттыруға, сонымен қатар қазақ болмысының ерекшелігін жаһандық аудиторияға көрсетуге ықпал етеді. Бұл үрдіс – ұлттық өнерді репрезентациялаудың креативті әдісі ретінде қарастырылады.

2. *Ұлттық тағамдарды насихаттау: «фуд-контент» үлгісі.* TikTok-та кеңінен таралған тағы бір бағыт – ұлттық тағамдардың дайындалу жолын бейнероликтер арқылы көрсету. Бауырсақ, қымыз, бешбармақ, шелпек сынды дәстүрлі ас мәзірлері TikTok-тағы бейнеформат арқылы жас ұрпаққа ұсынылуда. Бұл роликтерде тағамның тарихы, символдық мәні және ұлттық тұрмыстағы орны да баяндалады. Қысқа әрі тартымды формат ұлттық тағамдарды заманауи көрерменнің талғамына бейімдеп жеткізуге жол ашады. Сонымен қатар TikTok-та ұлттық ас дайындау үрдісін отбасылық тәрбиемен, ананың орны мен дәстүр сабақтастығымен байланыстыратын мағынасы терең роликтер де кездеседі.

3. *Тарихи тұлғалар туралы ақпараттық бейнероликтер.* TikTok-та Абай Құнанбайұлы, Әл-Фараби, Абылай хан, Бауыржан Момышұлы секілді тарихи тұлғалар жайлы қысқа ақпараттық видеолардың үлесі артып келеді. Бұл форматта тұлғаның өмір жолы, еңбегі, нақыл сөздері мен тарихи қызметі небәрі 30-60 секунд ішінде көрерменге таныстырылады. Мұндай видеолар инфографика, көркем бейне, және тікелей баяндау арқылы ұсынылып, білім беру мен танымдық қызметті қатар атқарады. Бұлар жастардың тарихи санасын жаңғыртып, ұлт мақтаныштарын жаңа медиада қайта танытуға септігін тигізеді. TikTok – ұлттық құндылықтарды жаңа форматта ұсынуға

мүмкіндік беретін әлеуетті медиа кеңістік. Қысқа, бейнелі, әрі интерактивті мазмұн арқылы платформада ұлттық билер, тағамдар, тарихи тұлғалар секілді негізгі мәдени нышандар насихатталып, кең аудиторияны қамтуда. Бұл үрдіс – ұлттық кодтың цифрлық репрезентациясының жаңа көрінісі және креативті лингвомәдени трансляцияның сәтті үлгісі ретінде бағаланады.

YouTube платформасы – ұзақ форматтағы бейнемазмұн арқылы терең мағыналы ақпарат жеткізуге қолайлы медиа кеңістік. Бұл платформада ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы видеоконтент кеңінен таралып отыр. Әсіресе деректі фильмдер, шеберлік сағаттары мен мотивациялық бейнероликтер арқылы ұлттық мәдениет пен тарихи жадыны жаңғыртуға, жастардың сана-сезімін тәрбиелеуге мол мүмкіндік бар.

1. *Қазақ мәдениеті мен дәстүрлері туралы деректі фильмдер.* YouTube-тағы деректі фильмдер тарихи-мәдени тақырыптарды тереңінен қамтумен ерекшеленеді. Мәселен, «Qazaq History», «Қазақстан» телеарнасының ресми арнасы және «TarihTalk» сынды платформаларда қазақ халқының шығу тегі, көшпелі өркениет, ру-тайпалық құрылым, ислам дінінің енуі және этнографиялық дәстүрлер туралы сапалы деректі фильмдер жарияланады. Мұндай фильмдерде архивтік деректер, ғалымдардың сараптамалары, заманауи визуалды технологиялар қолданыла отырып, ұлттық тарих ғылыми-публицистикалық тұрғыда көрерменге жеткізіледі. Мазмұны терең, бейнелеу тілі бай бұл фильмдер әсіресе мектеп оқушылары мен университет студенттері үшін құнды танымдық ресурс болып табылады.

2. *Ұлттық қолөнер мен тұрмыстық дәстүрлерге арналған шеберлік сабақтары.* YouTube платформасында ұлттық қолөнер түрлеріне (киіз басу, ою-өрнек салу, кестелеу, ағаш оймыштау, күміс өңдеу т.б.) арналған шеберлік сағаттары жиі кездеседі. Мысалы, «Qazaq Craft», «Шебердің шеберханасы», «Kazakh Artisans» сынды арналарда дәстүрлі киіз үй жасау процесі, уық, кереге, шаңырақ құрастыру жолдары, киіз басу технологиясы тікелей көрсетіледі. Бұл сабақтар тек технологиялық үдерісті ғана емес, сонымен қатар шеберлердің ауызекі баяндауындағы мәдени-аңыздық негіздерді, қолөнердің символикалық мәнін де қамтиды. Яғни, бейнежазбалар арқылы материалдық мәдениет пен рухани таным қатар ұсынылады.

### 3. *Тарихи тұлғалар туралы танымдық-визуалды контент*

YouTube-тағы танымдық видеолар тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбегін заманауи жастарға ұғынықты форматта ұсынуға бағытталған. Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Әлихан Бөкейхан, Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғалар жайлы деректі-танымдық бейнероликтер кеңінен таралған. Мұндай видеолар анимация, инфографика, тарихи реконструкциялар және иллюстрациялық материалдармен толықтырылып, аудитория қызығушылығын арттырады. Олар тұлғаның өмірбаянын баяндаумен қатар, ұлттық рух пен патриотизм идеясын да насихаттайды.

Қазақ тілі қазіргі қазақстандық кинода маңызды рөл атқарады, ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейліктің символы ретінде де көрінеді. «Қыз Жібек» (1970) пен «Томирис» (2019) сияқты фильмдерде қазақ тілі тарихи және мәдени тамырларды айқындап, көрерменмен эмоционалдық байланыс қалыптастыра алды. Ана тілінің қолданылуы қазақ халқының дәстүрлерін, фольклорын және дүниетанымын шынайы жеткізуге көмектесті. Тарихи және драмалық фильмдерде тіл көбіне дәстүрлі музыкамен және көрнекі элементтермен қатар қолданылады, бұл мәдени контексті күшейтеді. Бұл әсіресе жаһандану дәуірінде маңызды, себебі тілдік ерекшелікті сақтау – басты міндеттердің бірі. Қазақ тілінің маңыздылығына қарамастан, кинода оның қолданылуы бірқатар қиындықтарға тап болуда. Біріншіден, қазақстандық фильмдердің бюджеттік шектеулері халықаралық нарыққа сапалы локализация жасауға кедергі келтіреді, оның ішінде аударма мен субтитрлерде біршама қиындықтар бар. Екіншіден, кейбір көрермендер, әсіресе қалалықтар, орыстілді контентке артықшылық береді, бұл продюсерлерді тілдік тепе-теңдікті сақтауға мәжбүрлейді. *«Қазақ тілінде кино түсіру – қиындық тудырады, бірақ бұл біздің болмысымызды сақтау үшін аса қажет»*, – дейді режиссер Әділхан Ержанов (Ержанов, 2021).

Тағы бір мәселе – күрделі драмалық рөлдерге сай қазақ тілін еркін меңгерген кәсіби актерлердің жетіспеушілігі, бұл кейде диалогтердің қарапайымдануына немесе дубляж қолдануға әкеліп, фильмнің шынайылығын төмендетуі мүмкін. Дей тұрғанмен де ХХІ ғасырда қазақ тілі қазақстандық кинода әртүрлі жанрларда, драмадан бастап тарихи эпопеяларға, комедия мен жастар сериалдарына дейін кеңінен қолданылуда. «Рэкетир» (2007), «Побег из аула» (2011) және «Патруль» (2024) т.б. сияқты фильмдерде қазақ тіліндегі диалогтер жиі кездеседі, бұл оларды жергілікті көрерменге түсінікті әрі қолжетімді етеді. Сонда кино өнері бұл тек фильм түсіру өндірісі ғана емес, ол – кез келген ұлттың бет-бейнесі, өмір сүру салты мен ойлау жүйесі, ұлттық мәдениеттің жаршысы. Кино өнері қазір қаласақ та, қаламасақ та кітапқа, газет-журналдарға қарағанда әлеуметті қамтуы жағынан жоғары болып отыр. Киноның осындай жалпы көпшіліктік сипатынан оның адамның сана-сезіміне, психологиясына, ой-өрісі мен дүниетанымына әсер етуінің қарқындылығын көреміз, демек кино дұрыс мақсатта пайдаланылса, ұлтты біріктіретін құралға, ал бұрыс мақсатта – атом бомбасынан да қатерлі қаруға айналады. Сондықтан ұлттық кино өнеріне, оның ішінде қазақ киносының тіліне бей-жай қарауға болмайды.

Мақалада қазіргі қазақ киносының тілдік ерекшеліктеріне, қазақ тілінің кино өнеріндегі қызметіне, ондағы үлесіне қатысты әлеуметтік лингвистикалық мәселелерді талдау, қазіргі қазақ киносының тілдік жағдайын (сапасын) жақсарту (көтеру) бойынша режиссерлерге, сценаристерге және тіл мамандарына нақты ұсыныстар беру міндеті қойылды. Қазақ киносының тілін зерттеу арқылы оның ұлттық мәдениетті сақтаудағы рөлін анықтау, қазақ тілі нормаларының сақталу деңгейін бағалау және кинематографиядағы тіл қолданысының қазіргі қазақ қоғамына тигізер ықпалын айқындау мақсаты көзделді. Сонымен қатар қазақ киносы тіліндегі шұбарлану (орыс тілінің, жаргондардың немесе өзге тіл элементтерінің шамадан тыс қолданылуы) мәселесін талдауға, бұл құбылыстың қазақ тілі мен қазақ мәдениетіне әсерін, қостілділіктің (қазақ және орыс

тілдерінің аралас қолданылуы) ықпалын бағалауға талпыныс жасалды. Осы міндеттерді орындау арқылы мақала қазақ киносы тілінің қазіргі ахуалын ғылыми негізде зерттеуге және тіл тазалығын сақтау мәселесін шешуге бағытталған ұсынымдарды әзірлеуге үлес қосады деп сенеміз.

Қазіргі қазақ киносының тілдік ерекшелігі мен тіл тазалығын зерттеу тек кинематография саласына ғана емес, жалпы қазақ тілінің дамуына да үлкен үлес қосады. Бұл зерттеулер тіл мәдениетін сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеруге, қоғамның тілге деген құрметін арттыруға мүмкіндік береді. Тілдік ерекшеліктерді зерттеу арқылы кинодағы лексикалық, грамматикалық және стильдік қолданыстарды сөз ету мақаланың ғылыми-теориялық маңызын құрайды.

### **Материал және әдістер**

Мақалаға материал ретінде қазақтілді «Мұқағали» (жанры: тарихи драма), «Ұлы дала таңы» (жанры: тарихи фильм), «Қанатты қыз» (жанры: драма), «Махабат пен ғадауат» (жанры: драма), «Біздің сынып» (драма), «Бөлек шығайық» (жанры: комедия), «Хотя бы кинода 3» (комедия), «Родной» (комедия), «Жол» (комедия), «СОСО&JANBO» (жанры: комедия, криминал, мелодрама), «Сәлем, папа» (комедия, боевик), «Кеттік, бәрін таста» (комедия), «Келінжан» (комедия), «Сакура» (мелодрама), «Дәстүр» (ужастик), «Бақыт» (драма), «Жездуха» (комедия), «Бизнес по-казахски» (комедия) фильмдері және олардың дубляждары, сонымен қатар орыстілді «Шекер. Последний шанс» (криминал), «5:32» (детектив, триллер, криминал) фильмдері пайдаланылды. Оған себеп: берілген фильмдердің жанрлық әртүрлілігі мен олардағы қазақ тілінің қолданылуы, тіл тазалығы, тілдік қолданыстардың қазақ қоғамына, оның ұлттық бірегейлігіне әсерін талдау тілтанымдық тұрғыдан ғана емес, мәдениет пен тілдік саясат тұрғысынан да маңызды мәселе. Бұл – көрермендерге фильмдердің мазмұны мен диалогтерінде қолданылған тіл сауаттылығы мен әдептілігін бағалауға мүмкіндік беретін фактор.

Мәселен, «Бөлек шығайық» (жанры: комедия), «Хотя бы кинода 3» (комедия), «Родной» (комедия), «Жол» (комедия), «Кеттік, бәрін таста» (комедия), «Келінжан» (комедия), «Жездуха» (комедия), «Бизнес по-казахски» (комедия) сынды комедиялық жанрдағы фильмдер тіл тазалығын сақтау тұрғысынан еркіндікке жол берген. Мұнда жаргондар, боқтық сөздер, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері кездеседі. Көркемдік мақсатта фильмдерде кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктері сақталуы әбден мүмкін, алайда мұндай сөздер фильмнің негізгі аудиториясына түсінікті, әрі қабылдауға қолайлы болуы қажет.

«СОСО&JANBO», «Шекер. Последний шанс», «5:32» криминалдық жанрда түсірілген фильмдерде кейіпкерлердің диалогтерінде қатал, шынайы криминал әлемнің бейнесін ашу мақсатында дөрекі, бейпіл, қылмыстық субмәдениет өкілдері арасында қалыптасқан және көбіне сырттан келгендерге түсініксіз ерекше сөздер мен фразалар, түрмедегі өмірдің, қатынастардың, жазылмаған ережелер мен иерархияның көрінісі болып табылатын жаргон сөздер қолданылған. Дегенмен бұл көркемдік элементті асыра пайдаланбау маңызды.

Мақаланың талдау нысаны болып отырған барлық фильмдерде екі тілде сөйлейтін кейіпкерлер, оның ішінде қазақ және орыс тілінде сауатсыз, аралас тілде «шала қазақ» тілінде сөйлейтін диалогтер өте көп. Жалпы қазіргі қазақ фильмдерінде қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуы кең таралған құбылыс. Бұл қостілділік – Қазақстандағы тарихи-мәдени және әлеуметтік жағдайдың көрінісі. Дегенмен оның фильмдердегі рөлі күрделі және жан-жақты талдауды қажет етеді. Аралас тілді немесе «шала қазақ» тілін қолданған жағдайда оның көрерменге әсерін және қазақ тілі мен орыс тілінің теңгерімін ескеру керек деп ойлаймыз. Қазақ тіліндегі диалогтерге орысша сөздер мен конструкциялар араласқан жағдайда, олар көркемдік сапаны төмендетіп, эстетикалық тұрғыда қабылдануға қиындық туғызады. Қазақ тілі мен мәдениеті толық жеткізілмеген жағдайда фильм ұлттық болмыстан алшақтайды, қазақ тілі екінші орында қалып қояды. Фильм дубляждан өткен болса, оның тілдік сапасы, мәдени ерекшеліктерді беру деңгейі жоғары ма әлде түпнұсқалық мағынадан ауытқулар бар ма – осыны ескеру қажет. Дубляж сапасын жетілдіру үшін кәсіби аудармашылар мен актерлерді пайдалану маңызды. Қазақ тіліндегі фильмдерде қазақы болмыс пен ұлттық мәдениетті дұрыс жеткізу үшін, тіл мамандарынан кеңес алу қажет деп есептейміз. Екі тілде түсірілген фильмдерде қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін қазақ тіліндегі диалогтерді күшейтуге көңіл бөлу ұсынылады. Тіл тазалығына назар аудару – фильмдердің сапасы мен аудитория алдындағы беделін арттырудың

маңызды қадамы.

Мақалада берілген теориялық материалды зерттеу және баяндау барысында жалпы ғылыми әдіс – әдеби шолу, яғни тіл білімі мен кинотану саласындағы заманауи зерттеулерді қарастыру әдісі қолданылды. Практикалық материалды талдау барысында: контент-талдау – қазақ кинофильмдеріндегі диалогтер мен монологтерді зерттеу; салыстырмалы әдіс – қазақ киносындағы қазақ және орыс тілді мәтіндердегі тілдік ерекшеліктерді салыстыру мен контекстуалдық талдау әдістері де қолданылды.

### **Әдебиетке шолу**

Ұлттық кинематографияның дамуының мәселелері мен заңдылықтары қазақстандық зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Қазақстандық өнертанушы ғалымдар шығармашылық индустрияларды дамыту контекстінде мемлекет пен киноиндустрияның өзара әрекетін, қазақстандық кинематографияның қалыптасу тарихы мен оның қазіргі кезеңдегі рөлін, кинематографияға заманауи технологияларды енгізудің рөлі мен мәселелерін, қазіргі фильм үшін киномузыканың маңыздылығын т.б. зерттеп келеді, көптеген ғылыми-танымдық еңбектер жарыққа шықты. Қазақстандағы кино бизнесі мен кино нарығының қалыптасу кезеңдері Г.О. Абикееваның мақаласында терең зерттелген. Автордың пікірінше, «Қазақстандық кинематография мәдени индустрия ретінде 2005 жылы кино прокаты жанданып, фестивальдер үшін ғана емес, ең алдымен, көрермендер үшін фильмдер түсіріле бастаған кезден бастап қалыптаса бастады» (Абикеева, 2022). Зерттеушінің ойынша, соңғы онжылдықта Қазақстанның креативті экономикасының толыққанды саласы ретінде кино индустриясы қалыптасып, дамыды. Автордың деректері бойынша, «Егер 2000-жылдары қазақстандық киноның прокаттағы үлесі бар болғаны 1-3% болса, 2019 жылға қарай, пандемия басталғанға дейін, отандық фильмдердің кассалық жиыны барлық картиналар прокатының 30%-ын құрады».

Қазақстан киносы – ұлттық мәдениет пен тарихтың маңызды аспектісі. Қазіргі қазақстандық кинодағы тілдік репрезентация мәселелері де зерттеушілер назарынан тыс қалмады. А.Е. Қайырбекова, А.Н. Смагулова, Т. Байбатшаева, М. Молдасаев, А. Қожанова, А. Шәрипова, Н. Қан, Г. Мұрат, Г. Алғазина, Ш. Жолдасбаева, А. Сүлейменова сынды ғалымдардың еңбектерінде кинодағы көптілділік, сленг, арго және бейресми тілдік құрылымдар кеңінен талданды.

Бұл мәселелер тек қазақстандық емес, шетелдік лингвистер мен кинотанушылардың да зерттеу нысанына айналды. Мәселен, Norman Fairclough (1995) өз еңбектерінде тіл мен билік арасындағы қатынасты медиалық дискурста, соның ішінде кино тілінде де зерттейді. Ол кино тілін идеологиялық құрал ретінде қарастырып, әлеуметтік теңсіздіктер мен мәдени доминанттарды қалайша тіл арқылы жеткізуге болатынын сипаттайды (Fairclough, 1995). Andrew Higson (2000) «The Limiting Imagination of National Cinema» атты мақаласында ұлттық киноның тілдік және мәдени репрезентацияларын зерттейді. Оның пікірінше, тіл – ұлттық киноның негізгі айқындаушы белгілерінің бірі және көп жағдайда ұлттық бірегейлік осы тілдік ерекшеліктер арқылы танылады (Higson, 2000). Jane Hodson (2014) «Dialect in Film and Literature» атты еңбегінде аймақтық диалектілер мен әлеуметтік вариациялардың кинодағы көрінісін саралап, олардың көрермен қабылдауына әсерін сипаттайды (Hodson, 2014). Бұл әсіресе қазақстандық контексте, қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуымен байланысты маңызды. Allan Bell (2001) тілдік стиль мен аудитория арасындағы байланысқа ерекше көңіл бөледі. Оның зерттеулерінде медиа мен кино тілінің көрерменге бағытталған стратегиялық құрылымы талданады (Bell, 2001). Бұл қазіргі заманғы кинодағы сленг, арго мен код-ауыстыру сияқты құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Кинодағы пиджин және креол тілдері туралы зерттеулер John Holm (2000) еңбектерінде кеңінен сипатталған. Ол бұл тілдердің постотарлық контексте қолданылуын, олардың әлеуметтік мәртебесі мен мәдени код ретіндегі рөлін көрсетеді (Holm, 2000). Бұл құбылыс Қазақстандағы урбанизация мен мәдени интерференция жағдайында өзекті. Deborah Cameron (2000) кино тілін гендерлік және әлеуметтік рөлдер тұрғысынан зерттейді. Ол әйел және ер кейіпкерлердің сөйлеу стилі, тілдік нормалар мен стереотиптерді кино арқылы қайта өндіру мәселесін көтереді (Cameron, 2000). Мұндай зерттеу Қазақстанда гендерлік репрезентацияға қатысты лингвистикалық зерттеулерге негіз бола алады.

Сонымен қатар мақаланың теориялық негізін кинотеория саласындағы еңбектер (Ю.М. Лотман, Д. Вертов), кинотекст теориясы (П.Ю. Богдановская, Г.Г. Слышкин және т.б.), сондай-ақ

саясат пен кинематографияның өзара байланысын зерттеген еңбектер (М.М. Лоло және Л.О. Тернова, О.Е. Гришин және А.А. Еманов, А.А. Коробов және С.А. Серебряков және т.б.) қалады.

### Нәтижелер және талқылау

Кино – тіл мен мәдениеттің тоғысар тұсы. Қазақ тілінің кино кеңістігінде қолданылу ерекшеліктерін зерттеу – ұлттық тіл саясатының, мәдени репрезентацияның және лингвистикалық идентификацияның негізгі көріністерін саралауға мүмкіндік береді. Кино туындыларындағы тілдік қолданыс – көрермен мен кейіпкер, автор мен қоғам арасындағы көпдеңгейлі қарым-қатынасты жүзеге асыратын көпқабатты дискурстық кеңістік. Бұл кеңістікте тіл эстетикалық, тарихи және әлеуметтік қызметтерді қатар атқарады. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, кино тілінің құрылымы диалог пен монолог, фонетикалық экспрессия, лексикалық таңдау және синтаксистік құрылымдар арқылы жүзеге асады. Ал әлеуметтік лингвистикалық жағынан қазақ тілінің кино дискурсында қолданылуы оның әлеуметтік мәртебесін де көрсетеді. Кино – тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды медиалық орта. Тілдің балалар, жастар және ересектер арасындағы қолданылу аясының кеңеюі – қазақ тілінің функционалдық домендерге енуінің белгісі. Мәселен, дубляждалған мультфильмдер (Frozen II, Toy Story, Encanto) арқылы балалардың қазақ тіліне деген эмоционалдық байланысы қалыптасады. Сонымен қатар көркем фильмдер арқылы қазақ тілі қоғамдық дискурстың барлық деңгейлеріне енеді: поэтикалық (Мұқағали), саяси-тарихи (Ұлы дала таңы), әлеуметтік-мәдени.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінде түсірілген бірқатар көркем және деректі фильмдер ұлттық тілдік ортаның нығаюына, қазақ тілінің қоғамдық беделін арттыруға және тілдік идеологияны жаңғыртуға елеулі ықпал етіп отыр. Бұл құбылысты тек мәдени немесе көркемдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар социолінгвистикалық феномен ретінде де қарастыру қажет.

Мұндай фильмдердің қатарына ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған, түпнұсқасы қазақ тілінде түсірілген «Мұқағали» (2021) атты тарихи-драмалық фильмді; қазақ хандығының құрылу тарихы мен Абылай хан дәуірін бейнелейтін «Ұлы дала таңы» (2022) атты тарихи фильмді; әлемдік деңгейдегі спортшы қыз жайлы, түпнұсқасы қазақ тілінде түсірілген «Қанатты қыз» (2020) атты мотивациялық драманы; қазақ қоғамының түрлі әлеуметтік мәселелерін қазақ тілінде ашып көрсеткен «Махабат пен ғадауат» (2022) фильмін; диалогтерінің басым бөлігі қазақ тілінде түсірілген, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерген қазіргі заман жастары туралы «Біздің сынып» (2023) драмалық фильмін атауымызға болады. Бұл фильмдер қазақ тілінің көркем, функционалдық және коммуникативтік әлеуетін көрерменге нақты түрде ұсынды. Фильмдердің түпнұсқасының қазақ тілінде болуы олардың мемлекеттік тіл мәртебесіне практикалық қолдау көрсететін мәдени өнімге айналуына себеп болды. «Мұқағали» (реж. Б.Шәріп, 2021) фильмінде тіл тек коммуникация құралы ғана емес, рухани-эстетикалық тәжірибе мен ұлттық поэтикалық дүниетанымды жеткізу құралы ретінде көрініс табады. Мұқағалидың ішкі монологтері мен диалогтеріндегі метафоралар, эпитеттер, инверсиялар мен поэтикалық синтаксис қазақ тілінің көркемдік деңгейін жоғары дәрежеде көрсетеді. Бұл көркемдік құралдар «поэтикалық дискурс» (Jakobson, 1960) белгісі ретінде тілдің эмоционалдық және идеологиялық салмағын күшейтті. «Ұлы дала таңы» (реж. А. Сатаев, 2022) тарихи эпосында қазақ тілі архетиптік және мәдени кодтарды жаңғыртушы ретінде қолданылды. «Жарлық», «хан», «жасақ», «ақ киіз» сияқты лексемалар тарихи мәдениетке тән терминологияны кино дискурсына енгізе отырып, когнитивтік тіл модельдерін іске қосты. Бұл құбылыс тілдің «мәдени когнитивтік кеңістікті» модельдеу мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен қатар фильм тарихи тілді қайта өңдеп, заманауи көрерменнің қабылдауына бейімдеді, бұл үдеріс ғылымда «лингвомәдениеттанымдық трансформация» (Wierzbicka, 1997) деп сипатталады. «Біздің сынып», «Махабат пен ғадауат» фильмдерінде тіл – әлеуметтік стратификация мен мәдени нормаларды көрсететін индикатор. Диалогтерде жиі қолданылатын бейресми тілдік құрылымдар (сленг, жаргон элементтері), ауызекі сөйлеу формалары, сөйлемдердің қысқа әрі экспрессивті берілуі қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік бейнесін сомдайды. Бұл құбылыстарды Пьер Бурдьенің «тілдік капитал» (linguistic capital) ұғымы арқылы түсіндіруге болады: тіл қоғамда әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықты айқындайтын символдық ресурс ретінде әрекет етеді (Bourdieu, 1991). Кейбір фильмдерде қазақ тілімен қатар орыс тілінің де қолданылуы – кәсіптік феноменінің көрінісі. Алайда бұл код-ауыстыру (code-switching) тілдік ассимиляция емес, белгілі бір әлеуметтік рөлді, қарым-қатынас



жағдайын немесе эмоциялық реңкті нақтылауға қызмет етеді. Бұл құбылысты Джошуа Фишман (Fishman, 1972) «тілдік домен» (domain of language use) теориясы деп атады. Оның айтуынша, әр тіл белгілі бір әлеуметтік контексте қызмет етеді. Осы теорияға сәйкес қазақ тілінің көркем фильмдерде жетекші орын алуы – оның формалды, көркем және институционалды домендерге енгенін көрсетеді. Қазақ тілінің кинодағы көрінісі – тек тілдік емес, сонымен қатар идеологиялық мәселе. Бұл тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейлікті, тарихи жадыны және мәдени мұраны жеткізуші рөл атқарады. Әсіресе, «Мұқағали» және «Ұлы дала таңы» фильмдері қазақ тілін идеологиялық тұрғыдан «рухани мәдени код» ретінде бекітті.

Қазіргі жаһандану жағдайында тілдік жүйелер арасындағы өзара әрекеттестік тереңдеп, әртүрлі тілдердің тоғысуынан пиджиндер мен креол тілдері сияқты аралас тілдік құбылыстар пайда болуда. Бұл үдерістер тек тіл білімінің ғана емес, сонымен қатар мәдениеттану, социолінгвистика және кинотану салаларының да назарын аударуда. Қазақ киносының тілі ұлттық танымды көрсететін көркемдік құрал болумен қатар, қазіргі заманғы сөйлесім түрлерін бейнелейтін өмір айнасы да болып отыр. Осыған байланысты қазіргі қазақ киноларындағы қазақ және орыс тілдерін аралас қолдану, жаргондар мен сленгтердің жиі кездесуі бір топ көрерменге реалистік көрініс болса, енді бір тобына қазақ тілінің тазалығын бұзатындай әсер қалдырады. Мұндағы соңғы топтың алаңдауы мен жан айқайы өте орынды. Өйткені көптеген кино және телебағдарламалардағы жаргон, сленг және аралас тіл (қазақ-орыс) қолданыстары жастардың сөйлеу тілінде көрініс тауып, қазақ тілінің бірегейлігі мен тазалығына кері әсер етуі мүмкін. Мұндай жағымсыз әсерлер қазақ тілін үйреніп жатқан басқа да тұлғалардың тілдік дағдыларына теріс ықпал етеді, себебі кино индустриясы тілдердің араласуын жылдамдататын маңызды алаңға айналып отыр. Сондықтан қазіргі қазақ киносында қолданылып жатқан аралас тіл (қазақ-орыс) пиджиндену және креолдану үдерістеріне себеп болады. Пиджиндену <pidginization> және креолдану <creolization> әлеуметтік лингвистика саласында тілдік араласулардың бір түрі ретінде қарастырылады және бұл үдерістер нақты әлеуметтік, саяси және мәдени факторлар әсерінен туындайды. Осы мақалада әлемдік тілдік араласу контекстінде кино тіліндегі пиджин және креолизация үдерістері қарастырылып, Derek Bickerton (Bickerton, 1981), Salikoko Mufwene (Mufwene, 2001), Michel DeGraff (DeGraff, 2005), Peter Bakker (Bakker, 1997) сынды көрнекті зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, бұл құбылыстардың ғылыми тұрғыдан мәні ашылды.

*Тілдің пиджиндену үдерісі.* Пиджин – бастапқыда әртүрлі тіл иелерінің өзара байланысуы нәтижесінде пайда болатын қарапайымдалған аралық тіл. Derek Bickerton (1981) өзінің әйгілі «Roots of Language» еңбегінде пиджиндерді құрылымдық тұрғыдан жеңілдетілген жүйелер ретінде сипаттап, олардың балалары арасында креол тілге айналу үдерісін тілдің эволюциялық дамуымен байланыстырған (Bickerton, 1981). Бұл тұжырымдама Bickerton-ның «биологиялық тілдік моделімен» (bioprogram hypothesis) тікелей ұштасып жатыр. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде пиджин тілге көптілді аумақта қарым-қатынас жасау қажеттігі нәтижесінде пайда болған аралас тілдің түрі деген анықтама берілген (Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі, 2020). Пиджин тіл көбіне жеңілдетілген грамматикалық құрылым мен қарапайым сөздік қорды иеленеді және сөздердің семантикалық мәндері шектеледі. Пиджиннің әлеуметтік мәртебесін толыққанды тілдің (ана тілінің) мәртебесімен және оның бай жүйелілік құрылымымен салыстыруға келмейді. Пиджин тіл деп белгілі бір жағдаятпен ғана шектелген коммуникативтік қызмет атқаратын және сөйлеушілерінің ешқайсысына ана тілі болып саналмайтын қосалқы тілді айтады. Тарихи қалыптасуы жағынан пиджиндер көпшілігінде этносаралық қарым-қатынаста екінші тіл ретінде Жерорта теңізінің ірі қала-порттарында, алуан тілді жұмысшылар қызмет ететін Африка, Америка, Ямайка аралындағы қалаларда және өндірістік аудандарда пайда болған. Пиджин тілдің пайда болу көзіне көбінесе қытай, ағылшын, француз, испан, португал және басқа да еуропа тілдері мен жергілікті этнос тілдері жатады (Абасилов, 2016).

*Тілдің креолдану үдерісі.* Креолизация – пиджин тілінің ана тілі ретінде қабылданып, күрделеніп, толыққанды тілдік жүйеге айналуы. Salikoko Mufwene (2001) «The Ecology of Language Evolution» атты еңбегінде тілдердің пайда болуы мен дамуын экологиялық модель арқылы түсіндіреді (Mufwene, 2001). Ол креолизация үдерістерінің колониялық және постколониялық контекстерде қалай жүзеге асқанын көрсетіп, тілдік араласудың әлеуметтік және

тарихи себептерін саралайды. Michel DeGraff (2005) креол тілдерінің лингвистикалық жағынан «қарапайым» емес екенін, керісінше, күрделі синтаксистік құрылымдарға ие бола алатынын дәлелдеген (DeGraff, 2005). Оның еңбектері креол тілдерге қатысты стигматизацияны жоққа шығарып, оларды толыққанды тілдер ретінде қарастыруды ұсынады. Peter Bakker (1997) әсіресе пиджин мен креол тілдердің пайда болуын контакт-лингвистика шеңберінде талдайды (Bakker, 1997). Бір сөзбен айтқанда, креол тіл пиджинге өте ұқсас. Дегенмен бұл екеуінің арасында айтарлықтай маңызды ерекшеліктер бар. Пиджин тіл – әлеуметтік субстратқа ие, яғни ол саудаға, қала жағдайына және көші-қонға байланысты өз сөйлеушілері бар тіл, бірақ ол этникалық тіл емес, ешқандай халықтың, ұлттың ана тілі болып табылмайды. Ал креол тіл – керісінше, бірінші кезекте белгілі бір этникалық қауымдастық тіліне айналады. Басқаша айтқанда, бүтіндену, ынтымақтасу үдерісінде пиджин тіл негізінде жаңадан пайда болған этнос тілі (Абасилов, 2016). Креол тіл өзінің пайда болуын пиджиннен бастап, біртіндеп өздігінен дамып жетіліп, ана тілі дәрежесіне (көпшілігінде пиджинтілді тұтынушылардың екінші ұрпағы үшін) көтерілуі мүмкін. Сондай-ақ әр түрлі тілдік ортада этносаралық, тіпті ұлтаралық тіл қызметін атқаруы да мүмкін (Теоретические проблемы социальной лингвистики, 1981).

Кино тілінде де пиджин мен креолизацияға ұқсас үдерістер байқалады. Көпұлтты және көптілді көрермендерге бағытталған фильмдерде жиі қолданылатын гибриді тілдік құрылымдар – пиджин элементтерінің көрінісі. Мысалы, ағылшын тілінің қарапайым грамматикалық құрылымдарына өзге тілдердің лексикасы қосылып, жаңа форма түзіледі. Бұл кино көрерменіне интернационалдық қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кейбір мультимәдениеттік сериалдар мен фильмдерде бұл элементтер жүйелі түрде қолданылып, тұрақты тілдік нормаға айнала бастайды – бұл құбылыс креолизацияға ұқсас. Креолдану барысында тілдің лексикалық құрамы мен грамматикасы тұрақталады, бірақ олар аралас және бейресми түрде болады.

Қазіргі қазақ киносында пиджин тілдің кеңінен қолданылуы, әсіресе жастар арасында, олардың сөйлеу стиліне әсер етіп, тілдік нормалардың бұзылуына және сөйлеу тілі креол тілінің сипатына жақындауына алып келеді, себебі кино мен веб-сериалдар – тілдік инновациялардың басты қайнар көзі. Танымал телехикаялар мен бейнеблогтардағы тілдік үлгілер жасөспірімдер мен жастар арасында трендке айналып, сөйлеу мәдениетінің бір бөлігіне енеді. Бұл үлгілер көбінесе эмоцияны, иронияны, сарказмды жеткізу үшін қолданылады. Әсіресе, орыс тілді YouTube және TikTok контенті арқылы енген тіркестер қазақтілді жастар арасында да бейімделіп, трансформацияланып отыр.

*Арго. Жаргон. Сленг.* Арго мен жаргон терминдері француз тілінен алынған, ал сленг ағылшын сөзі. Бұл терминдер көбінесе бір-бірімен синоним ретінде жұмсала береді. Жаргон – тұрақты жеке әлеуметтік топтың ауызекі қолданыстағы сөйлеу түрі. Бұл топтағы адамдар қызметіне, қоғамдағы орнына, жасына қарай ұйымдасады. Жалпы халық тілінен жаргон айрықша лексикасымен, фразеологизмдерімен және сөзжасамдық тәсілдерімен ерекшеленеді. Жаргондық лексиканың үлкен бөлігі – бұрын өмір сүрген әлеуметтік топтардың «мұрасы». Бір жаргоннан басқа жаргонға өту кезінде сөздің мағынасы өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жаргонның лексикалық қоры басқа тілдерден толықтырылып отырады. Мысалы, «чувак» – сыған тілінде – бала, жігіт деген мағынаны береді. Кейде сөздердің көпшілігі тұлғалық өзгеруден пайда болады. Мысалы, «баскет» – баскетбол, «телик» – теледидар. Жаргонның әзілді не тұрпайы-вулгарлы болуы әлеуметтік топқа байланысты: топ қоғам үшін ашық болса (жастар тобы), жаргон «ұжымдық ойын» ретінде сипатталады. Ал жабық топта жаргон «бөтен» немесе «өз» адамдарын білу үшін қолданылады. Кейде жаргон құпиялылық (конспирация) құралы ретінде пайдаға асады. Жаргон сөздер өте жылдам өзгеріп отырады. Айталық, ХХ ғасырдың 50-60 жылдары ақшаны – «тугрик» (моңғолша), «рупия» (үндіше) десе, 70-жылдары – «монета», «мани». 80-жылдары – «бабки», 90-жылдары – «жапуста», «бакси», «кэш» деп атады. Жаргондарды зерттеу – әлеуметтік лингвистиканың міндеті. Кейде жаргон термині қате сөйлеуге қатысты да қолданылады. Сондықтан оны кейде «студенттер тілі» сияқты сөз тіркестерімен немесе жоғарыда айтқанымыздай «арго», «сленг» сияқты терминдермен де алмастырады. *Арго* – бір немесе бірнеше табиғи тілдердің өзгерген элементтерінен құралған, кейбір шектеулі кәсіби әлеуметтік топтардың айрықша тілі, жаргонның бір түрі. Арго қоғамнан ерекшелену мақсатымен, сөздердің құпиялылығын сақтау үшін қолданылады. «Арго» терминдері көбінесе қылмыстық топтар

арасында болады. Мысалы, ұрылардың аргосы сыған, неміс, орыс т.б. тілдердің сөздерінен жасалған аргоның өзіндік грамматикасы болмайды (А. Абасилов, 2016).

*Көптілділік және кино тілі.* Кино – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің ең жарқын формаларының бірі. Әсіресе көптілді елдерде кино тілі әлеуметтік, этнолингвистикалық теңгерімді сақтау, бірлік пен әртүрлілікті қатар ұсыну құралы ретінде қолданылады.

Мысалы, Францияда кино тілі негізінен француз тілінде ұсынылады. Конституциялық деңгейде француз тілі ресми тіл ретінде бекітілгенімен, бретон, окситан, баск, эльзас секілді аймақтық тілдер бар. Дегенмен кино өндірісінде бұл тілдер сирек пайдаланылады. Француз киносы тілдік біртұтастықты ұстануға бейім, алайда иммигранттар тақырыбына арналған фильмдерде араб, африкалық тілдер мен пиджиндер эпизодтық деңгейде кездеседі. Бұл – тілдік гетерогенділіктің көрінісі емес, көбінесе әлеуметтік шеттегу феноменін айшықтау амалы.

Ал Үндістан – әлемдегі ең күрделі тілдік кеңістіктердің бірі. Үнді киноиндустриясы бірнеше аймақтық орталықтарға бөлінген: хинди (Болливуд), тамил (Колливуд), телугу (Толливуд), маратхи, бенгали және басқалар. Әрбір аймақ өз тілінде өнім ұсына отырып, кейде фильм ішінде бірнеше тілді қатар қолданады. Код-аргументтік ауысулар, гибриді диалогтер, субтитрлер арқылы көптілділік қолдау табады (Bickerton, 1981). Бұл – пиджиндік ерекшеліктерді жүйелі креолизацияға айналдырмағанымен, көркем тілді функционалды түрде қолданудың үлгісі.

Нигерияда ресми тіл – ағылшын тілі болса да, елде 500-ден астам тіл қолданылады. Кино өндірісінде – әсіресе Нолливудта – ағылшын пиджин тілі кең таралған. Бұл тіл урбанизацияланған, әртүрлі этностарға түсінікті қарапайым формада ұсынылады. Нигерия пиджинін Derek Bickerton мен Salikoko Mufwene сынды ғалымдар креолизацияның нақты мысалы ретінде қарастырған (Mufwene, 2001). Сонымен қатар йоруба, игбо, хауса секілді жергілікті тілдер де фильмдерде белсенді көрініс табады, бұл тілдік теңдіктің нышаны ретінде бағаланады.

Қазақстан кино саласында қазақ және орыс тілдері қатар қолданылады. Кеңестік кезеңде орыс тілі басымдыққа ие болса, қазіргі тәуелсіздік жағдайында қазақ тілінің үлесі артуда. Жастарға арналған фильмдер мен телехикаяларда қазақ тіліне енген ағылшын, орыс сөздері мен сленгтер арқылы бейресми пиджин белгілері байқалады. Бұл – қазақ тілінің синтаксисі негізінде өзге тілдік элементтердің араласуымен көрініс табатын ерекше модель. Мысалы, «сумка көтеріп жүрмін», «пранк жасап көрдік» тәрізді сөйлемдерде қазақ морфологиясы мен шет тілдік лексемалар бірігіп, аралық сөйлеу формасын тудырады. Бұл – креолизацияға толық айналмағанымен, гибриді кино тілінің қалыптасып жатқанын көрсетеді.

Мұндай құбылысты зерттеу тілді оқыту мен тіл саясатына қатысты жаңа тәсілдерді қажет етеді, себебі кино – тілдік өзгерістердің катализаторы. Франция тілдік біртектілікке ұмтылса, Үндістан мен Нигерия көптілділікті бейнелеуде икемділік танытады. Қазақстанда бұл екі бағыт тоғысып, бірегей модель қалыптасуда: бір жағынан мемлекеттік тіл – қазақ тілі нығаю үстінде, екінші жағынан, заманауи жастар мәдениеті мен медиа әсерінен гибриді сөйлеу формалары кино тіліне енуде. Болашақта бұл үрдістер қазақ тілінің әлеуетін кеңейте түсіп, жаңа көркемдік және әлеуметтік деңгейлерге жетелей алады.

*Код-ауыстыру және тілдік гетерогендік.* Қазақстандық кино саласында тілдік араласу тенденциялары байқалады. Кейбір фильмдерде қазақ тілімен қатар орыс тілінің де қолданылуы – кәсіптік феноменнің көрінісі. Алайда бұл код-ауыстыру (code-switching) тілдік ассимиляция емес, белгілі бір әлеуметтік рөлді, қарым-қатынас жағдайын немесе эмоциялық реңкті нақтылауға қызмет етеді. Қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуы, ағылшын тіліндегі сленг пен терминдердің енуі – кино тілінде бейресми пиджин формаларының қалыптасуына әкелуде. Жастарға бағытталған сериалдарда қазақ тілінің синтаксисіне бейімделген ағылшын немесе орыс сөздерінің жиі қолданылуы – қазақ тіліне тән креолизация белгілерінің бір көрінісі. Бұл құбылыстардың артықшылығы ретінде тілдің икемділігін, заманауилығын және аудиториямен тығыз байланысты қамтамасыз ететін құрал екенін атауға болады. Алайда бұл үдерістер қазақ тілінің жүйелілігіне қауіп төндіруі мүмкін деген алаңдаушылық та бар. Сондықтан бұл құбылысты ғылыми тұрғыдан бағалап, тілдік нормаларды сақтау мен жаңғыртудың тепе-теңдігін табу маңызды.

Сөзімізді жүйелей келе, қазіргі қазақ киноларында жиі ұшырасатын жоғарыда аталған тілдің өмір сүруінің бейәдеби түрлеріне төмендегідей әлеуметтік лингвистикалық сипаттамалар беруге

болады:

1. *Лексикалық код араластыру.* Қазақ кино тілінде қазақ және орыс тілдері арасындағы код араластыру жиі кездеседі. Бұл сөздерді орыс тілінен тікелей алу немесе қазақ тілінің сөздік қорын өзгертіп пайдалану арқылы көрінеді. Мысалы, қазіргі қазақ киноларындағы диалогтерде *«Келесі аптада встречаемся»*, *«Бәрі окей»* сияқты сөйлемдер жиі кездеседі. Мұнда *«встречаемся»* және *«окей»* сөздері қазақ тіліндегі баламаларынан гөрі жеңіл әрі жылдам қабылданатын орыс тілінен тікелей енген лексикалық элементтер ретінде қолданылып тұр. Енді сөзіміз дәлелді болуы үшін қазіргі қазақ кино тіліндегі аралас тілдің мысалдарына кезек берейік:

Кино атауы: «Бөлек шығайық»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Нұржан Еркінұлы

Продюсері: Медет Қалыбеков, Нұржан Еркінұлы

Басты рөлдерде: Сабира Ақатай, Мадина Ақатай, Қарагөз Тілеубекова, Рамазан Амантай

Операторы: Сәтбек Бақыт

Композиторы: Назарбек Оразбеков

Ұзақтығы: 95 минут

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *Салфеткалардан аққу жасадым.*

- *Мынау точно аққу ма? Себя не в своей тарелке сезініп тұрған сияқты ғой. И пойдёт.*

- *Привет, Жансая! Қалайсың? Че делаешь?*

- *Прикольно, посуда сұрапсыңдар ғой. Өзімнің форфор ыдыстарымды элитный ЖК-мнан бүгін комфорт плюспен арнайы сендерге алып келдім. Можете не благодарить!*

- *Есть такое, вообще мен сендерге риза боламын.*

- *Бұл ерунда. Жарыстың көкесі беишбармақтан кейін болады.*

- *Өзім бәрін үйреттім. Қазір шүкір! Бірақ енді анда-санда маневрлерім болып тұрады.*

- *Сол ақшаға доставкамен тамақ алдырасыңдар ма?*

Кино атауы: «РОДНОЙ»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Бақыт Осмонканов

Продюсерлері: Еламан Есентаев, Нұрбек Асылбеков, Тимур Кошмуратов

Операторы: Азамат Дулатов

Композиторы: Назарбек Оразбеков

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *Кел, бері қара! Айттым ғой саған запаска жоқ деп. Сен асықтырмағанда жаңағы ямаға түспей уже бетонкада кетіп бара жататын едік.*

- *Е, красавчик, родной! Қатынды қалай көндірдің?*

- *Родной, сразу солай айтпайсың ба?*

- *А че мен қарсымын ба не? Хотя бы өміріңде бір рет иә десең болады ғой.*

- *Енді сүндетке недавно отырды, түсінесің ғо. Или түсінбейсің ба?*

- *Квартира кімге қалады екен? Білгеннен кейін ватсаптағы анау обидий чатқа жазып жіберем.*

- *Сендер стрессовать еттіңдер. Біздер стрессовать еттік.*

*Түсіндірме:* екі мысалда да код араластырудың мұндай үлгілері сөйлеушілерге жеңіл көрінгенімен қазақ тілінің лексикалық бірегейлігіне нұқсан келтіреді. Осылайша қазақ тіліне орыс тілінің сөздері еніп, олардың баламаларын қолдану сирей береді.

2. *Грамматикалық қарапайымдылық.* Пиджиндену үдерісі сияқты кинода қолданылатын аралас тілде грамматикалық құрылымдардың қарапайымдылығы байқалады. Мысалы, толық сөйлемдер қысқартылып, грамматикалық ережелер жеңілдетіледі. Мысалы, *«Мен барып келдім домой»* немесе *«Ол кетті магазинге»* сияқты сөйлемдерде орыс тілінің синтаксистік құрылымы қазақ тіліне ықпал етеді. Мұнда *«домой»* және *«магазинге»* сөздері қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне кірмей, тікелей аударылмай қолданылып отыр.



Кино атауы: «Хотя бы кинода 3»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Дастан Садманов

Продюсерлері: Нұрсұлтан Садманов, Дастан Садманов

Операторы: Жандос Жобалай

Композиторы: Абай Акбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2024

- *Минуточку внимания, жігіттер!*

- *Ақ Қайрош өзіне берілген срогын достойно, золотой отырып кеткелі жатыр бостандыққа. Воля құтты болсын! Красавчик!*

- *Уже ма не? Мына торт пен шай ішіп кету керек еді.*

- *План жоқ, сол, семьяға оралсам ба деймін. Мамам ауырып қалды. Больницада жатыр.*

*Түсіндірме:* мұндай қарапайым және тікелей аударылған құрылымдар грамматикалық қарапайымдылықты тудырып, қазақ тілінің күрделі синтаксистік жүйесін елемеуге әкеледі, нәтижесінде аралас тіл грамматикасы қазақ тіліне тән қалыпты норманы бұзады.

3. *Синтаксистік гибридтілік.* Аралас тілде орыс тілінің синтаксисі қазақ тіліне бейімделіп, сөйлем құрылымдары өзгереді. Мысалы, сөздердің орын тәртібі орыс тілінің әсеріне бейімделеді. Мысалы, «*Ол айтты, что біз кездесеміз*» немесе «*Маған керек, чтобы сен келдің*» сияқты сөйлемдерде орыс тілінің грамматикалық құрылымы қазақ тіліне бейімделген.

*Түсіндірме:* Бұл сөйлемдерде орыс тілінің синтаксисі сақталып, тек кейбір сөздер қазақ тіліне аударылған. «*Что біз кездесеміз*» және «*чтобы сен келдің*» құрылымдары қазақ тіліндегі жалғаулардың орнына орыс тілінің логикалық құрылымын қолданады. Мұндай құрылымдар сөйлемдегі сөздер байланысының табиғатын бұзып, қазақ тілінің синтаксистік бірегейлігін әлсіретеді.

4. *Фонетикалық бейімделу.* Қазақ және орыс тіліндегі сөздердің дыбыстық ерекшеліктері өзара ықпалдасып, бір-біріне фонетикалық түрде бейімделіп айтылады. Бұл көбіне сөздердің бастапқы мәнін бұзып, тілді креол тілге жақындатады. Мысалы, диалогтегі орысша сөздерге қазақ тілінің дыбысталу элементтері араласқан сөйлеу үлгілері: «*Сыразу барып келем*» (орыс тіліндегі «*сыразу*» сөзінің қазақ тіліне тікелей фонетикалық бейімделуі) немесе *Издес (здесь) тұрамын*» сияқты сөз тіркестері.

Кино атауы: «ЖОЛ»

Жанры: комедия

Режиссёрі: Бақыт Кадер

Продюсері: Жахан Утарғалиев

Операторы: Шерхан Тансықбаев

Композиторы: Абай Акбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *Шеф? Мына шакалдардың қалай оңай құтылып жүргенін енді түсіндім.*

- *Көзіме упражнения жасап отырмын.*

- *Әлі ұйықтамағансыңдар ма не? Жоға, сыпалыня бос емес, тамақ ішіп отырмыз.*

- *Ай, подкаблук. Маманы тастап өзің кетейін деп тұрсың ба?*

- *Кешке күшті тамақ жасап қойыңыз. «Кывыны» (квартираны деген сөз) жуамыз.*

- *Да, представляете?! Біреусі құлағым естімейді деді.*

- *Инвалид деп айтпа оған! А то обижусь.*

- *Смело прикол ұстай бершиш. Сосын если что шаршасаң айт, дальше өзім айдап барамын.*

*Түсіндірме:* мұндай аралас қолданыстарда қазақ тілінің дыбысталу ерекшеліктері орыс тіліндегі сөздерге еніп, олардың фонетикалық табиғатын өзгерттеді. Бұл аралас тілге тән фонетикалық бейімделу, пиджин тілдерінде кездесетін фонетикалық қарапайымдылықты көрсетеді.

*Жаргон, аргó және сленгтердің аралас қолданылуы.* Қазіргі қазақ киноларында жастардың сөйлеу тілінде «*крутой*», «*тусовка*», «*прикол*», «*реально*» сияқты орыс тілінен енген жаргондар

жиі қолданылады. Мысалы, «*Ол реально крутой жігіт екен*» немесе «*Біз тусовкаға барамыз*» деген сөйлемдер.

Кино атауы: СОСО&JANBO

Жанры: комедия, криминал, мелодрама

Режиссёрі: Ернар Нурғалиев

Продюсері: Жанболат Найзабеков, Қанат Сатимбеков

Операторы: Еркебұлан Қуанышбаев

Композиторы: Ержан Серикбаев

Тілі: қазақша

Шыққан жылы: 2023

- *В смысле «жан»?*

- *Ерзат, туған братан зой біздің. Қалай танымайсыңдар.*

- *Нағыз родной братишкасымын зой мен.*

- *Сен не құлақтан теуіп тұрсың. Қаз келемін. Шустрыйсың ба не?*

- *5 жыл деген не? 5 секундта өте салады. Не переживай!*

- *Мына машинені железно бір жерден теуіп кеттің зой.*

- *Жұмыс жасадым 5 жыл. Таксовать еттім, вахтада істедім, охранада істедім. Ал мынау менің любимый бөлдем. Зонада талай шулатқанбыз.*

- *Түріне қарасаң қрыса сияқты зой.*

*Түсіндірме:* Жаргондар мен сленгтер жастар арасында тез қабылданып, күнделікті сөйлеу тіліне енеді. Бұл сөздер орыс тілі арқылы еніп, қазақ тілінің өзіне тән сөздік қоры мен стилистикалық деңгейіне сәйкес келмейді, сондықтан да олар тілді пиджинденуге жақындатады. Тілді қарапайым, қолжетімді ету мақсатында қолданылатын бұл жаргондар қазақ тілінің бай әрі бейнелі құрылымын сақтауға кедергі келтіреді.

Осындай тілі ала шұбар кинолардың қатарына: «Шекер. Последний шанс» – жанры: криминал, режиссері: Дархан Түлегенов; «5:32» – жанры: детектив, триллер, криминал, режиссері: Алишер Утев; «Салем, папа» – режиссері: Д. Тасменбеков, жанры: комедия, боевик; «Кеттік бәрін таста» – жанры: комедия, режиссері: Сержан Серікбаев, Самат Сыржанов; «Келінжан» – жанры: комедия, режиссері: Ернар Нұрғалиев; «Сакура» – жанры: мелодрама, режиссері: Санжар Омаров; «Дәстүр» – жанры: ужастик, режиссері: Қуаныш Бейсек; «Бақыт» – жанры: драма, режиссері: Асқар Ұзабаев; «Жездуха» – жанры: комедия, режиссері: Ернар Нұрғалиев; «Бизнес по казахски» – жанры: комедия, режиссері: Жеңісхан Момышев т.б. жатқызуға болады.

Бұл кинолардың әлеуметтік әсері – қазақ киносы мен телебағдарламаларындағы аралас тілдің қолданылуы қоғамның әртүрлі топтарына, әсіресе жастарға әсер етіп, олардың сөйлеу мәдениетін өзгертеді. Жастар арасында аралас тілдің қалыптасуы нәтижесінде қазақ тілінің пиджинденуі мен креолдануына, яғни, лингвистикалық нормалардан ауытқу, тілдің бастапқы таза үлгісін сақтау қиындайды. Бұл қазақ тілінің бірегейлігін жоғалту қаупін туындатады.

*Түсіндірме:* Уақыт өте келе, мұндай аралас тіл жастардың ана тілі ретінде орнығады. Бұл жағдай креол тіліне тән сипаттарға әкелуі мүмкін, себебі аралас тіл ұрпақтан-ұрпаққа қолданылған сайын ана тілі рөлін атқарып, тілдің бастапқы құрылымы өзгеріске ұшырайды. Осылайша, қазақ тілі өзінің таза нұсқасынан алыстап, күрделі тілдік нормаларын жоғалтуы мүмкін.

Жоғарыдағыларды түйіндей айтқанда, қазіргі кинодағы аралас тіл пиджиндену және креолдану үдерістеріне ұқсас қасиеттерге ие болуы, оның жастардың тілдік мәдениетіне әсер ету қаупін туындатады. Мұндай әсер тілдік нормалардың бұзылуына, сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне, ана тілінің бірегейлігінен айырылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан тіл тазалығын сақтау мақсатында қазақ киносы мен телебағдарламаларына тілдік реттеу жүргізу, шығармашылыққа қатысатын мамандарды тілдік мәдениетке үйрету маңызды.

### **Қорытынды**

Қазіргі отандық фильмдер қазақ тілінің әлеуметтік және мәдени кеңістіктегі қызметін жаңаша форматта ұсына отырып, тілдің репрезентациялық, когнитивтік және символдық мүмкіндіктерін толық пайдалануда. Қазақ тілі кино кеңістігінде тек коммуникация құралы ретінде ғана емес, ұлттық сана, мәдени жад, тарихи таным мен қазіргі заман құндылықтарын бейнелеуші маңызды символдық ресурс ретінде қалыптасып келеді. Кино тілін талдау – тілдің көркемдік,

әлеуметтік және идеологиялық мүмкіндіктерін зерделеуге жол ашады. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің жаһандық медиамәдениеттегі орнын айқындауға және тіл саясатына жаңа импульс беруге сеп болады.

Қазіргі қазақ киносы тілінің социолінгвистикалық ерекшеліктерін зерттей отырып, қазақ тілінің кино индустриясындағы рөлін, оның қоғамдық қабылдану үдерісіне ықпалын анықтауға болады. Қазақ киносының тілі – көркем шығармашылық құралы ғана емес, қоғамдық сана мен ұлттық идеологияны қалыптастыратын маңызды фактор. Мақалада талданған 20-дан астам фильм негізінде жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық және статистикалық талдау нәтижелері бүгінгі қазақ кино тілінің көпқырлы әрі қайшылықты сипатқа ие екенін көрсетеді. Зерттелген фильмдердің ішінен 12-сінде (60%) қазақ және орыс тілдерінің араласуы жиі байқалды. Мәселен, «Біздің сынып» (2023) фильмінде код-ауыстырудың 48 жағдайы тіркелді. Аралас құрылымдардың көпшілігі сөйлемшілік деңгейде кездеседі: «*Айттым же, не надо было встречаться*», «*Мен вообще түсінбей қалдым*» сияқты сөйлемдерде қазақ тілі мен орыс тілі элементтері грамматикалық тұрғыда үйлеспей қолданылады. Бұл код-ауыстырудың құрылымдық интерференция (structural interference) тудыруына себеп болады. «Хотя бы кинода» (2022) фильмінде код-свитчингтің 53 мысалы анықталды, олардың 65%-ы ауызекі диалогтерде тіркелді. Мұндағы басты мәселе – сөйлем құрылымының бұзылуы: «*Болды уже*», «*Кешір, но мен сенікі емеспін*» сияқты сөйлемдерде орыс тіліндегі сөз тіркестер қазақ тілі грамматикасымен сәйкес келмейді. Сонымен қатар лексикалық гибридтер жиі қолданылған: *прикол ұстап тұр, нормально гой, типо сондай* т.б. Жалпы зерттеу барысында код ауыстыру құрылымдары бойынша – 316 тіркес анықталса, грамматикалық құрылымдарға талдау барысында келесі заңдылықтар анықталды: грамматикалық құрылым бұзылуы – 127 сөйлем; фонетикалық деформация – 38 жағдай; жаргон / арго / сленг – 91 сөз / тіркес; сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бұзылған – 77 жағдай; етістік жалғауларының орыс тілі жүйесімен сәйкессіздігі – 44 мысал тіркелді.

Осы тілдік ауытқушылықтар көркем тілдің беделіне, тыңдаушының қабылдауына, әсіресе жастардың сөйлеу дағдысына теріс әсер етеді. Жасөспірімдер киноны тілдік үлгі ретінде қабылдайтынын ескерсек, мұндай лингвистикалық құбылыстар ұлттық тілдік санаға зиян келтіруі ықтимал.

#### Ұсыныстар:

1. Сценарий тіліне қойылатын талаптар: сценарий жазу кезеңінде әдеби тіл нормаларын сақтау міндетті болуы тиіс, әсіресе, жастар мен балаларға арналған фильмдерде жаргон, сленг, код араластыруды шектеу қажет. Код-свитчинг қолданылған жағдайда, кейіпкердің әлеуметтік рөлімен нақты негізделуі керек. Балалар мен жасөспірімдерге арналған контентте бейәдеби лексиканы шектеу қажет. Сценарийлердің тілдік гигиенасына мониторинг жасап тұру ұсынылады.
2. Дубляж сапасын бағалау критерийлері: аударма мен түпнұсқа сәйкестігі (семантикалық дәлдік). Қазақша дыбысталған диалогтің грамматикалық және стилистикалық тазалығы. Фонетикалық сәйкестік: интонация, екпін, дыбысталудың табиғилығы.
3. Лингвистикалық кеңесші міндеті: әрбір киножобада тіл мамандарының (лингвист, стилист, әдеби редактор) қатысуы міндетті болуы керек. Бұл мамандар сценарий мен диалогтерді алдын ала сараптап, қажет жағдайда тілдік түзетулер енгізуі қажет.
4. Кино мамандарына тілдік курс ұйымдастыру: сценаристер мен режиссерлерге арналған «әдеби тіл және кино тілінің ерекшеліктері» тақырыбындағы қысқа мерзімді оқыту курстары ұйымдастыру ұсынылады. Бұл кәсіби лексика мен стильдік нормаларды дұрыс қолдануға ықпал етеді.
5. Ұлттық тіл саясаты шеңберінде кино тіліне мониторинг жүйесін енгізу: мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан қазақ киносының тілдік сапасына жыл сайын сараптама жасалып, арнайы қорытындылар мен ұсынымдар жарияланып тұруы тиіс.
6. Көркемдік пен шынайылықтың үйлесімі: қазіргі кино тілінде қазақтың мақал-мәтелдері, идиомалар, диалектизмдер стилистикалық өңдеумен берілсе, бұл ұлттық мәдени кодтың сақталуына мүмкіндік береді.
7. Қостілді фильмдерде: қазақ тіліндегі диалогтердің көлемі  $\geq 70\%$  болуын қамтамасыз ету. Қосымша субтитр және дубляж нұсқасында таза қазақша баламаларға артықшылық беру.
8. Пиджиндену белгілері бар тіркестерді әдеби баламаларымен алмастыру: «окей» →

«жақсы», «прикол» → «қызық» т.б.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ киносының тілін ғылыми негізде талдап, жүйелі ұсыныстар әзірлеу – қазақ тілінің қоғамдық мәртебесін нығайтуға ықпал ететін маңызды қадам. Кино – тек өнер саласы ғана емес, тіл мен ұлттық рухты насихаттайтын қуатты құрал. Сондықтан қазақ тілінің кино кеңістігіндегі сапасын арттыру – тіл болашағын қамтамасыз етудің бір тетігі.

### Әдебиеттер

- Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. Оқу құралы/ А. Абасилов. – Алматы: Palitra Press, 2016. – 250 б.
- Абикеева Г.О. Кино как ведущая креативная индустрия Казахстана // Central Asian Journal of Art Studies. – 2022. – №1. – С. 54-66.
- Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген / Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова. – Алматы, 2020. – 400 б.
- Ержанов Ә. Отрицательные отзывы настраивают на борьбу. The Village Kazakhstan. (2021, 24 қараша). [Электронды ресурс] Дата обращения: 22 мая 2021. <https://www.the-village-kz.com/village/city/city-interview/9345-rezhisser-adilhan-erzhanov-otritsatelnye-otzyvy-nastravayut-na-borbu>
- Теоретические проблемы социальной лингвистики. – Москва: Наука, 1981. – С. 301-312.
- Bakker, P. A Language of Our Own: The Genesis of Michif, the Mixed Cree-French Language of the Canadian Métis. Oxford University Press, 1997.
- Bell, A. Back in style: Reworking audience design. In P. Eckert & J. R. Rickford (Eds.), Style and sociolinguistic variation. P. 139-169). Cambridge University Press, 2001.
- Bickerton, D. Roots of Language. Karoma Publishers, 1981.
- Bourdieu, P. Language and symbolic power (J. B. Thompson, Ed.; G. Raymond & M. Adamson, Trans.). Cambridge: Polity Press, 1991.
- Cameron, D. Performing gender identity: Young men's talk and the construction of heterosexual masculinity. In S. Sarangi & M. Coulthard (Eds.), Discourse and social life (P. 80-94). London: Longman, 2000.
- DeGraff, M. Linguists' most dangerous myth: The fallacy of Creole Exceptionalism. Language in Society, 34(4), 2005. P. 533–591.
- Fairclough, N. Media discourse. London: Edward Arnold, 1995.
- Fishman, J.A. The sociology of language: An interdisciplinary social science approach to language in society. Rowley, MA: Newbury House, 1972.
- Higson, A. The limiting imagination of national cinema. In M. Hjort & S. Mackenzie (Eds.), Cinema and nation. P. 57–68. London: Routledge, 2000.
- Hodson, J. Dialect in film and literature. London: Palgrave Macmillan, 2014.
- Holm, J. An introduction to pidgins and creoles. Cambridge: Cambridge University Press, 2000.
- Mufwene, S.S. The Ecology of Language Evolution. Cambridge University Press, 2001.
- Wierzbicka, A. Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. Oxford: Oxford University Press, 1997.

### References

- Abasilov, A. (2016) Aleumettik lingvistika. Oqu quraly/ A.Abasilov. Almaty: Palitra Press, 2016. 250 b. [Abasilov, A. (2016) Sociolinguistics. Textbook / A. Abasilov. Almaty: Palitra Press, 2016. 250 p.] (in Kazakh)
- Abikeeva, G.O. (2022) Kino kak vedushhaja kreativnaja industrija Kazahstana. Central Asian Journal of Art Studies. 2022. №1. S. 54-66. [Abikeyeva, G.O. (2022) Cinema as the Leading Creative Industry of Kazakhstan. Central Asian Journal of Art Studies. 2022. №1. P. 54-66.] (in Russian)
- Aleumettik lingvistika terminderining sozdigi (2020) Slovar' sociolingvisticheskikh terminov. 2-basylymy, ongdalgen / Je.D. Sulejmenova, N.Zh. Shajmerdenova, Zh.S. Smagulova, D.H. Aqanova. Almaty, 2020. 400 b. [Dictionary of Sociolinguistic Terms (2020) 2nd edition, revised / E.D. Suleimenova, N.Zh. Shaimerdenova, Zh.S. Smagulova, D.Kh. Akanova. Almaty, 2020. 400 p.] (in Kazakh)
- Bakker, P. (1997) A Language of Our Own: The Genesis of Michif, the Mixed Cree-French Language of the Canadian Métis. Oxford University Press. (in English)
- Bell, A. (2001) Back in style: Reworking audience design. In P. Eckert & J. R. Rickford (Eds.), Style and sociolinguistic variation. P. 139-169. Cambridge University Press. (in English)
- Bickerton, D. (1981) Roots of Language. Karoma Publishers. (in English)
- Bourdieu, P. (1991) Language and symbolic power (J. B. Thompson, Ed.; G. Raymond & M. Adamson, Trans.). Cambridge: Polity Press. (in English)
- Cameron, D. (2000) Performing gender identity: Young men's talk and the construction of heterosexual masculinity. In S. Sarangi & M. Coulthard (Eds.), Discourse and social life. P. 80-94. London: Longman. (in English)
- DeGraff, M. (2005) Linguists' most dangerous myth: The fallacy of Creole Exceptionalism. Language in Society, 34(4). P. 533-591. (in English)
- Erzhanov, A. (2021) Otricatel'nye otzyvy nastravajut na bor'bu. The Village Kazakhstan. [Elektronnyy resurs] Data



- obrashhenija: 22 maja 2021. [Yerzhanov, A. (2021) Negative reviews set you up for a fight. The Village Kazakhstan. [Electronic resource] Accessed on: May 22, 2021.] <https://www.the-village-kz.com/village/city/city-interview/9345-rezhisser-adilhan-erzhanov-otritsatelnye-otzyvy-nastravayut-na-borbu> (in Russian)
- Fairclough, N. (1995) Media discourse. London: Edward Arnold. (in English)
- Fishman, J.A. (1972) The sociology of language: An interdisciplinary social science approach to language in society. Rowley, MA: Newbury House. (in English)
- Higson, A. (2000) The limiting imagination of national cinema. In M. Hjort & S. Mackenzie (Eds.), Cinema and nation. P. 57-68. London: Routledge. (in English)
- Hodson, J. (2014) Dialect in film and literature. London: Palgrave Macmillan. (in English)
- Holm, J. (2000) An introduction to pidgins and creoles. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)
- Mufwene, S.S. (2001) The Ecology of Language Evolution. Cambridge University Press. (in English)
- Teoreticheskie problemy social'noj lingvistiki (1981). Moskva: Nauka. S. 301-302. [Theoretical Problems of Social Linguistics (1981). Moscow: Nauka. P. 301-312.] (in Russian)
- Wierzbicka, A. (1997) Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. Oxford: Oxford University Press. (in English)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Пиязбаева А.Б., Абасилов А.М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

**Еркін Бекжанұлы Бесіров<sup>1\*</sup>, Айман Әбділдәқызы Жаңабекова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-2291-9654 E-mail: erkin.besirov@mail.ru

<sup>2</sup> филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman\_miras@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ МӘТІНДЕРІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІГІН ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ОМОНИМДЕРДІ ЫҚТИМАЛДЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН АЖЫРАТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілінің ұлттық корпусына негізделген жиілік сөздігін құрастыру барысында омонимдерді ықтималдық-статистикалық әдіспен ажырату технологиясы жан-жақты сипатталады. Зерттеу мақсаты – бірдей жазылып, бірақ мағынасы мен грамматикалық қызметі әртүрлі болатын сөздерді (омонимдерді) автоматты түрде дәл ажырату жолдарын айқындау. Қазақ тілінің агглютинативті табиғатына тән морфологиялық күрделілік омонимдерді тану мен өңдеуде елеулі қиындықтар туғызады. Осы мәселені шешу мақсатында тілдік деректер автоматты морфологиялық анализатор арқылы өңделіп, сөздердің леммалық нысандары мен сөз таптары белгіленді. Алайда талдаудың дәлдігін арттыру үшін омонимдерді мәнмәтін негізінде саралап, ықтималдық үлестері арқылы нақты мағынасына сай үлестіретін арнайы кесте жасалды. Мақалада жиілік сөздікті құрастыру кезеңдері, қолданылған алгоритмдер мен мәтіндік стильдер сипатталады. Нақты мысалдар арқылы омонимдердің түрлі сөз таптарында қолданылу жиілігі салыстырылып, сандық мәліметтер негізінде мағыналық үлгілер жасалды. Бұл әдістеме арқылы жиілік реестрінде омонимдердің ықтимал мағыналық үлес салмағы есептеліп, олардың тілдік қолданыстағы үлгілері айқындалды. Жиілік көрсеткіштер мен мәнмәтіндік деректердің ұштасуы тілдік мазмұнның тереңірек танылуына ықпал етеді. Ұсынылған технология омонимдерді автоматты түрде тану мен топтастыруды жетілдіру арқылы жиілік сөздіктер сапасын арттыруға, тіл үйрету құралдарын тиімді әзірлеуге, сондай-ақ жасанды интеллектіге негізделген лингвистикалық жүйелерді құруға айтарлықтай мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсіл лингвостатистика, семантикалық модельдеу, білім беру саласындағы цифрлық құралдар мен корпус ресурстарын интеграциялау секілді бағыттарда кеңінен қолдануға әлеуетті. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл білімінің корпус лингвистикасы, қолданбалы лингвистика және цифрлы лексикография бағыттарында тың әдістемелік үлгі ұсынады.

**Тірек сөздер:** омоним; жиілік сөздік; ықтималдық-статистикалық әдіс; автоматты морфологиялық анализатор; корпус; мәнмәтін

**Қаржыландыру көзі:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP19676197 «Абай шығармаларының квантитативтік бейнесі: жиілік сөздік әзірлеу және лингвостатистикалық талдау» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Бесіров Е.Б., Жаңабекова А.Ә. Қазақ тілінің ұлттық корпусы мәтіндерінің жиілік сөздігін құрастырудағы омонимдерді ықтималдық-статистикалық әдіспен ажырату технологиясы. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). 183-193-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-183-193>

**Еркин Бекжанович Бесиров<sup>1\*</sup>, Айман Абдилдаевна Жанабекова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-2291-9654 E-mail: erkin.besirov@mail.ru

<sup>2</sup> доктор филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman\_miras@mail.ru

## ТЕХНОЛОГИЯ РАЗЛИЧЕНИЯ ОМОНИМОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВЕРОЯТНОСТНО-СТАТИСТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРИ СОСТАВЛЕНИИ ЧАСТОТНОГО СЛОВАРЯ ТЕКСТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается технология различения омонимов с использованием вероятностно-статистических методов при составлении частотного словаря, основанного на текстах национального корпуса казахского языка. Объектом исследования являются слова, совпадающие по написанию, но различающиеся по значению и грамматической функции. Агглютинативная природа казахского языка создает определённые трудности в распознавании и обработке омонимов. Для решения этой проблемы использован автоматический морфологический анализатор, с помощью которого были лемматизированы слова и определены их части речи. В то же время, для повышения точности анализа разработана специальная таблица распределения значений омонимов на

основе контекстуального анализа и вероятностных оценок. В статье изложены этапы построения частотного словаря, алгоритмы обработки и структура корпусов по стилям. На конкретных примерах сравнивается частотность омонимов в разных грамматических категориях, и на основе статистических данных формируются семантические модели. Совмещение частотных показателей и контекстной информации обеспечивает более точную интерпретацию языковых единиц. Предложенная технология значительно улучшает качество частотных словарей, способствует разработке эффективных учебных материалов по казахскому языку, а также открывает перспективы для применения в лингвистических системах на базе искусственного интеллекта. Кроме того, данный метод актуален для лингвостатистики, семантического моделирования и цифровых образовательных ресурсов. Результаты исследования представляют собой инновационную методологию в области корпусной и прикладной лингвистики, а также цифровой лексикографии.

**Ключевые слова:** омоним; частотный словарь; вероятностно-статистический метод; автоматический морфологический анализатор; корпус; контекст

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования AP19676197 Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему: «Квантитативная картина произведений Абая: разработка частотных словарей и лингвостатистический анализ».

**Для цитирования:** Бесиров Е., Жанабекова А.А. Технология различения омонимов с использованием вероятностно-статистических методов при составлении частотного словаря текстов Национального корпуса казахского языка. *TiltanyM*, 2025. №2 (98). С. 183-193. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-183-193>

**Yerkin Bessirov<sup>1\*</sup>, Aiman Zhanabekova<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup>Corresponding author, Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-2291-9654 E-mail: erkin.besirov@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6199-7444 E-mail: aiman\_miras@mail.ru

## TECHNOLOGY OF DISTINGUISHING HOMONYMS USING PROBABILISTIC AND STATISTICAL METHODS IN COMPILING A FREQUENCY DICTIONARY OF TEXTS OF THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE

**Abstract.** The article presents a comprehensive overview of a probabilistic-statistical method for distinguishing homonyms in the process of compiling a frequency dictionary based on the Kazakh National Corpus. The research focuses on words that share identical written forms but differ in meaning and grammatical function. The agglutinative structure of the Kazakh language introduces significant challenges in the accurate recognition and classification of homonyms. To address this, an automatic morphological analyzer was employed to lemmatize word forms and assign appropriate parts of speech. In addition, a specialized probabilistic distribution table was developed to disambiguate homonyms based on contextual analysis and frequency estimation. The article details the stages of constructing the frequency dictionary, the applied algorithms, and the stylistic diversity of the corpus texts. Comparative examples demonstrate the frequency of homonyms across different grammatical categories, enabling the creation of semantic usage models supported by statistical data. The integration of frequency indicators with contextual analysis contributes to more precise interpretation of lexical units. The proposed technology enhances the accuracy and reliability of frequency dictionaries, facilitates the development of effective Kazakh language learning materials, and provides a foundation for applications in AI-based linguistic systems. Moreover, the approach holds promise for linguostatistics, semantic modeling, and the integration of corpus resources into digital education. The results of the study offer an innovative methodological framework for corpus linguistics, applied linguistics, and digital lexicography in the context of the Kazakh language.

**Keywords:** homonym; frequency dictionary; probabilistic-statistical method; automatic morphological analyzer; corpus; context

**Source of financing:** The article was prepared within the framework of the grant project AP19676197 of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the theme: “The quantitative image of Abay's works: development of frequency dictionaries and linguostatistical analysis”.

**For citation:** Bessirov, Ye., Zhanabekova, A. Technology of Distinguishing Homonyms Using Probabilistic and Statistical Methods in Compiling a Frequency Dictionary of Texts of the National Corpus of the Kazakh Language. *TiltanyM*, 2025. No. 2 (98). P. 183-193. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-183-193>

### Кіріспе

Қазіргі заманда тіл білімінде статистикалық және ықтималдық әдістерді пайдалану кеңінен таралып келеді. Бұл үрдіс, әсіресе, түркі тілдері мен қазақ тілін зерттеу саласында өзекті бола бастады. Үндіеуропа тіл білімінде ертеректе кең қолданыс тапқан бұл әдістер түркітануға, оның ішінде қазақ тіл біліміне ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап ене бастады. Мұндай тәсілдер

тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, әсіресе агглютинативті жүйенің заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл әдістер тілдің ішкі логикасын ашуда, сөздердің қолдану жиілігін есептеуде, грамматикалық құрылымдардың статистикалық үлгілерін құруда да ерекше маңызға ие. Бұл бағыттағы зерттеулер қазіргі тіл біліміндегі цифрлық ресурстарды дамыту, семантикалық өріс пен синтаксистік байланыстарды зерделеу сияқты өзекті мәселелермен тығыз байланысты болып отыр.

Қазақ тіл білімінде жиілік сөздіктерін құрастыру ісі 1970-жылдары қарқын ала бастады. Бұл бағытта Қ. Бектаевтың жетекшілігімен А.Қ. Жұбанов, С. Мырзабеков, А. Белботаев, Ә. Ахабаев сынды зерттеушілер еңбектенді. Осы кезеңде «Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі» (Абай тілі сөздігі, 1968), «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтінінің жиілік сөздіктері» (Бектаев, 1995) сияқты іргелі ғылыми туындылар жарық көрді. Сонымен қатар ертегі мәтіндері, публицистикалық және ғылыми стильдегі мәтіндер, оның ішінде математика саласына қатысты терминдер негізінде жасалған жиілік сөздіктер де тіл білімінің дамуына зор үлес қосты. Алайда бұл бағыттағы жұмыс 1990-жылдардан кейін бәсеңдеп, біршама уақыт тоқтап қалды.

2016 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімі профессор А.Қ. Жұбановтың бастамасымен бұрынғы еңбектерді біріктіріп, жанрлық-стильдік тұрғыдан кең ауқымды мәтіндерді қамтитын «Қазақ тілінің жиілік сөздігін» (Жұбанов, 2016) жарыққа шығарды. Бұл сөздік оқу-әдістемелік, тіл үйрету және лингвистикалық талдау мақсатында кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар бұл еңбекте жиілік көрсеткіштер негізінде тіл үйренушіге маңызды лексикалық бірліктерді іріктеу мүмкіндігі де қарастырылған. Зерттеушілер жиілік деректерін негізге ала отырып, сөздердің тілдегі белсенділігі мен функционалдық маңызын айқындауға талпыныс жасады.

Жиілік сөздіктерді белгілі бір жазушы шығармашылығына арнап жасау да маңызды зерттеу бағыты болып саналады. Қазақ тілінде осы тұрғыдағы ең ірі еңбектердің бірі – М. Әуезовтің 20 томдық шығармалары негізінде жасалған жиілік сөздік. Сонымен қатар «Абай тілі сөздігі» (Абай тілі сөздігі, 1968) тек жиілік мәліметтермен шектелмей, түсіндірме сөздік қызметін де атқарады. Бұл сөздікте Абай шығармаларында қолданылған сөздер қанша рет кездесетіні туралы статистикалық мәліметтер қамтылған. Бұдан бөлек Қ. Бектаев, А. Белботаев, Қ. Молдабековтің авторлығымен шыққан Ғ. Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесіне арналған жиілік сөздік (Бектаев, 1973) те қазақ тіліндегі маңызды зерттеулер қатарына жатады.

Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктер тек ғылыми зерттеулер үшін ғана емес, тіл үйрету, оқыту әдістемелерін әзірлеу және лингвистикалық талдау жұмыстарында да маңызды рөл атқарады. Олар сөздердің қолданыс жиілігін анықтауға, мәтіндердің құрылымын талдауға, белгілі бір кезеңдегі тілдік өзгерістерді зерттеуге көмектеседі. Сондықтан жиілік сөздіктерді құрастыру ісі алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпай, әрі қарай жалғасын табуы тиіс.

Алайда жиілік сөздіктерді құру барысында кездесетін ең өзекті қиындықтардың бірі – омонимдерді дұрыс ажырату. Омонимдер бірдей жазылып, бірдей дыбысталады, бірақ мүлде әртүрлі мағынаға ие болатын сөздер болғандықтан, олардың мәтіндік мәнмәтінде дұрыс интерпретациялануы аса маңызды. Омонимдерді дұрыс ажырату қамтамасыз етілмесе, бұл жиілік талдаудың дәлдігіне, лексикалық қордың статистикалық сипаттамаларына және жалпы зерттеу нәтижелерінің сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Заманауи технологиялар мен ықтималдық-статистикалық әдістер омонимдерді ажыратудың тиімді құралдарын ұсынады. Бұл тәсілдер сөздердің мәнмәтіндік ерекшеліктерін, грамматикалық байланыстарын және мағыналық реңктерін ескере отырып, олардың нақты мағынасын анықтауға мүмкіндік береді. Мәтіндер корпусында осы әдістерді қолдану зерттеудің дәлдігін арттырып қана қоймай, автоматтандырылған талдау жүйелерін жаңа деңгейге көтереді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және оның тиімділігін арттыру мақсатында қолданбалы ғылыми жобаларға ерекше назар аударылуда. Осы бағытта А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы шығарған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» (2016) әбден айтуға болады. Себебі бұл жиілік сөздік мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде маңызды рөл атқаратын лексикалық минимумдарды қалыптастыру үшін арнайы жасалды. Сөздіктің мазмұнын негізінен мектеп оқулықтарындағы мәтіндер құрады, олардың жалпы көлемі 7 миллион сөзқолданыстан тұрды, бұл – айтарлықтай ауқымды тілдік



дереккөз. Осындай көлемге сәйкес қамтылған сөздік бірліктердің саны да едәуір артты. Жиілік сөздіктерді құрастыру барысында сөздерді түбірлік негізде жүйелеу біршама оңай болғанымен, олардың белгілі бір грамматикалық категорияларға тиесілігін анықтау маңызды лингвистикалық міндет болып табылады. Осы тұрғыда жиілік сөздікте сөз таптарын белгілеу кезінде бірқатар қиындықтар туындады. Әсіресе, бұл мәселе омоним сөздер мен омографтардың әртүрлі мағыналарына байланысты күрделене түсті. Осыған қарамастан, ғалымдар жиілік сөздікті өңдеп, оны тіл үйрету үдерісінде барынша тиімді әрі нәтижелі қолдануға тырысты.

2023-2024 жылдары Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің мамандары қазақ тілінің цифрлы кеңістіктегі белсенді сөздік қорын анықтау мақсатында 30 миллионнан астам сөзқолданысты қамтитын «Қазақ тілінің ұлттық корпусы мәтіндерінің жиілік сөздігін» (<https://docs.google.com>, 2025) құрастырды. Бұл еңбек – отандық лингвистикадағы ең ірі сандық жоба болып табылады және осы зерттеудің негізін қалайды. Жоба шеңберінде омонимдерді ажырату үшін ықтималдық-статистикалық модель енгізіліп, олардың мәнмәтіндік сипаты негізінде саралау әдісі жасалды. Осы әдістеменің қазақ тіл білімінде алғаш рет қолданылып отырғаны – зерттеудің ғылыми жаңалығы мен өзектілігін дәлелдейді.

### **Материал және әдістер**

Зерттеу материалы ретінде «Абай Құнанбайұлының шығармаларының академиялық толық жинағы» (Абай шығармаларының академиялық толық жинағы, 2020) алынды. Бұл жинақ үш томнан тұрады және жалпы 51207 сөзқолданысын қамтиды. Зерттеу барысында осы еңбек негізінде алынған мәтіндер цифрлық өңдеуге дайындалып, жүйелік-құрылымдық, сипаттамалы, тарихи және лингвостатистикалық әдістер қолданылды. Алғашқы кезеңде жинақтағы үш томдағы мәтіндерің сапасын қамтамасыз ету үшін OCR нәтижелері тексеріліп, UTF-8 форматында стандартизацияланды. Мәтіндер құрылымдық блоктар – өлеңдер, қара сөздер және проза фрагменттері бойынша топтастырылып, жанрлық және стилдік ерекшеліктеріне қарай іріктелді. Бұл топтастыру контекстуалдық факторларды есепке ала отырып, кейінгі талдау кезеңдерінде жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Жүйелік-құрылымдық және сипаттамалы әдістер аясында әрбір мәтіндік блоктың лингвистикалық өлшемдері зерттелді: тақырыптық және семантикалық құрылымдар, стилистикалық элементтер мен олардың жиілік көрсеткіштері айқындалды. Өлең мен қара сөздерде кездесетін нақты форма мен мазмұн бірліктері жан-жақты сараланып, араб, парсы және шағатай кірме сөздердің терминологиялық, философиялық және мәдени-тарихи айырмашылықтары сипатталды. Бұл сатыда талдаудың сапалық аспектісі басым болатынына қарамастан, жиілік мәндерін кейінгі лингвостатистикалық талдауға енгізу мақсатында мәнмәтіндік мазмұндық ерекшеліктер жүйелі түрде тіркелді.

Тарихи әдіс қолданысы Абай шығармаларының алғашқы нұсқалары мен қазіргі академиялық редакциялары арасындағы айырмашылықтарды анықтауға бағытталды. 1909 жылы Петербургте жарық көрген тұңғыш жинақ нұсқасы мен 2020 жылғы академиялық жинақтағы мәтіндердің салыстырмалы талдауы редакциялық түзетулер мен диахроникалық өзгертулерді көрсету үшін жүзеге асырылды. Бұл сатыда мәтіндік өзгерістерді анықтау үшін әрбір бөліктің редакциялық хроникасы қаралды және ескі кітаби лексиканың қолданылу мәнмәтініне әсері бағаланды (Абай шығармаларының академиялық толық жинағы, 2020: 3). Сондай-ақ тарихи мәнмәтінді ескеру барысында сол кезеңдегі тілдік дәстүрлер мен әдеби норма жағдайындағы өзгерістер талданып, кірме сөздердің қабылдану ерекшеліктері зерттелді.

Лингвостатистикалық талдау негізгі әдіснамалық тәсіл ретінде мәтіндегі сөз формаларының жиілігін сандық тұрғыдан бағалауды қамтамасыз етті. Мәтіндер токенизацияланып, морфологиялық талдау жүргізілді. Сөз формалары леммаларға бөлініп, сөз таптары бойынша санатталды. Осы деректер негізінде жиілік кестелері құрылып, әрбір лемма мен сәйкес сөз формасының кездескен саны анықталды. Қорытынды жиілік нәтижелері Excel немесе ұқсас кестелік редакторда өңделіп, жоғары және орта деңгейдегі жиіліктерге қатысты мәнмәтіндер талдауға енгізілді.

Нәтижелерді интерпретациялау барысында лингвостатистикалық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Интерпретациялық кезеңде алынған жиілік деректері мен мәнмәтіндік мағыналық ерекшеліктер әдеби-тарихи ортамен салыстырылды. Бұл Абай шығармаларының

тілдік жағынан инновациялық және мәдени-тарихи маңызының терең бейнесін ашады.

### Әдебиетке шолу

Омоним (гр. *homos* – біркелкі, оғұма – есім) – шығуы жағынан да, мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер (<https://kk.wikipedia.org>, 2025).

Қазіргі таңда компьютерлік лингвистика саласындағы қолданбалы зерттеулердің нәтижелілігі қолжетімді лингвистикалық ресурстарға, әсіресе лексикографиялық еңбектердің сапасы мен қолданысына тікелей байланысты. Соңғы уақытта орыс тіліндегі омонимдерге арналған сөздіктердің жарық көруі белсенді түрде артып келеді. Мысалы, Н.П. Колесниковтың (Колесников, 1980) құрастырған сөздігінде лексикалық омонимдерден бөлек, омоформалар мен омофондар, сондай-ақ омографтар жүйеленген. О.С. Ахманова (Ахманова, 1957) мен О.М. Ким (Ким, 1983) еңбектерінде функционалдық омонимдердің ерекшеліктері қарастырылса, Н.Аношкина (Аношкина, 2000) өзінің интернет-қорында грамматикалық омонимдердің кең көлемдегі жинағын жасауға тырысқан. Ал Т.Ю. Кобзарева (Кобзарева, 2002) өз зерттеулерінде функционалдық омонимдердің 58 түрін ғылыми негізде жіктеп, сипаттап көрсеткен.

Қазақ тіліндегі омонимдерді алғаш рет арнайы зерттеу нысанасына айналдырып, жан-жақты саралаған ғалым – К. Аханов. Омоним мәселесін сондай-ақ Ғ. Мұсабаев (Мұсабаев, 2014), І.Кеңесбаев (Кеңесбаев, 1975), М. Белбаева (Белбаева, 1988) т.б. ғалымдар да зерттеген. К. Аханов омонимдердің таптастырылымында олардың мағыналық жақтарын да, грамматикалық формаларын да ескеріп, құрылымдық ерекшеліктеріне қарай таптастырып, үш үлкен топқа бөледі: лексикалық омонимдер; лексика-грамматикалық омонимдер; аралас омонимдер (Аханов, 1962).

Қазақ тіл білімінде мектеп мұғалімдеріне арналған омонимдер сөздігін алғашқылардың бірі болып М. Белбаева жасап шыққан. Бүгінде «Қазақ тілінің омонимдер сөздігі» осы бағыттағы бірегей еңбектердің бірі саналады (Белбаева, 1988).

Ю.Г. Зеленков, И.В. Сегалович, В.А. Титов секілді Яндекс ғалымдары морфологиялық омонимдерді ажыратудың ықтималдылық әдісін (Зеленков, Сегалович, Титов, 2005) қарастырған.

### Нәтижелер және талқылау

Жиілік сөздік қазақ тілінің әртүрлі стильдік қабаттарын толық қамтуы үшін зерттеу материалы ретінде поэзиядан бастап публицистикалық, көркем проза, ғылыми, іскери, сөйлеу және оқулық мәтіндері іріктеліп алынды. Жалпы көлемі 31105791 сөзқолданыстан тұрады. Мұндай кең ауқымды қазақ тілінің ұлттық корпусы, нақты қолданылу жағдайын сипаттауға және сөзформалардың стильдік ерекшеліктерін бір-бірімен салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. *Бірінші кезеңде* сандық өңдеуге дайындау барысында OCR-ден алынған нәтижелер мен электронды нұсқалар тексеріліп, UTF-8 форматында стандартизация жасалды. *Екінші кезеңде* сөзформалар тізбесін (сөздігін) түзу үшін алынған мәтіндерді цифрлардан, орыс сөздерінен, қате қолданыстардан тазарту жұмыстары атқарылды. *Үшінші кезеңде* сөзформалар тізбесі леммаға (түбірге) келтіріліп, оларға сөз таптары қойылды. *Төртінші кезеңде* әліпбилі сөзформалар жиілік сөздігі өңделіп, жиілікті-әліпбилі, кері-әліпбилі түрлері жасалды.

Әр кезеңде қолданылатын әдістер бір-бірін толықтырып, жиілік сөздіктің тілдік практикаға дәл сәйкес келуін және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етеді. Жиілік сөздік жасауда мәтіндегі сөзформаларды морфологиялық анализатор көмегімен автоматты түрде түбірге келтіріп, яғни сөзформаларды түбір мен қосымшаға бөліп, сөз табына қойдыруға болады. Автоматты морфологиялық анализатор жұмысы екі тілдік база арқылы жұмыс істейді: бірі – қазақ тіліндегі түбір (негізгі және туынды) сөздер тізімі және түрленім (словоизменительные) қосымшалар тізімі. Осы ресурстар арқылы морфологиялық анализатор сөзформалардың түбірін тауып, оларға сөз табын қойып береді. Автоматты анализатор жұмысында да омонимдерді тануда қиындық туындайды. Анализатор да жоғарыда берілген «қара» сөзінің қарады, қараған, қараса т.б. формаларын қосымшаларына қарап, етістік екендігін ажыратады. Өйткені *-са*, *-ды*, *-ған* жұрнақтарының етістік тұлғалары екенін табады. Мұндағы *-ды* қосымшасы табыс септік жалғауымен омоформа болғанмен, қара сөзіне *-на* варианты жалғанбағандықтан, табыс септігі емес екенін біліп, бұндағы *-ды*-ның жіктік жалғауының *3-жағы* деп табады. Демек, автоматты анализатор да бағдарламаға берілген тілдік деректер арқылы сөздерге талдау жасай алады. Алайда автоматты талдауда да қолмен талдаудағыдай, омонимнің түбір тұлғада тұрғандарының қай мағынада тұрғаны мен қай сөз табы екенін ажырату қиын. Омонимдерді автоматты ажырату

мәселесі әлем тілдерінде де толыққанды жасалмаған. Қазақ тілінде қазіргі кезде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандары жасанды интеллектіге мәнмәтінді түсінуге оқыту үшін лингвистикалық омонимдердің мәнмәтіндік базасын жасап жатыр.

Жиілік сөздік сөзтізбесіндегі (реестрі) түбір сөздердің барлығы бірдей орфографиялық нормаға сәйкес келе бермейді. Өйткені корпусқа салынған мәтіндердің авторлық қолданыстары да кездеседі. Жергілікті сөздер, сөйлеу тілінің элементтері, орфографиялық бейнормада жазылған сөздер кездеседі. Бұндай авторлық ерекшеліктерді жиілік сөздік сөзтізбесінен алып тастамадық. Себебі бұндай ерекшеліктер қалың көпшіліктің тәжірибесінде қалай қолданыс тауып жатыр деген сұраққа жауап бермек. Мәселен, кейбір сөздерді бөлек не бірге жазу мәселесі, фонетикалық варианттарды қолданудағы әртүрлілік – бұлардың бәрі нормалану үдерісінде кездесетін қалыпты жағдайлар. Төменде жиілік сөздік реестріне қандай сөздер алынғанын көрсетпекпіз:

- мәтінде кездесетін сөзформалар (түрленген сөздер) түбір сөзге келтірілді, бұл ретте сөзформалар лемма мен қосымша шегі бойынша бөлініп, сөзтізбеге тек түбірлер (негізгі және туынды) ғана алынды. Сөзтізбедегі сөздер дені негізінен әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді;

- қазақша баламасы бола тұра, мәтіндерде жиі кездесетін, көп қолданылатын орыс сөздері де сөзтізбеде берілді. Мысалы: *папа, мама, пиджак, пинцет, посылка, помещик, пикник* т.б.;

- қазақша баламасы жоқ немесе баламасы көп қолданылмайтын орыс / термин (техникалық, әркери) сөздер сөзтізбеге алынды. Мысалы: генерал, полковник, рейка, рулетка, рычаг т.б.;

- сөзтізбеге белгілі бір сала бойынша кең қолданыстағы термин сөздер алынды;

- сөзтізбеден жалқы есімдер (кісі есімдері, жер-су атаулары) алынып тасталды;

- сөйлеу тілінің элементтері сөзтізбеге алынды. Мысалы: *өлең-мөлең, өкпе-сөкпе, су-му, сүт-пүт* т.б.;

- түрлі дыбыстық өзгерістермен жазылып жүрген фонетикалық варианттар алынды. Мысалы: *ойбой-өйбөй-ойыбой-өйбүй; қане-кәне-қані* т.б.;

- жергілікті сөздер де сөзтізбеде берілді;

- кейбір грамматикалық формаларда тұрғанмен, уақытша трансформацияланып (заттанып, сынданып) тұрған сөздер де сөзтізбеге алынды. Мысалы: *өзгеретіндік, өлтіруші, өскендік, пішініндей, өлердегі* т.б.;

- қазақ тіліне етене еніп кеткен немесе діни мәтіндерде, сондай-ақ көпшілік қолданысында жиі кездесетін араб-парсы тілінен енген кірме сөздер сөзтізбеге алынды;

- мәтіндерде сындырылып қолданылған сөздер сөзтізбеге сол күйінде берілді. Мысалы: *пашпырт, кепке, казет, каменес, кампеске, кәртішке, кінешке, лектір, пәкет* т.б.;

- етіс тұлғалы етістіктер түбірге келтірілмеді, етіс формаларымен түрленген нұсқада алынды.

Жиілік сөздік құрастырудың үшінші кезеңінде сөзформаларды түбірге келтіру мен сөздерге сөз табын қою автоматты морфологиялық анализатор арқылы жүзеге асырылды. Автоматты талдаудан кейін сөзтізбедегі сөз түбірлері мен оларға қойылған сөз табы мұқият тексерілді.

Келесі кезеңдегі күрделі мәселе – омоним ажырату жұмысы статистикалық зерттеулердегі ықтималдық теориясына негізделді. Ізделген сөз бойынша конкордансқа шыққан мысалдардағы омонимдердің семантикасына қарай (қай мағынада қолданылып тұрғанына қарай) пайызы анықталып, жиілік саны есептеліп шығарылды.

Сөзтізбені тазалау, омонимдерді ажырату мәселесі шешілген соң: 1) әліпбилі жиілік сөздіктен; 2) жиілікті-әліпбилі; 3) кері-әліпбилі түрлері алынды.

Жиілік сөздіктер жасауда реестрлік бірліктерді өңдеуде омоним сөздердің жиілігін анықтау қиындық тудырады. Омонимдердегі қиындықты айтпас бұрын жалпы жиілік сөздік құрастыру үдерісін сипаттап өтпекпіз. Жиілік сөздіктер жасау технологиясында үдеріс төмендегі ретпен жүреді:

1. Ең алдымен, жиілік сөздіктің әліпби ретімен тұратын Әліпбилі-жиілікті сөзформалар сөздігі жасалады. Сөзформа дегеніміз – жиілік сөздік алынатын мәтіндегі түбір және түрленген формада тұрған барлық сөздер. Сөзформа тізімі түбір тұлғада тұрған сөздерден әрине көп болады. Өйткені сөзформада сөздер түрленген тұлғаларымен бірге алынады, яғни түбір формаға келтірілмейді.

2. Сөзформалар тізімі жасалғаннан кейін сөз жиілігін (негізгі түбір және туынды түбір) анықтау үшін, сөзформалар түбірге, яғни леммаға келтірілу керек және сөздерге сөз таптары

қойылуы керек. Үлкен көлемді мәтіндерден бұндай жұмысты қолмен атқару, әрине, қиын. Солай бола тұра, ХЛ-файлдағы сөзформалар тізімінен «қолдап» бірдей сөзформалар тобын бір сөзге келтіре отырып, санын қосып отыру және сөз табын қою арқылы жүзеге асыру тәсілі бар және бұл тәсіл 2016 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Жалпы білім берудегі жиілік сөздікті» құрастыру кезінде қолданылған болатын. Қолмен *лемматизациялау* (леммаға, түбірге келтіру) және сөз табын қоюда қолмен істеу ұзақ уақытты алғанмен, сөзформадағы бірлік түрленіп, яғни қосымшалары көрініп тұрғандықтан, олардың қандай сөздің түрленімі екенін, түбірі қай сөз табы екенін білуге болады. Бұл әсіресе омонимдерді тануда маңызды. Мысалы, *қарады, қараса, қараған* т.б. сөзформаларды «қара» етістігінің түрленім екенін қосымшаларына қарап анықтай аламыз. Алайда «қара» сөзі мәтінде бұйрық райда тұрып (сен бері қара) қолданылуы мүмкін. Мұндайда ХЛ-файлдағы сөзформалар тізімінде сөздер мәнмәтінсіз (мәтінсіз) бірінің астына бірі әліпби ретімен тізімделіп тұратындықтан, «қара» сөзінің етістік *қара* ма әлде сын есім *қара* ма екені түсініксіз болып, анықталмай қалады. Міне, осындағы «қара» сын есімі мен «қара» етістігі – омонимдер. Қолмен сөз табын қоюда да осындай тұлғалары бірдей, еш қосымша жалғанбаған (түрленбеген) сөздердің қай мағынада тұрғанын, қай сөз табына жататынын мәнмәтінсіз ажырата алмаймыз.

Негізгі корпус мәтіндерінің жиілік сөздігі материалы 30 миллион сөзқолданыстан тұратын көлемді мәтін болғандықтан, сөзформаларды түбірге келтіру, сөз табын қою жұмысы автоматты морфологиялық анализатор арқылы жасалды. Жоғарыда айтқанымыздай, автоматты талдауда бағдарлама түбір тұлғадағы омонимдерді танымайтын (ажыратпайтын) болғандықтан, бағдарлама бірдей тұлғада тұрған сөздердің жиілігін қосып жазады немесе екі сөз табы ретінде көрсетіп, сол санды екеуіне де жазады. Мысалы,

жүз/зт – 14259

жүз/ет – 14259

Автоматты талдау барысында бірдей тұлғада тұрған омонимдерді ажырата алмай, жиілікті екі мағынаға да бірдей санмен белгілейтін жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, «жүз» формасы зат есім (жүз/зт) және етістік (жүз/ет) ретінде 14 259 рет ретінде тіркелсе, бұл автоматты талдау жүйесінің мәнмәтіндік мағынаны ескермей, барлық «жүз» түрленімдерін екі мағынаға да толық қосудан туындайды. Мұндай жағдайда жиілік сөздіктің сапасы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қосымша кезеңдерде омонимдерді статистикалық және мәнмәтіндік талдау арқылы ажырату қажет.

Алдымен, әрбір омоним кандидат үшін корпус ішінде оның мәнмәтіндерін жинақтау жүзеге асырылады. Автоматты талдау нәтижесінде «жүз» деген түбірдің жиілігі 14 259 рет тіркелген соң, сол формаға сәйкес барлық конкорданс жолдары (мәнмәтіндік фрагменттер) шығарылады. Әр мәнмәтіндік фрагментте «жүз» форма қандай мағынада (зат есім ретіндегі «жүз» мәнінде, мысалы сандық «100» немесе «бет, жүз» мағынасы, немесе етістік ретіндегі «жүзу» мәнінде) қолданылғаны сараланады. Мәнмәтіндік талдау үшін бірнеше қадам ұсынылады:

*Мәнмәтіндік үлгілерді іріктеу.* Корпус конкордансынан алынған барлық мәнмәтіндік фрагменттерді толығымен қарап шығу практикалық тұрғыдан ауыр: олар саны өте көп болады. Сондықтан кездейсоқ таңдау немесе стратификацияланған үлгі (қабаттарға бөлінген) іріктеу әдісін қолдану қажет. Мысалы, «жүз» омониміндегі 14 259 мәнмәтіннің ішінен кездейсоқ 500–1000 таңбалы үлгілерді таңдап, оларды жан-жақты талдау үшін қолдануға болады. Мәтін көлемі одан да үлкен болса, стратификация (қабаттарға бөлу) мәнмәтіндердің жанрлық стильдеріне (поэзия, проза, публицистика және т.б.) қарай да жасалуы мүмкін.

*Мәнмәтінді аннотациялау (мануалды белгілеу).* Іріктелген үлгілерді тіл мамандары немесе сарапшылар мәнмәтінге қарай талдап, «жүз» формасының нақты мағынасын белгілеу қажет. Әр мәнмәтіндік фрагментте омонимнің мағынасы анықталған соң, зат есім (мысалы, «жүз жыл», «жүз адам», «жүзгілеу» емес) немесе етістік (мысалы, «өзенде жүз», «жүзуге шығу») ретінде қолданылғанын белгілеп отырады. Осыдан кейін әр мағынаға тиесілі үлгілердің саны есептеледі. Төменде ұсынылған кесте омонимдердің корпус ішіндегі жиілік-статистикалық талдау нәтижелерін жинақтайды. Әрбір жол бір омонимдік леммаға (түбір сөзге) сәйкес келіп, сол сөздің корпус ішіндегі жалпы кездескен санынан бастап, ықтималдық-статистикалық әдіспен сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік және т.б.) бойынша бөлінген үлестері мен нақты жиілік



мәндерін көрсетеді.

№	Омоним	Корпустың саны	зт.	немесе кейбір	сы.	са.	ет.	үс.	шл.	еп.	ес.	мд.	од.	Саны, %	зт.	жалпы есім	сы.	са.
3	Абзап	3020	0,1	0,9										1	302	2718	0	0
4	ағарған	135	0,1				0,9							1	14	0	0	0
5	Ақар	1450	0,4	0,6										1	580	870	0	0
6	аз	32153			0,7		0,3							1	0	0	22507	0
7	аза	407	0,8				0,2							1	326	0	0	0
8	азайту	1601	0,1				0,9							1	160	0	0	0
9	азамат	14967	0,9	0,1										1	13470	1497	0	0
10	азаматша	71	0,8					0,2						1	57	0	0	0
11	азатты	378	0,8		0,2									1	302	0	76	0
12	азат	1826		0,1	0,9									1	0	183	1643	0
13	ай	70571	0,4						0,6					1	28228	0	0	0
14	айбар	293	0,8	0,2										1	234	59	0	0
15	айда	6898	0,3				0,6		0,1					1	2069	0	0	0
16	айдар	1080	0,7	0,3										1	756	324	0	0
17	айдау	701	0,4				0,6							1	280	0	0	0
18	айдай	1484	0,9										0,1	1	1336	0	0	0
19	айқас	2092	0,8		0,1		0,1							1	1674	0	209	0
20	айлық	4358	0,2		0,8									1	872	0	3486	0
21	айт	89052	0,2				0,7						0,1	1	17810	0	0	0
22	айтыс	13030	0,4				0,6							1	5212	0	0	0
23	айыр	4755	0,2		0,1		0,7							1	951	0	476	0
24	ақ	132551			0,6		0,1							1	0	0	79531	0
25	ақтабан	478	0,2		0,8									1	96	0	382	0
26	ақша	15891	0,7		0,3									1	11124	0	4767	0
27	ағылты	3783	0,6		0,4									1	2270	0	1513	0
28	ал	439496			0,1		0,7		0,2					1	0	0	43950	0
29	алаң	12034	0,3					0,6			0,1			1	3610	0	0	0
30	алапат	773	0,2		0,8									1	155	0	618	0
31	албырт	612			0,9		0,1							1	0	0	551	0
32	алпы	2979	0,2		0,8									1	596	0	2383	0
33	алда	7481					0,7	0,2					0,1	1	0	0	0	0
34	алмас	7911	0,3				0,7							1	2373	0	0	0
35	алу	32942	0,1			0,9								1	3294	0	0	29648
36	алып	62281			0,003		0,997							1	0	0	187	0
37	аналық	1033	0,1	0,001	0,999									1	103	1	929	0
38	анар	498	0,3	0,7										1	149	349	0	0
39	анықтау	3427			0,2									1	0	0	685	0
40	аңғар	3849	0,2											1	770	0	0	0

Сурет 1 – Омонимдер жиілігін анықтаудың ықтималды-есептеуіш кестесі  
 Рисунок 1 – Вероятностно-вычислительная таблица определения частоты омонимов  
 Figure 1 – Probability-calculating table for determining the frequency of homonyms

Бұл бағдарламада омоним болып келетін немесе тұлғасы бірдей сөздердің жалпы, яғни омоним сөздердің екеуіне де ортақ саны жазылады. Келесі бағандарда қазақ тіліндегі сөз таптары жеке-жеке бағандарға беріледі. Соңында есептеуіш берілген.

Бұндағы омоним сөз Негізгі корпустан ізделіп, корпустағы саны бойынша қойылады. Саны алынғаннан кейін, орындаушы корпустан омоним сөздің қай мағынада тұрғаны жиі кездесетінін, жалпы шыққан мысалдың қанша пайызын құрайтынын конкордансқа шыққан мысалдар бойынша анықтайды. Мысалы, Негізгі корпуста «айқас» омоним сөзі 1561 рет кездескені автоматты түрде шықты делік, осы санды омонимдерді ықтималды-статистикалық әдіспен анықтау кестесіне жазамыз. Ендігі кезекте корпустан осы сөздің қай мағынада қолданылғаны қаншалықты кездесетінін мысалдар легіне көз жүгірте отырып анықтаймыз. Біздің анықтауымызша, зат есім ретінде мысалдардың 0,49 пайызын құрады, ал сын есім 0,02 пайыз, етістік мәнінде де 0,49 пайыз құрады. Осы пайыздық көрсеткішті кестеге жазамыз. Осы пайыздық көрсеткіштер бойынша есептеуіш «айқас» сөзінің зат есім ретінде – 765, сын есім ретінде – 31, етістік мәнінде – 765 рет кездескенін шығарды. Сол сияқты «ажар» омонимі Негізгі корпуста 1450, рет кездесе, кісі атауы ретінде мәнінде көбірек қолданылып, 0,6 пайызын құрады, ал бет, әлпет мәнінде 0,4 пайызды құрады. Бұдан есептеуіш бағдарлама «ажар» сөзінің кісі есімі ретінде – 580 рет, бет-әлпет мәнінде – 870 рет қолданғаны туралы ықтимал санды шығарды. «Албырт» омоним сөзі Негізгі корпуста 404 рет кездесе, сын есім ретінде Негізгі корпустан конкордансқа шыққан мысалдардың 0,9 пайызын, ал етістік мәнінде 0,1 пайызын құрады. Есептеуіш есебі бойынша, «албырт» сөзінің сын есім ретінде 364 рет, етістік ретінде 40 рет қолданылғаны шығарылды. Сондай-ақ «ерін» омоним сөзі Негізгі корпуста 3740 рет кездесе, белгілі болғандай, зат есім ретінде 0,88 пайызын құрады, ал етістік мәнінде 0,12 пайызын құрады. Есептеуіш есеп бойынша, «ерін» сөзінің зат есім ретінде 3291 рет, етістік ретінде 449 рет қолданылғаны белгілі болды. «Жаз» омоним сөзі Негізгі корпуста 41247 рет кездесе, конкордансқа шыққан мысалдарда зат есім ретінде 0,1 пайызын құраса, ал

етістік мәнінде 0,9 пайызын құраған. Пайыздық есептеуіш бағдарлама бойынша, «жаз» сөзі зат есім ретінде 4125 рет, етістік ретінде 37122 рет қолданылғаны туралы ықтимал санды шығарды. Тағы да «жалын» омоним сөзі Негізгі корпуста 5221 рет кездесе, біздің анықтауымыз бойынша, зат есім ретінде мысалдардың 0,85 пайызын құрады, ал етістік мәнінде 0,15 пайыз құрады. Осы пайыздық есептеуіш көрсеткіш бойынша «жалын» сөзінің саны зат есім ретінде 4438 рет, етістік ретінде 783 рет қолданылғаны белгілі болды. «Жеңіл» омоним сөзі Негізгі корпуста 9009 рет кездесе, сын есім ретінде Негізгі корпуста конкордансқа шыққан мысалдардың 0,9 пайызын, ал етістік мәнінде 0,1 пайызын құрады. Есептеуіш есебі бойынша, «жеңіл» сөзінің сын есім ретінде 8108 рет, етістік ретінде 901 рет қолданылғаны шығарылды. «Жүз» омоним сөзі Негізгі корпуста 41778 рет кездесе, белгілі болғандай, зат есім ретінде 0,57 пайызын, ал сан есім ретінде 0,1 пайыз құраса, етістік мәнінде 0,42 пайызын құрады. Бұдан есептеуіш бағдарлама «жүз» сөзінің зат есім ретінде 23813 рет, сан есім ретінде 418 рет, етістік мәнінде 17547 рет қолданылғаны шығарылды. Кездескен омонимдерді «Excel» бағдарламасында мынадай кестемен беруге болады:

№	Омоним	Корпустағы саны	зт.	сн.	са.	ет.	үс.	шл.	ел.	ес.	од.	Саны, %	зт.	сн.	са.	ет.	үс.	шл.	ел.	ес.	од.
1	жүз	14259	0,5		0,4	0,1						0,5	7130	0	5704	1426	0	0	0	0	0
2	айқас	1561	0,49	0,02		0,49						1	765	31	0	765	0	0	0	0	0
3	ажар	548	0,4	0,6								1	219	329	0	0	0	0	0	0	0
4	албырт	404		0,9		0,1						1	0	364	0	40	0	0	0	0	0
5	ерін	3740	0,88			0,12						1	3291	0	0	449	0	0	0	0	0
6	жаз	41247	0,1			0,9						1	4125	0	0	37122	0	0	0	0	0
7	жалын	5221	0,85			0,15						1	4438	0	0	783	0	0	0	0	0
8	жеңіл	9009		0,9		0,1						1	0	8108	0	901	0	0	0	0	0
9	жүз	41747	0,57		0,1	0,42						1	23813	0	418	17547	0	0	0	0	0

Сурет 2 – Омонимдер жиілігін анықтаудың ықтималды-статистикалық кестесі

Рисунок 2 – Вероятностно-статистическая таблица определения частоты омонимов

Figure 2 – Probabilistic-statistical table for determining the frequency of homonyms

Міне, Негізгі корпус мәтіндерінің жиілік сөздігіндегі омонимдердің ықтимал жиілігін анықтау осындай әдіспен анықталды. Омонимдерді ажырату жұмысы Әліпбилі-жиілік сөздік бойынша жасалды. Өйткені омоним сөздердің реестрде бір жерде тұрғаны ыңғайлы болды. Осы әдіспен жиілік реестрінде барлық омонимдердің ықтималды жиілігі шығарылғаннан кейін, Әліпбилі-жиілік сөздік Жиілікті-әліпбилі түрі бойынша жасалды. Бұдан кейін де жалпы сөздердің жиілігі мен оның ішінде омонимдердің жиілігі бойынша сандық мәліметтер тілші сараптамасына салынып, сандық деректердің шынайылығы тексерілді.

Омонимдерді ажыратудың жоғарыда берілген ықтималды статистикасы дәл сандық дерек бермегенмен, көлемді мәтіндер бойынша (жалпы картина) көрудің тиімді тәсілі екені анықталып отыр.

### Қорытынды

Жиілік сөздіктер тіл қолдану ерекшеліктерін сандық тұрғыдан сипаттауда және практикалық міндеттерді шешуде маңызды лингвистикалық құрал болып табылады. Олар жиілік мәліметтерін жинақтау арқылы минимум сөздіктерді құрастыруға, екінші тілді меңгеру мен оқыту үдерісінде статистикалық әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Яғни, жиілік деректер негізінде оқулықтар мен оқу материалдарын әзірлеушілер лексикалық қорды тиімді орналастырып, грамматикалық құрылымдар мен мазмұндық категорияларды жүйелі оқытуға жәрдемдеседі. Сонымен қатар жазба және сөйлеу тілдеріндегі сөздердің қолданылу жиілігін зерттеу әдістері тіл құрылымының грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін нақтыландыра отырып, мәтіндерді тілдік жағынан оңтайландыруға және аударма үдерісін жеңілдетуге ықпал етеді. Осылайша, жиілік сөздіктер тіл үйренушілерге қажетті ақпаратты сұрыптап ұсыну және сөйлеу мәнерін дамыту жөнінде практикалық көмек көрсетеді.

Лингвистикалық зерттеулер тұрғысынан жиілік сөздіктер статистикалық мәліметтер алу мен жаңа сөзжасам жүйелерін талдау үшін құнды ресурс болып табылады. Олар қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің таралу дәрежесін анықтап қана қоймай, басқа түркі тілдерімен немесе

шет тілдермен салыстыратын типологиялық зерттеулерде де маңызды дереккөз рөлін атқарады. Әсіресе өзге ұлт өкілдеріне арналған қазақ тілі оқулықтарын әзірлеу кезінде, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ тілінің ұлттық корпусы мәтіндерінің жиілік сөздігі» сияқты ресурстар оқыту үдерісіне қажетті лексикалық жиіліктерді нақты негізде ұсынады. Бұл оқулықтардағы лексикалық минимумдарды анықтау, сөйлеу және жазба дағдыларын қалыптастыру үшін бағыт-бағдар беру барысында жиілік деректер негізіндегі әдістемелерді пайдалану тиімдірек нәтижелер береді.

Жиілік сөздіктерді құрастыруда омонимдерді ықтималдық-статистикалық әдістермен ажырату технологиясы теориялық және практикалық зерттеулерде шешуші мәнге ие. Омонимдердің мәтіндегі нақты мағыналарын мәнмәтіндік үлестірімдер арқылы статистикалық тұрғыдан есептеу жиілік реестрлерді дәл әрі сапалы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мәтіндердегі мағыналық байланыстарды, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктерді жан-жақты қамтып, нәтижесінде жиілік сөздіктердің ақпараттық толықтығын арттырады. Сонымен қатар алынған статистикалық үлестірулер негізінде тілдік модельдерді жетілдіру, мәтінді автоматты талдау жүйелерін дамыту және лексикалық деректерді мәшинелік оқыту әдістерімен өңдеу мүмкіндіктері кеңейеді. Демек, омонимдерді ажыратудың ықтималдық-статистикалық тәсілі жасанды интеллект саласындағы тілдік деректерді автоматты түрде талдауға негіз бола отырып, гуманитарлық зерттеулермен қатар компьютерлік лингвистикада да өзекті міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

Жинақтай келгенде, жиілік сөздіктердің қолданылуы тіл оқыту мен лингвистикалық зерттеулерде, сондай-ақ тілдік модельдер мен автоматтандырылған жүйелерді дамытуда практикалық және теориялық маңызға ие. Омонимдерді ықтималдық-статистикалық әдістер арқылы ажырату технологиясы жиілік реестрлердің дәлдігі мен сапасын арттырып, тіл білімінің әр түрлі аспектілеріндегі статистикалық талдаулар мен модельдеуді жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік тудырады.

#### Әдебиеттер

- Абай тілі сөздігі. – Алматы, 1968. – 734 б.
- Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. Том 1, 2, 3. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604, 524, 488 бб.
- Аношкина Н.Г. Омонимия в русском языке. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2000. – 118 с.
- Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Қазақтың мемл. оқу-педагогика баспасы, 1962. – 299 б.
- Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – Москва: Гос. учебно-пед. изд., 1957. – 294 с.
- Бектаев Қ.Б. Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі тілінің алфавитті-жиілік сөздігі/ Қ.Б. Бектаев, А. Белботаев, Қ. Молдабеков жб. // Қазақ тексінің статистикасы: «Статистика-лингвистикалық зерттеу мен автоматтандыру» тобы еңбектерінің III шығуы. – Алматы, 1973. – 519-542-бб.
- Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.О. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. – Алматы-Түркістан, 1995. – 346 б.
- Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 192 б.
- Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2016. – 1472 б.
- Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.
- Зеленков Ю.Г., Сегалович И.В., Титов В.А. Вероятностная модель снятия морфологической омонимии на основе нормализующих подстановок и позиций соседних слов // Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии. Труды международного семинара «Диалог-2005». – Москва: Наука, 2005. – 616 с.
- Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика / Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен. 2-ші басылуы. – Алматы: Мектеп, 1975. – 304 б.
- Ким О.М. Омонимия на уровне частей речи на современном английском языке: материалы к спецкурсу Омонимия на уровне частных речи в современном русском языке: материалы к спецкурсу. – Ташкент: Ташкентский гос. университет им. В.И. Ленина, 1983. – 68 с.
- Кобзарева Т. Ю., Афанасьев Р. Н. Универсальный модуль предсинтаксического анализа омонимии частей речи в русском языке на основе словаря диагностических ситуаций // Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии. Труды международного семинара «Диалог-2002». Т. 2. – Протвино: 2002. – С. 258-268.
- Колесников Н.П. Словарь омонимов русского языка. – Москва: Русский язык, 1980. – 302 с.
- Мұсабаев Ғ.Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б. ISBN 978-601-7172-39-8.
- Google Docs (n.d.) URL: [https://docs.google.com/spreadsheets/d/1ZtdK2xCBvXTXVp1ImiaKLCVh-zZ4mjJ\\_OSyuxrQGdtA/edit?gid=0#gid=0](https://docs.google.com/spreadsheets/d/1ZtdK2xCBvXTXVp1ImiaKLCVh-zZ4mjJ_OSyuxrQGdtA/edit?gid=0#gid=0) [Accessed: 10 June 2025]. (online resource)
- wikipedia.org/ [Қолданылуы: 2025 жылғы 10 маусым]. (интернет-ресурсы)

## References

- Abai shygarmalarynyng akademijalyq tolyq zhinagy. Tom 1, 2, 3. Almaty: Zhazushy, 2020. 604, 524, 488 bb. [Full academic collection of Abai's works. Volume 1, 2, 3. Almaty: Zhazushy, 2020. 604, 524, 488 pp.] (in Kazakh)
- Abai tili sozdigi. (1968) Almaty, 734 b. [Abai language dictionary. (1968) Almaty, 734 p.] (in Kazakh)
- Ahanov, K. (1962) Til bilimine kirispe. Almaty: Qazaqtyng meml. oqu-pedagogika baspasy, 299 b. [Akhanov, K. (1962) Introduction to Linguistics. Almaty, 299 p.] (in Kazakh)
- Ahmanova, O.S. (1957) Ocherki po obschey i russkoj leksikologii. Moskva: Gos. uchebno-ped. izd., 294 s. [Akhmanova, O.S. (1957) Essays on general and Russian lexicology. Moscow: State Educational and Pedagogical Publishing House, 294 p.] (in Russian)
- Anoshkina, N.G. (2000) Omonimija v russkom jazyke. Omsk: Izd-vo OmGPU, 118 s. [Anoshkina, N.G. (2000) Homonymy in the Russian language. Omsk: Publishing house of OmGPU, 118 p.] (in Russian)
- Bektaev, Q.B., Belbotaev, A., Moldabekov, Q. (1973) G. Musirepovting "Kezdespei ketken bir beine" povesi tilining alfavitni-zhiilik sozdigi. Qazaq teksining statistikasy: «Statistika-lingvistikalıq zertteu men avtomattandyru» tobynyng III shyguy. Almaty. B. 519-542. [Bektayev, K.B., Belbotayev, A., Moldabekov, K. (1973) Alphabetical-frequency dictionary of the language of G.Musirepov's story "An Unmet Image". Statistics of Kazakh texts: Works of the group "Statistical-linguistic research and automation". Issue III. Almaty. P. 519-542.] (in Kazakh)
- Bektaev, Q.B., Zhubanov, A.Q., Myrzabekov, S., Belbotaev, A.B. (1995) M.O. Auezovting 20 tomдық shygarmalar teksterining zhiilik sozdikteri. Almaty-Turkistan. 346 b. [Bektayev, Q.B., Zhubanov, A.K., Myrzabekov, S., Belbotayev, A.B. (1995) Frequency dictionaries of the 20-volume works of M.O.Auezov. Almaty-Turkistan. 346 p.] (in Kazakh)
- Belbaeva, M. (1988) Qazaq tilining omonimder sozdigi. Almaty: Mektep, 192 b. [Belbayeva, M. (1988) Dictionary of homonyms of the Kazakh language. Almaty: Mektep, 192 p.] (in Kazakh)
- Google Docs (n.d.) URL: [https://docs.google.com/spreadsheets/d/1ZtdK2xCBvXTXVp1ImiaKLCVh-zZ4mjJ\\_OSyuxrQGdtA/edit?gid=0#gid=0](https://docs.google.com/spreadsheets/d/1ZtdK2xCBvXTXVp1ImiaKLCVh-zZ4mjJ_OSyuxrQGdtA/edit?gid=0#gid=0) [Accessed: 10 June 2025]. (online resource)
- Kengesbaev, I. (1975) Qazirgi qazaq tili: leksika, fonetika. 2-basylymy. Almaty: Mektep, 304 p. [Kenesbayev, I. (1975) Modern Kazakh language: lexicon, phonetics. 2nd edition. Almaty: Mektep, 304 p.] (in Kazakh)
- Kim, O.M. (1983) Omonimija na urovne chastej rechi na sovremennom anglijskom jazyke: materialy k speckursu. Tashkent: Tashkentskij gosudarstvennyj univ. imeni V. I. Lenina, 68 s. [Kim, O.M. (1983) Homonymy at the level of parts of speech in modern English: materials for the special course. Tashkent: Tashkent State Univ. named after V.I. Lenin, 68 p.] (in Russian)
- Kobzareva, T.Yu., Afanas'ev, R.N. (2002) Universal'nyj modul' predsintaksicheskogo analiza omonimii chastej rechi v russkom jazyke na osnove slovarja diagnosticheskix situacij. Komp'juternaja lingvistika i intellektual'nye tehnologii. Trudy mezhdunarodnogo seminaru «Dialog-2002». T. 2. Protivino. S. 258-268 [Kobzareva, T.Yu., Afanasyev, R.N. (2002) Universal module of pre-syntactic analysis of parts of speech homonymy in Russian based on the dictionary of diagnostic situations. Computational Linguistics and Intellectual Technologies. Proceedings of the international seminar «Dialogue-2002». V. 2. Protvino. P. 258-268.] (in Russian)
- Kolesnikov, N.P. (1980) Slovar' omonimov russkogo jazyka. Moskva: Russkij jazyk, 302 s. [Kolesnikov, N.P. (1980) Dictionary of homonyms of the Russian language. Moscow: Russian Language, 302 p.] (in Russian)
- Musabaev, G.G. (2014) Qazaq til biliminin maseleleri. Almaty: Abzal-Ai, 640 p. ISBN 978-601-7172-39-8. [Musabayev, G.G. (2014) Issues of Kazakh linguistics. Almaty: Abzal-Ai, 640 p.] (in Kazakh)
- Wikipedia (n.d.) URL: <https://kk.wikipedia.org/> [Accessed: 10 June 2025]. (online resource)
Зерттеудің мақсаты – Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты еңбегіндегі фонетика мен грамматиканы оқытуға қатысты әдістемелік жүйені лингвистикалық тұрғыда талдау, оны қазіргі қазақ тіл білімінің құрылымдары туралы білімдердің алғашқы қалыптасу кезеңі ретінде байланыстыра қарастыру және оқу үдерісінде тиімді қолдану жолдарын көрсету. Осы зерттеу қазақ тілі әдістемесі саласындағы тарихи және заманауи сабақтастықты айқындауға, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге үлес қосады.

### **Материал және әдістер**

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» (Сарыбаев, 1956, 1959) атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік еңбегі алынды. Аталған еңбек қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, орфографиясы мен сөз таптарын айқындайтын ұсыныстарды қамтиды. Сонымен қатар ғалымның қазақ тілін үйрету барысында қолданған нақты мысалдары мен практикалық тәсілдері зерттеу нысанына айналды.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Ш. Сарыбаевтың әдістемелік ұстанымдары қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесімен салыстырылды. Бұл ретте Ә.Е. Жұмабаева мен Г.И. Уайсова авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (Жұмабаева, Уайсова, 2024) атты оқу құралы негізге алынды. Екі әдістеменің мазмұндық ерекшеліктері, мақсат-міндеттері, оқыту тәсілдері мен қолданылатын әдістері нақты критерийлер бойынша салыстырылып, айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықталды.

Зерттеу барысында сипаттамалы, жүйелі талдау, салыстыру және интерпретациялау әдістері қолданылды. Автор мәтіндерін құрылымдық-грамматикалық тұрғыда талдай отырып, олардың әдістемелік мәні мен теориялық негіздері анықталды. Бұл әдістердің барлығы зерттеу мақсатына сай келіп, Ш. Сарыбаев әдістемесінің ерекшелігін, оның қазіргі әдістемелік жүйемен сабақтастығын көрсетуге мүмкіндік берді.

### **Әдебиетке шолу**

Шамғали Сарыбаевтың ғылыми-әдістемелік мұрасы – қазақ тіл білімінің дамуына негіз қалаған аса маңызды бағыттардың бірі. Оның еңбектерінде тек оқыту әдістемесі ғана емес, тілдік құрылымдардың табиғаты, ұлттық педагогика мен көрнекілік, практикалық жаттығу, тілдік нормалар мен сөз мәдениеті мәселелері терең қамтылған. Осыған қарамастан, Ш. Сарыбаевтың әдістемелік жүйесі, әсіресе қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымдарын меңгертудегі нақты әдіс-тәсілдері бүгінгі ғылыми айналымда жүйелі түрде толық зерттелмеген. Бұл жағдай – қазіргі кезеңде қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға ұмтылған білім беру үдерісі үшін маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, бұрынғы зерттеулерге сыни талдау жасау, олардың қамту аясын бағалау және зерттеліп отырған тақырыптың нақты ерекшелігін айқындау – бұл жұмыстың ғылыми негізін құрайды.

Б.Д. Қалимұқашева (Қалимұқашева, 2016) өз еңбегінде Ш. Сарыбаевтың әдістемелік мұрасына шолу жасап, оның «Орыстарға қазақша сөйлету методикасы» атты қолжазбасын атап

өтеді. Бұл – жарияланбағанымен, көлемі мен мазмұны жағынан құнды еңбек. Автор ғалымның көрнекілікке, практикалық жаттығуға және сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдістерінің қазіргі заман мұғалімі үшін де пайдалы екенін нақтылайды. Б.Д. Қалимұқашева Ш.Сарыбаев әдістемесінің артықшылықтарын айтып қана қоймай, оларды шетелдік оқыту жүйесімен салыстырып, ұлттық әдістеменің артықшылығын көрсетеді. Алайда автор еңбегінде Ш. Сарыбаевтың фонетика мен грамматиканы оқыту тәсілдері жеке зерттеу нысаны ретінде арнайы талданбаған. Осы мақала бұл олқылықтың орнын толтыруға ұмтылады.

Қ. Күдерінова (Күдерінова, 2018) «Күнделік керектер» атты сирек кездесетін еңбекті талдай отырып, Ш. Сарыбаевтың тілдік нормаларға, сөзжасам жүйесіне, орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктерге деген ғылыми көзқарасын ашады. Ғалымның пайымдауынша, Ш.Сарыбаев тек әдіскер емес, сонымен қатар тіл табиғатына терең бойлай алатын, стилистикалық талғамы жоғары лингвист болған. Мысалы, «паспырт», «кәзір», «абдан», «жана» сияқты сөздердің жазылу үлгілері арқылы ол кезеңнің фонетикалық нормаларын бейнелеу арқылы тарихи-тілдік процестерді нақтылайды. Бұл мақалада біз осы тұрғыдағы тұжырымдарды негізге ала отырып, Ш.Сарыбаевтың емле мен орфографияны оқытуда фонетикалық және дәстүрлік принциптерді қалай ұштастырғанын көрсетуге тырысамыз.

Қ. Құрманәлиев пен М. Сарыбай (Қурманалиев, Сарыбай, 2023) Ш. Сарыбаевтың ғылыми қызметінің идеялық тамырларын, оның Ахмет Байтұрсынұлы мен Абубәкір Диваев сияқты зиялылармен рухани байланысын аша отырып, ғалымның көзқарас эволюциясын сипаттайды. Авторлар Ш. Сарыбаевты XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлттық педагогиканың, тілтаным мен әдебиеттің тоғысқан тұсындағы басты тұлғалардың бірі ретінде сипаттайды. Бұл пікір бізге Ш. Сарыбаев әдістемесінің тек педагогикалық құндылығын емес, оның ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған рухани-мәдени миссиясын да ескеруге мүмкіндік береді.

Ә. Базарбай (Базарбай, Оразханова, 2023) Ш. Сарыбаевтың қазақ тілін орыс топтарында оқыту әдістемесіне қосқан үлесін нақтылап, оның ғылыми еңбектері арқылы көптілді білім беру мәселесін шешуге жол ашқанын атап өтеді. Оның кандидаттық диссертациясының бағыты қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретудің алғашқы жүйелі тәжірибесі ретінде бағаланады. Біздің мақалада осы бағыттағы ұстанымдарға сүйене отырып, фонетикалық және грамматикалық құрылымдарды меңгертудің тиімді тәсілдерін бүгінгі көптілді аудиторияға бейімдеу жолдары қарастырылады.

А. Қажет (Қажет, 2019) Ш. Сарыбаевтың публицистика мен журналистика саласындағы қызметіне тоқталып, оның тіл мәдениетін қалыптастырудағы ықпалын ашып көрсетеді. Автор Ш.Сарыбаевтың Ілияс Жансүгіровпен шығармашылық серіктестігін, мақалалары мен аудармаларын сөз ете отырып, оның ұлттық рухани жаңғыруға қосқан үлесін бағалайды. Бұл аспект ғалымның әдістемелік тілінің, оқулықтағы мәтін мазмұны мен құрылымының идеялық негізін де айқындайды.

Жалпы алғанда аталған зерттеулер Ш. Сарыбаев мұрасын әр қырынан ашып көрсеткенімен, олардың басым бөлігі ғалымның еңбектерін тұтас түрде емес, жекелеген аспектілерде қарастырған. Ал қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымдарын оқытуға байланысты арнайы, кешенді талдау қазіргі таңда жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Мақала осы бағыттағы зерттеу кеңістігін нақтылап, Ш. Сарыбаев әдістемесінің теориялық негізі мен практикалық мәнін толыққанды айқындауды көздейді. Бұл мақаланың ерекшелігі де осында.

### **Нәтижелер және талқылау**

Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінің бірінші бөлімі – қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясын оқыту әдістемесіне арналған жүйелі зерттеу. Бұл еңбек сол кезеңдегі тілдік құрылымдарды оқытудағы ғылыми-практикалық тәсілдерді жүйелеуімен және оқыту үдерісін нақты әдістемелік қадамдармен қамтамасыз етуімен ерекшеленеді. Еңбектің басты ерекшелігі – теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыру арқылы оқушылардың тілді терең әрі саналы түрде меңгеруіне жол ашуы.

Ғалым дыбыстық жүйені оқытуды оқушылардың көрнекі сезімдеріне сүйене отырып түсіндіруді ұсынады. Дауысты дыбыстарды оқытуда олардың ешбір кедергісіз айтылатынын тәжірибе арқылы түсіндіру қажеттігін айта келіп, «а», «о», «ы» дыбыстарын айту арқылы дыбыстың еркін шығуын көрсетуді ұсынады. Бұл тәсіл дыбыстың физикалық табиғатын түсінуге

септігін тигізеді. Дауыссыз дыбыстарды меңгерту барысында, керісінше, ауыз қуысындағы кедергілерге мән беру ұсынылады. Мәселен, «б», «д», «п» дыбыстарын айту арқылы оқушы олардың жасалу жолындағы кедергіні өзі байқайды. Бұл әдістер фонетикалық категорияны сезімдік, визуалды және практикалық тұрғыда меңгеруге бағытталған, қазіргі заманғы оқытуда да тиімді деп есептеледі.

Жуан және жіңішке дауыстыларды оқытуда Ш. Сарыбаев салыстыру әдісін ұсынады. Мысалы, *ана мен әке, қала мен келе* сияқты сөздерді қолдана отырып, «а» дыбысының жуан, ал «ә» дыбысының жіңішке екенін салыстыра көрсету арқылы оқушылардың есту арқылы тілдік ерекшелікті ажырата алу қабілетін дамытуға назар аударады. Осы тәсіл арқылы оқушы тек дыбыстық сипаттаманы емес, мағыналық реңкті де аңғара алады (*ата мен әтеіш* мысалы). Бұл – тілдің дыбыстық құрылымының мағыналық деңгеймен сабақтастығын көрсете отырып меңгерту үлгісі.

Ш. Сарыбаев ұсынған жаттығулардың ішінде еріндік дыбыстарды меңгертуге арналған әдістер ерекше назар аударуға тұрарлық. Ол оқушыларға еріндік дыбыстарды айтқызу арқылы сөйлеу мүшелерінің қозғалысын бақылауды ұсынады. Бірінші әдісте мұғалім тақтаға «б», «м», «п» әріптерін жазып, бұл дыбыстардың айтылуында екі еріннің бір-біріне тиетінін көрсету арқылы дыбыстың физиологиялық жасалу процесін визуалды түрде түсіндіреді. Екінші әдісте оқушыларға ерін тигізбей «б» дыбысын айту тапсырмасы беріледі, бұл тәсіл арқылы олар дыбыстың шығуына қажетті артикуляциялық шартты тәжірибе арқылы түсінеді. Мұндай көзбен көру және қолмен сезу арқылы меңгерту әдістері – Ш. Сарыбаевтың оқытудағы басты қағидаттарының бірі болған «көрнекілік» пен «практикалық бағыттылықтың» айқын дәлелі.

Дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке оппозициясын меңгертуде автор жазбаша және ауызша талдауды қатар қолдануды ұсынады. *Ат, әт, атау, әт* сияқты сөздерді салыстыру арқылы оқушы фонетикалық айырмашылықтарды мағынамен байланыстыра отырып қабылдайды. Бұл жаттығулар тілдік сезімді дамытумен қатар, фонетикалық нормаларды жадта сақтауға ықпал етеді.

Морфологиялық құрылымды меңгертуде де Ш. Сарыбаев әдістемесі нақты және кезең-кезеңмен дамыған. Етістікті оқыту барысында оның сөйлемдегі рөлін түсіндіруге ерекше мән беріледі. Мысалы, шақ категориясын түсіндіру үшін автор *Мен кеше мектепке бардым* (өткен шақ), *Мен қазір оқып отырмын* (осы шақ), *Мен ертең кітап оқимын* (келер шақ) сияқты сөйлемдер арқылы оқушының күнделікті тәжірибесімен байланыстыра отырып грамматикалық білім беру әдісін ұсынады. Бұл – оқытудың өмірмен байланысын күшейтетін коммуникативтік тәсілдің алғашқы үлгілерінің бірі.

Күрделі етістіктерді меңгертуде автор салыстыру әдісіне сүйенеді. *Жүрді, жүріп жатыр, жүріп келген* деген мысалдар арқылы бір түбірден тараған сөздердің грамматикалық тұлғалары қалай өзгеретінін көрсету ұсынылады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар сөзжасам мен сөз өзгерту процестерін бір-бірінен ажыратуды үйренеді, яғни морфологиялық құрылымды түсіну деңгейі артады.

Ш. Сарыбаев етістікті оқытуда оңайдан қиынға қарай оқыту қағидасын ұстануды ұсынады. Бұл принцип – тілдік материалды оқушы санасына біртіндеп, логикалық реттілікпен сіңіруге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Алдымен, негізгі етістіктер меңгертіліп, олардың сөйлемдегі қызметі мен грамматикалық түрлері түсіндіріледі. Одан кейін ғана модаль сөздермен, күрделі етістік формаларымен жұмыс жүргізіледі. Мысалы, *Кітап оқыдым* сөйлемін талдау барысында оқушы, ең алдымен, *оқыдым* сөзінің түбір етістік екенін анықтап, кейін оның болымды формасын, шақтық мәнін және тұлғалық ерекшелігін ажыратуға дағдыланады. Бұл әдіс – грамматикалық категориялардың табиғатын түсінуге, сөйлем ішіндегі қызметін терең ұғынуға бағытталған.

Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. Орфография және сөз таптары» атты екінші бөлімі (Сарыбаев, 1959) – қазақ тілін жүйелі оқытудың тағы бір маңызды қырын ашатын ғылыми-әдістемелік еңбек. Еңбекте орфография мен сөз таптарын оқытуға байланысты нақты әдістер ұсынылып, олардың теориялық негіздері мен практикалық қолданыстары қатар қарастырылады. Бұл бөлімнің басты ерекшелігі – емле мен грамматиканы оқытуды бір-бірінен бөлек емес, біртұтас тілдік жүйе элементтері ретінде қарастыруында.

Ш. Сарыбаев орфографияны оқытуда үш негізгі принципке сүйенуді ұсынады: морфологиялық, фонетикалық және дәстүрлік. Бұл принциптер оқушыларға сөздің дұрыс



жазылуын үйретіп қана қоймай, тілдің ішкі құрылымын, тарихи негіздерін, қалыптасқан нормаларын да меңгеруге бағытталған. Мысалы, морфологиялық принцип сөздердің түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. *Құлын, түтін, күрек* сөздері қалай айтылса да, олардың түбірін сақтап жазу арқылы оқушы қосымшаны түбірден ажырата білуді үйренеді. Бұл тәсіл сөзжасам мен грамматикалық байланыстарды тануға мүмкіндік береді.

Фонетикалық принцип – сөздің айтылуына қарай жазылуын негіз етіп алады. Мысалы, *балалар, тауықтар, үйректер* сияқты сөздер айтылуы бойынша жазылады. Бұл – айтылым мен жазылым арасындағы байланысты ұғындыруда маңызды әдіс. Ал дәстүрлік принцип кейбір сөздердің тарихи түрде қалыптасқан жазылуын сақтайды. *Дәстүр, дүлдүл* сияқты сөздер осыған мысал. Мұндай сөздер дыбысталуы бойынша өзгеріске түскенімен, жазылу нормасы сақталады. Ал ғалымның бұл оқушылардың тілдің мәдени және тарихи қабаттарын тануына ықпал етеді деуі – қазақ тіл білімінде алғашқы негіздеме болып табылады.

Ғалым ұсынған орфографияны меңгерудің әдістемелік тәсілдері де назар аударарлық. Түсіндіру әдісі арқылы күрделі емле ережелері нақты мысалдармен егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Мәселен, *қаты* мен *қатты* сөздерін салыстыра отырып, екі *т* әрпінің жазылу себебі түсіндіріледі. Бұл әдіс – логикалық ойлауды дамытумен қатар, орфографиялық нормаларды түсініп, ішкі заңдылықтарға сүйеніп меңгеруге мүмкіндік береді.

Ғалым «көздік емле» деген термин жасап ұсынды. Бұл орфографияда көз арқылы жаттау, грамматикалық образын есте сақтау деген қазіргі кездегі ұғымдар мен сәйкестіктер. Ғалым бұны аса дәлдікпен «көздік емле» деген, соны термин арқылы атаған. «Көздік емле» әдісі оқушылардың визуалды қабылдауын дамытуға негізделген. Мұғалім тақтаға *құлақшын, қабырға* сөздерін жазып, оқушылардың назары жазылым формасына аударылады. Бұдан кейін сөздер есте сақталып, оқушылар жатқа жазу арқылы орфографиялық дағдыларын бекітеді. Бұл тәсіл баланың есте сақтау, байқағыштық және назар аудару қабілетін арттыруға әсер етеді.

Ш. Сарыбаевтың орфографияны оқыту әдістемесінде теория мен тәжірибе ұштасып отырады. Ол әрбір ережені оқушы санасына тек жаттау арқылы емес, түсініп меңгеруге бағыттайды. Сонымен бірге оқушыларды жазу нормаларын сақтай отырып, грамматикалық, фонетикалық, мағыналық аспектілерді қатар бағамдауға үйретеді. Бұл тіл тұтастығын сезінуге мүмкіндік беретін маңызды әдіс.

Сөз таптарын оқыту мәселесі де Шамғали Сарыбаев еңбегінде жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ғалым грамматикалық категорияларды оқытуда оқушының тілдік түйсік, логикалық пайым мен практикалық дағдыларын қатар дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді ұсынады. Әрбір сөз табы өзіндік ерекшелігіне қарай нақты мысалдармен, кезеңдік тәсілмен меңгертіледі. Бұл әдіс – оқушының тек жаттауға емес, түсініп, салыстырып, қолдануға негізделген белсенді оқуын қамтамасыз етеді.

Мысалы, зат есімді оқытуда оның түрлену жүйесімен қатар, тәуелдік жалғауларының мағынасы мен қызметі нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі. *Кіман — кітабым, парта — партасы* сияқты жұпталған сөздер арқылы оқушылар жалғаудың сөзге меншіктік мән үстейтінін байқап, тәуелдік категориясының қызметін өз бетінше анықтауға үйренеді. Мұғалімнің бұл мысалдарды жазып, жалғаулардың қызметін түсіндіруі – грамматикалық ұғымды абстракция түрінде емес, нақты тілдік бірліктер негізінде игертудің тиімді жолы.

Ш. Сарыбаевтың әдістемелік жүйесінде шылаулар мен шылау тұлғалас қосымшаларды оқыту да ерекше орын алған. Шылау мен септік жалғауын ажыратуда автор оқушылардың талдау дағдысына сүйенуді ұсынады. *Тауда және тау да* сөздерін салыстыру арқылы оқушы сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарындағы айырмашылықты аңғарады. Бірінші мысалда жатыс септігінің орынды білдіретіні, ал екінші мысалда шылаудың жалпылау, қарсы қою мәні бар екені түсіндіріледі. Бұл тәсіл оқушыларды грамматикалық талдауға, сөз мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктерді саралай білуге тәрбиелейді.

Бұл жерде Ш. Сарыбаев салыстыру, нақтылау, түсіндіру, жаттығу сияқты дәстүрлі әдістерді тиімді үйлестіре отырып, оқушы санасында тілдік жүйені тұтастай қалыптастыруды көздейді. Сөз таптарын оқытуда ол лексикалық мағына мен грамматикалық қызметті бір-бірінен ажыратып үйретуге, тілдің ішкі логикасын түсіндіруге басымдық береді. Бұл – қазіргі тіл дидактикасындағы когнитивті тәсілдердің де негізін құрайтын ұстаным.

Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты еңбегі – қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғылыми мұралардың бірі. Бұл еңбекте ұсынылған әдіс-тәсілдер тіл құрылымының күрделі жүйесін оқушы санасына біртіндеп, логикалық жүйемен және тәжірибеге негізделі отырып түсіндіруге бағытталған. Ғалымның фонетика мен морфологияны, орфография мен сөз таптарын оқытуда ұсынған тәсілдері – бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған, оқытудың табиғи заңдылықтарына негізделген құнды тәжірибе.

Ш. Сарыбаев әдістемесінің басты ерекшелігі – практикалық бағыттылығы мен қолжетімділігі. Ол тілдік құбылыстарды нақты мысалдармен, салыстыру әдісімен, көрнекілік пен бақылауға негіздей отырып түсіндіру арқылы оқушыны тіл заңдылықтарын өздігінен байқауға, талдауға және тұжырым жасауға жетелейді. Бұл – қазіргі заманауи педагогикада кең таралған конструктивизм, зерттеуге негізделген оқыту, белсенді оқыту әдістерімен үндес келетін тәсілдер.

Оның әдістемелік тұжырымдары ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ тілін оқыту процесін ғылыми бағытта қалыптастыруға негіз болды. Ғалымның фонетика, морфология, орфография және сөз таптарын оқыту әдістері дәстүрлі тәсілдерге сүйенгенімен, олар сол кезең үшін жаңашыл әрі практикалық бағытқа негізделген еді.

Дегенмен уақыт өте келе, қазақ тілін оқыту әдістемесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бүгінде тілді меңгертуде құрылымдық-грамматикалық тәсілдерден гөрі коммуникативтік, интерактивтік оқыту әдістері жиі қолданылып келеді. Осыған байланысты Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік ұстанымдарын қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесімен салыстыру, оның ерекшелігін, артықшылықтары мен шектеулерін анықтау өзекті мәселе болып отыр.

Салыстыру барысында қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша кеңінен қолданылып жүрген Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова авторлығымен жазылған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқу құралы таңдалды (Жұмабаева, Уайсова, 2024). Бұл еңбек қазіргі педагогикалық талаптарға сай қазақ тілін оқыту әдістерін сипаттайды, ал Сарыбаевтың еңбегі қазақ тілін дәстүрлі әдістемелер негізінде үйретуге бағытталған. Осы екі көзқарасты салыстыру арқылы Ш. Сарыбаев әдістемесінің өзектілігін, оны қазіргі оқыту жүйесінде қолдану мүмкіндіктерін және заманауи оқыту әдістерімен үйлесімділігін бағалауға болады.

Салыстыруда мынадай негізгі критерийлер негізге алынды:

- тіл үйрету принциптері – оқытудың негізгі қағидаттары мен әдістерінің ерекшелігі;
- фонетиканы оқыту әдісі – дыбыстық жүйені меңгертудегі тәсілдер;
- грамматиканы меңгерту әдісі – грамматикалық заңдылықтарды түсіндіру ерекшеліктері;
- етістікті оқыту – морфологиялық категорияларды үйретудегі әдістемелік ұстанымдар;
- орфографияны оқыту – жазу ережелерін меңгерту жүйесі;
- сөз таптарын оқыту – грамматикалық категорияларды жүйелі түрде үйрету тәсілдері;
- көрнекілік және практикалық әдістер – оқыту барысында қолданылатын визуалды және практикалық құралдар.

Төмендегі салыстырмалы кестеде Шамғали Сарыбаев пен қазіргі әдістеме (Жұмабаева, Уайсова, 2024) арасындағы негізгі айырмашылықтар көрсетілген.

Кесте 1 – Әдістемелерді салыстырмалы талдау

Таблица 1 – Сравнительный анализ методик

Table 1 – Comparative analysis of the methods

Критерий	Шамғали Сарыбаев әдістемесі	«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (Жұмабаева, Уайсова)	Айырмашылығы
Тіл үйрету принциптері	Практикалық бағыт, көрнекілік, бақылау әдісі, нақты мысалдар арқылы меңгерту.	Коммуникативтік оқыту, деңгейлеп оқыту, тілдік дағдыларды қалыптастыру.	Сарыбаев – құрылымдық-грамматикалық тәсілді қолданса, қазіргі әдістеме – қарым-қатынастық бағытқа негізделген.
Фонетиканы оқыту әдісі	Фонетикалық заңдылықтарды түсіндіруде артикуляциялық бақылау әдісін қолдану, жуан-жіңішке дыбыстарды салыстырып үйрету.	Дыбыстарды меңгертуде тыңдау, қайталау, интерактивті тапсырмаларға басымдық беру.	Сарыбаев нақты тілдік заңдылықтарды түсіндіруге баса назар аударса, қазіргі әдістеме тыңдау мен тәжірибеге сүйенеді.

## 1-кестенің жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

Грамматиканы меңгерту әдісі	Талдау, салыстыру, жаттығу арқылы меңгерту. Ережені нақты мысалдармен бекіту.	Грамматиканы контекст негізінде меңгерту, сөйлеу әрекетіне байланыстыру.	Сарыбаев грамматиканы құрылымдық тәсілмен оқытса, қазіргі әдістеме коммуникативтік тәсілді қолданады.
Етістікті оқыту	Оңайдан қиынға қарай принципі. Негізгі етістіктерді үйретіп, модаль сөздермен байланысын көрсету.	Етістіктерді сөйлеу дағдылары арқылы меңгерту, контекстке бейімдеу.	Сарыбаев жүйелі грамматикалық білім беруге басымдық берсе, қазіргі әдістеме тілді тәжірибелік қолдану арқылы меңгертуді көздейді.
Орфографияны оқыту	Морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлік принциптерді қатар ұсыну, талдау және практикалық жұмыстармен бекіту.	Орфографияны жазылым дағдысын дамыту арқылы меңгерту.	Сарыбаев орфографияны жүйелі түсінуге басымдық берсе, қазіргі әдістеме тәжірибеге негізделген.
Сөз таптарын оқыту	Зат есімнің тәуелдік жалғауларын, шылауларды нақты мысалдар арқылы түсіндіру, грамматикалық талдауды қолдану.	Сөз таптарын қарым-қатынас барысында меңгерту, қолданбалы тапсырмалар беру.	Сарыбаев талдау әдісіне сүйенсе, қазіргі әдістеме сөйлеу әрекетін бірінші орынға қояды.
Көрнекілік және практикалық әдістер	Тақтадағы мысалдар, сөздердің артикуляциялық қасиеттерін байқау, салыстыру әдісі.	Интерактивті материалдар, рөлдік ойындар, мультимедиялық ресурстар.	Сарыбаев практикалық бақылауға сүйенсе, қазіргі әдістеме цифрлық технологияларды пайдаланады.

Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік жүйесі қазақ тілін оқытудың жүйелілігі мен ғылыми негізділігіне баса назар аударған. Оның әдістемелік ұстанымдары нақты мысалдарға сүйеніп, тілдік құрылымдарды терең түсіндіру арқылы оқушының грамматикалық заңдылықтарды толық меңгеруіне бағытталған. Ш. Сарыбаев әдістемесінің басты ерекшелігі – тіл құрылымын жүйелі түрде түсіндіру, фонетика, морфология, орфография және сөз таптары бойынша нақты әдістер ұсыну, сондай-ақ оқушылардың тілдік талдау жасау қабілетін дамыту. Ол оқыту үдерісінде тілдің ішкі заңдылықтарын түсінуге, құрылымдық ерекшеліктерді салыстыруға және орфографиялық ережелерді терең меңгеруге ерекше көңіл бөлген.

Қазіргі әдістеме (Жұмабаева, Уайсова, 2024) қарым-қатынастық, коммуникативтік оқытуға басымдық беріп, оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға, тыңдау, жазу және оқылым дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Бұл тәсіл тіл үйретуде интерактивті технологияларды кеңінен пайдалана отырып, оқушылардың тілді қолдану қабілетін арттыруға бағытталған. Ш. Сарыбаев әдістемесі қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтарын жүйелі түрде түсіндіруге негізделсе, қазіргі әдістеме оны практикалық тұрғыда меңгеруге, қарым-қатынас барысында үйренуге бағытталған. Сондай-ақ қазіргі әдістеме оқытудың индуктивті және коммуникативтік тәсілдерін жиі қолданса, Ш. Сарыбаев оқыту барысында дедуктивті, яғни белгілі бір грамматикалық заңдылықтарды түсіндіруден бастап, оларды қолдануға көшу әдістерін ұсынған.

Ш. Сарыбаев тіл құрылымын ғылыми-грамматикалық тұрғыдан оқытуды көздесе, қазіргі әдістеме практикалық-коммуникативтік тәсілдерге сүйенеді. Ш. Сарыбаев оқушыларға тілдің құрылымдық заңдылықтарын терең түсіндіруді, тілдік бірліктердің байланысын жүйелі түрде көрсетуді мақсат етсе, қазіргі әдістеме интерактивті оқыту құралдарын, диалогтік әдістерді жиі қолданады. Ш. Сарыбаев әдістемесі тілді жүйелі меңгеруге, логикалық және грамматикалық талдау жасауға негізделсе, қазіргі әдістеме қолдану арқылы үйретуге бағытталған. Дегенмен Ш. Сарыбаевтың әдістемелік қағидалары бүгінгі тіл үйрету үдерісінде де өз маңызын жоғалтпайды, керісінше, оларды заманауи технологиялармен үйлестіре отырып, қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға тиімді қолдануға болады.

Осылайша, Ш. Сарыбаевтың әдістемелік тұжырымдары мен қазіргі оқыту әдістерін салыстыра отырып, қазақ тілін меңгертудегі тарихи және заманауи ұстанымдардың сабақтастығын көруге болады. Оның ғылыми негізделген әдістерін жаңаша өңдеп, интерактивті құралдармен толықтырған жағдайда, олар қазіргі білім беру жүйесіне тиімді еніп, қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға үлкен үлес қоса алады.

### Қорытынды

Бұл зерттеу Шамғали Сарыбаевтың «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты еңбегіндегі әдістемелік ұстанымдарды саралап, олардың қазақ тілін оқытудағы рөлін анықтауды мақсат етті. Ғалым ұсынған оқыту әдістерінің теориялық негіздері мен практикалық маңызы қарастырылып, қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесімен салыстырылды. Зерттеу барысында Ш.Сарыбаев әдістемесінің құрылымдық-грамматикалық талдауға, жүйелілікке және тілдік заңдылықтарды терең меңгертуге бағытталғаны айқындалды.

Салыстыру нәтижелері көрсеткендей, Ш. Сарыбаев әдістемесі өз кезеңі үшін жаңашыл әрі тиімді болғанымен, бүгінгі тіл оқыту жүйесі қарым-қатынасқа негізделген коммуникативтік әдістерді кеңінен қолданады. Дегенмен ғалымның жүйелілік, көрнекілік, салыстыру, талдау сияқты оқыту тәсілдері қазіргі әдістемелермен үйлесім тауып, қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері оның әдістемелік ұстанымдарының бүгінгі күнде де өзектілігін сақтайтынын, оларды заманауи білім беру технологияларымен үйлестіре отырып қолданудың тиімді екенін көрсетті.

Осылайша, зерттеу мақсаты орындалды: Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік жүйесі қазақ тілін оқытуда теориялық және практикалық маңызы жоғары тәсілдердің бірі екені анықталды. Ғалымның әдістерін жаңаша бағамдап, оларды қазіргі оқыту үрдістеріне бейімдеу – қазақ тілін меңгерудің тиімді жолдарының бірі болмақ.

### Әдебиеттер

Базарбай Ә., Оразханова М. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. – 2023. – №. 3. – 54-61-бб.

Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: KEMEL KИTAP, 2024. – 355 б.

Күдерина К. Күнделік керектер. Шамғали Сарыбаевтың еңбегі хақында // Qazaq gazetteri, 2018.

Курманалиев К., Сарыбай М. Личность и эпоха // Казахстанская правда, 2023.

Қажет А. Илияс және «Тілші» газеті // Abai.kz ақпараттық порталы, 2019.

Қалимұқашева Б.Д. Шамғали Сарыбаевтың ғылыми-әдістемелік еңбектерінің дидактикалық ерекшеліктері // Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2016.

Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері: фонетика мен морфология. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасы, 1956. – 85 б.

Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері: орфография және сөз таптары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасы, 1959. – 94 б.

Сманов Б. Шамғали Сарыбаев – көрнекті ағартушы, кемел әдебиетші. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2018.

### References

Bazarbai, A., Orazqanova, M. (2023) Qazaq tilinde oqytpaityn mektepterdegі qazaq tilin oqyту adistemesi turaly. Til zhane adebiet: teorijasy men tazhiribesi. №3. B. 54-61. [Bazarbai, A., Orazqanova, M. (2023) On the methods of teaching the Kazakh language in schools that do not teach the Kazakh language. Language and literature: theory and practice. №3. P. 54-61.] (in Kazakh)

Kuderinova, K. (2018) Kundelik kereker. Shamgali Sarybaevting engbegi haqynda. Qazaq gazetteri. [Kuderinova, K. (2018) Kundelik kereker. On the merits of Shamgali Sarybayev. Kazakh newspapers.] (in Kazakh)

Qalimukasheva, B.D. (2016) Shamgali Sarybaevtinnі gylimi-adistemelik engbekterining didaktikalyq erekshelikteri. Halel Dosmuhamedov atyndagy Atyrau memlekettik universitetining Habarshysy. [Kalimukasheva, B.D. (2016) Didactic features of the scientific and methodological works of Shamgali Sarybayev. Bulletin of Atyrau State University named after Khalel Dosmukhamedov.] (in Kazakh)

Qazhet, A. (2019) Ilijas zhane “Tilshi” gazetі. Abai.kz aqparattyq portaly. [Kazhet, A. (2019) Ilyas and the newspaper “Tilshi”. Abai.kz information portal.] (in Kazakh)

Kurmanaliyev, K., Sarybai, M. (2023) Lichnost' i jepoha. Kazahstanskaja pravda. [Kurmanaliyev, K., Sarybai, M. (2023) Personality and epoch. Kazahstanskaya pravda.] (in Russian)

Sarybaev, Sh. Kh. (1956) Qazaq tili metodikasynыng keibir maseleleri: fonetika men morfologija. Almaty: Qazaqyng memlekettik oqu pedagogika baspasy, 85 b. [Sarybayev, Sh.Kh. (1956) Some problems of the methodology of the Kazakh language: phonetics and morphology. Almaty: Kazakh state publishing house of educational pedagogy. 85 p.] (in Kazakh)

Sarybaev, Sh. Kh. (1959) Qazaq tili metodikasynыng keibir maseleleri. Orfografija zhane soz taptary. Almaty: Qazaqyng memlekettik oqu pedagogika baspasy, 94 b. [Sarybayev, Sh.Kh. (1959) Some problems of the methodology of the Kazakh language: spelling and word classes. Almaty: Kazakh state educational pedagogy publishing house, 94 p.] (in Kazakh)

Smanov, B. (2018) Shamgali Sarybaev – kornekti agartushy, kemel adebietshi. Abai atyndagy Qazaq ulttyq



---

pedagogikalyq universiteti. [Smanov, B. (2018) Shamgali Sarybayev – outstanding educator, excellent literary critic. Abai Kazakh National Pedagogical University.] (in Kazakh)

Zhumabaeva, A.E., Uaisova, G.I. (2024) Qazaq tilin oqytu adistemesi: oqy quraly. Almaty: KEMEL KITAP, 355 b. [Zhumabayeva, A.E., Uaisova, G.I. (2024) Methods of teaching the Kazakh language: textbook. Almaty: KEMEL KITAP, 355 p.] (in Kazakh)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.11.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Балаева А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

**TILTANYM**

№2 (98), 2025

*ғылыми журнал*

Жауапты редакторлар: Хабиева А.А., Абаева М.К., Бисенғали А.З.

Техникалық редактор: Байсыдық И.Б.

25.06.2025 басуға қол қойылды.

Пішімі 70x100 1/16. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 15. Таралымы 100.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Қазақстан, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28

ҚР ҒЖБМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

**TILTANYM**

№2 (98), 2025

*научный журнал*

Ответственные редакторы: Хабиева А.А., Абаева М.К., Бисенғали А.З.

Технический редактор: Байсыдық И.Б.

Подписано в печать 25.06.2025.

Формат 70x100 1/16. Офсетное издание.

Условный печатный лист 15. Тираж 100.

Адрес редакции: 050010, Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28

Институт языкознания им.А.Байтұрсынұлы КН МНВО РК

Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

**TILTANYM**

№2 (98), 2025

*scientific journal*

Responsible editors: Khabiyeva A.A., Abaeva M.K., Bissengali A.Z.

Technical editor: Baissydyk I.B.

Signed to the press on 25.06.2025.

Format 70x100 1/16. Offset edition.

Conditional printed sheet 15. Edition of 100.

Editorial office address: 050010, Kazakhstan, Almaty, Shevchenko Str., 28.

A.Baitursynuly Institute of linguistics SC MSHE RK

Phone: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61